

«Нархоз» Университеті

ӘОЖ 336.71:657.1

Қолжазба құқығында

КАСЫМБЕКОВА ГУЛЬЖАХАН РЫСКУЛОВНА

**Екінші деңгейдегі банктердің меншікті капиталының бухгалтерлік
есебі, бақылауының теориясы және әдіснамасы**

6D050800 – Есеп және аудит

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілері:
э.ғ.д., профессор Искаков Ұ.М.
э.ғ.д., профессор Чайковская Л.А.

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2017

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
АНЫҚТАМАЛАР.....	4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	5
КІРІСПЕ.....	6
1 БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕПТІҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ӘДІСНАМАСЫ ЖӘНЕ БАНКТІҢ МЕНШІКТІ КАПИТАЛЫНЫҢ ҚҰНДЫҚ НЕГІЗДЕРІ	12
1.1 Банктің меншікті капитал есебінің қазіргі теориясы мен әдіснамасының даму ерекшеліктері.....	12
1.2 Нарық жағдайларында банктің меншікті капитал есебінің халықаралық стандарттары мен талаптары.....	25
1.3 Банктің меншікті капиталын бақылау және реттеудің құндық негіздері.....	37
Бірінші бөлім бойынша тұжырым.....	53
2 МЕНШІКТІ КАПИТАЛ ЕСЕБІ ЖӘНЕ ОНЫ ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙДЕГІ БАНКТЕРДІҢ БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕБІНДЕ КӨРСЕТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	55
2.1 Банктің жалпы капиталын қалыптастыру бойынша операциялар есебі және капитал жеткіліктілігінің талдауы.....	55
2.2 ҚР-ның екінші деңгейдегі банктерінде меншікті капитал элементтері есебінің ерекшеліктері.....	64
2.3 Банктің бухгалтерлік есептілігінде және бақылауында меншікті капитал жайлы ақпаратты көрсету тәртібі.....	80
Екінші бөлім бойынша тұжырым.....	86
3 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙДЕГІ БАНКТЕРІНІҢ МЕНШІКТІ КАПИТАЛЫНЫҢ БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕБІ МЕН БАҚЫЛАУЫН ЖЕТІЛДІРУДІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ	89
3.1 ҚР екінші деңгейдегі банктерінің меншікті капиталының есебі мен аудитіне қазіргі кездегі қойылатын талаптар.....	89
3.2 ҚР екінші деңгейдегі банктерінің меншікті капиталының динамикасын талдау және модельдеу.....	99
3.3 Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің меншікті капиталының бухгалтерлік есебі мен бақылауының даму перспективалары, олардың банктік тәуекелдердің салдарын төмендетуге әсері.....	118
Үшінші бөлім бойынша тұжырым.....	136
ҚОРЫТЫНДЫ.....	138
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	143
ҚОСЫМШАЛАР.....	152

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған:

«Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметтері туралы» ҚР-ның 31.08.1995 ж. № 2444 Заңы (2015.02.08. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Акционерлік қоғамдар туралы 13. 05. 2003ж № 415-ІІ ҚР-ның Заңы (2015.27.10. берілген өзгерістері мен толықтыруларымен)

«Бухгалтерлік және қаржылық есептілік жайлы» ҚР-ның 28.02.2007 жылғы № 234- ІІІ Заңы

Екінші деңгейлі банктердің және «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ның Бухгалтерлік есепті жүргізуі туралы нұсқаулықты бекіту жайлы ҚР ҰБ Басқармасының 24.12.2007 ж. №152 Қаулысы

«ЕДБ, Қазақстан Даму Банкі, ипотекалық ұйымдарда бухгалтерлік есеп шоттарының Үлгілік жоспарын бекіту туралы» ҚР ҰБ Басқармасының 31.02.2011ж. № 3 Қаулысы (27.07.13 ж толықтыруларымен)

«Ертерек ден қою шаралары мен ЕДБ қаржылық жәй-күйінің нашарлауына әсер ететін факторларын анықтау әдістемесін қолдану қағидаттарын бекіту туралы» ҚР ҰБ Басқармасының 17.06. 2015 ж. 141 Қаулысы.

«ЕДБ арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бағалау жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы ҰБ Басқармасының 26.04. 2014 жылғы № 29 Қаулысы.

«Екінші деңгейдегі банктер үшін пруденциалдық нормативтер есеп айырысуларының нормативтік мәні мен әдістемесі туралы нұсқаулықты бекіту туралы». Қазақстан Республикасы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 30.09.2005 жылғы № 358 Қаулысы (2015.25.02. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен).

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Басқармасының "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 8 мамырдағы №76 Қаулысы.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктердің пруденциалдық нормативтерінің орындалуы туралы есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы " 2015 жылғы 8 мамырдағы №75 Қаулысы.

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

Таза активтер – ұйымның есеп-айырысуға алынған активтер сомасынан оның есеп айырысуға арналған міндеттемелерінің сомасын шегерумен анықталатын шама.

Меншікті капитал – міндеттемелерден бос банктің меншікті мүлкі .

Спрэд – орналастыру және қаражаттарды тартудың пайыздық мөлшерлемелері арасындағы айырмасы.

Нетто - капитал – банктің меншікті капиталының көздерін түзету арқылы анықталған көлемі

Жалпы пайыздық маржа – пайыздық табыстар мен пайыздық шығыстар айырмасының жиынтық активтерге қатынасы.

Таза пайыздық маржа – пайыздық табыстар мен шығыстар арасындағы айырманың қызмет ететін активтерге қатынасы.

Түгендеу – мүлік пен міндеттемелер жөніндегі бухгалтерлік есеп деректерінің олардың нақты жәй-күйіне сәйкестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін бухгалтерлік есеп әдісі. Түгендеу – бұл жылдық есеп жасаудың алдында жүргізілетін даярлық жұмысы.

Динамикалық провизиялар – күтілетін несиелік шығындардың орнын жабуға арналған.

Дефолт – келісім шарттарының бұзылу жағдайы, яғни қарыз алушының несиелік міндеттемелер бойынша төлемдерді 90 күннен астам уақытқа кешіктіруі.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

- ҚР ҰБ – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
ЕДБ – Екінші деңгейдегі банктері
ҚЕХС – Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарты
GAAP – Бухгалтерлік есептің жалпы қабылданған қағидалары
МКӨЕ – банктің меншікті капиталының өзгерістері жайлы есебі
ROE – Капитал рентабельділігі, яғни табыс салығы төленгенге дейінгі жалпы таза кірістің баланстық меншікті капиталға қатынасы
ROA – Активтер рентабельділігі, яғни табыс салығын төлеуге дейінгі ұйымның таза кірісінің жиынтық жалпы активтеріне қатынасы таза кірістің (табыс салығын төлегенге дейінгі) жалпы жиынтық активтерге қатынасы
CAMELS – банктік рейтингтер жүйесін есептеу әдістемелігі
AIRB – ЕДБ нормативті капитал көлемін есептеудің ішкі рейтингтерге негізделген әдісі
IBNR (Incurent not defoltd lost) – дефолттық емес қарыздар бойынша құрылатын провизиялар
Financial Stability Board – қаржылық тұрақтылық Кеңесі
LGD– дефолт болған жағдайдағы зиян көлемі
EAD– дефолт болған жағдайдағы тәуекел сомасы
PD– дефолт ықтималдылығы
ҚҚС – қосылған құн салығы
% – процент
ҚЖО - қаржылық жауапкершілік орталықтары
ЖІӨ – жалпы ішкі өнім
ЖҚБ – жүйе құраушы банктер
Барл – барлық банктер үшін

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Банктік қызметті жетілдіру және екінші деңгейдегі банктер дамуының негізгі бағыттарын анықтау қоғамның қазіргі экономикалық дамуының маңызды мәселелерінің бірі. Несиелік ұйымның қаржылық нәтижелері, экономиканы несиелеу мүмкіндіктері, клиенттерге кең ауқымда қызметтер көрсету қабілеті көбінесе меншікті капиталының көлемі, оның құрылымына тікелей байланысты. Екінші деңгейдегі банктердің меншікті капиталын басқаруға, оның бухгалтерлік есебін жүргізу және бақылауға банктік қызметті қадағалаудың Базель комитеті де аса назар аударады. Банктің жиынтық пассивтеріндегі үлес салмағы жоғары болмағанымен (12-16%), меншікті капитал банктің сенімділігі мен тұрақтылығының негізі болып табылады. Қадағалау органдары тарапынан екінші деңгейдегі банктердің меншікті капиталының жеткіліктілігінің стандарттарын орындауға қойылатын қатаң талаптары банк жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасы Елбасының «Қазақстан-2050 Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің алдағы саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында біздің мемлекеттің экономикалық дамуының негізгі қағидалары бекітілді. Қазақстанның дамыған елдер қатарына кіруі - банк жүйесінің экономиканың негіз қалаушы салалары ретіндегі рөлін арттыруды талап етеді. Осы бағдарламаға сәйкес отандық екінші деңгейдегі банктердің негізгі мақсаты - ел экономикасының нақты секторын несиелік ресурстармен қамтамасыз ету. Бұндағы негізгі мәселе: үмітсіз несиелер үлесін азайту, екінші деңгейдегі банктердің жеткілікті ресурстар қалыптастыруы [1].

Осыған орай банк жүйесіндегі негізгі мәселелердің бірі – банк капиталының жеткіліктілігі мен адекваттылығы.

Аталған бағдарламаның басымдықтарына сәйкес екінші деңгейдегі банктер меншікті капитал қалыптастыруда капитал есебі мен бақылауға үлкен мән берулері керек. Банктің меншікті капиталының есебі және бақылауына тұрақты мониторинг жүргізу осы қызметті дамытып, жетілдіруге мүмкіндік береді.

Екінші деңгейдегі банктердің меншікті капиталы банк жүйесінің сенімділігінің көрсеткіші болып табылады, сонымен қатар ол банктің табысты қызмет етуін және оның өз міндеттемелерін орындай алу мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді. Тартылған қаражаттармен қатар меншікті капитал екінші деңгейдегі банктердің ресурстарының маңызды көздерінің бірі болып табылады.

Меншікті капиталдың банк қызметіндегі маңызы өте зор деп айтуға болады. Өйткені, банк ашу кезінде акционерлердің қосқан үлесінен құрылған меншікті капитал банк қызметін ұйымдастыруда, сонымен қатар банк қызметін кеңейтуде бастапқы және ең негізгі қызметті атқарады.

Соңғы жылдарда жиі болып тұратын банктердің қаржылық тұрақсыздықтары мен банкроттылық жағдайларының негізгі себептерінің бірі – жалпы меншікті капитал көлемінің жеткіліксіз болуы, яғни меншікті капитал

есебі мен бақылауының төмен деңгейде ұйымдастырылуы. Негізінен банк капиталының жеткіліктілігі сандық көрсеткіштермен қатар сапалық көрсеткіштермен де анықталады, капитал адекваттылығы банктің ішкі және сыртқы тәуекелдер факторларына төтеп бере алу қабілетін білдіреді.

Тақырыптың ғылыми зерттелу деңгейі. Банктің меншікті капиталының құрылымын басқарудың теориялық негіздері мен оны басқару сапасын бағалауға келесі шетел экономист-ғалымдардың еңбектері арналған И.А. Бланк., П. Роуз., Дж. Синки., Ж. Сэй., Антипова О.П, Киселев В.В, Косой А.М, Копченко Ю.Е, Кравцова С.Ю, Лаврушин О.И, Михайлов А.Г, Миловидов В.Д, Ларионова И.В, О.Г. Ольхова, Проскурин А.М, Симановский А.Ю, Усоскин В.М, Черкасов В.Е және отандық ғалымдар Т.Т. Тулебаев, А.А Нұрымов, Д.М. Мәжітов, Ғ.С. Сейтқасымов, Ұ.М. Исаков, И.И. Исаев, Н.Н. Хамитов, Шелекбай Ә.Д., Әлмерекөв Н.А., Саниев М.С., А.Е. Жексембина өз еңбектерінде осы мәселелерді зерттеген.

Сонымен қатар банктің меншікті капитал есебі және оны бақылау ерекшеліктерін анықтау бағытында Э.А. Аренс, И.Ф. Шер, Э.С. Хендриксен, Л.Б. Айманова, Ж.И. Айтжанова, М. Метьюс, Б. Нидлз, В.К. Радостовец, Арзыбаев А.А., С.С. Сатыбалдин, К.Т. Тайгашинова, Г.К. Төлешова, С.Т. Миржакыпова, А.С. Джондельбаева, Н.Г. Чумаченко, А.Д. Шеремет және т.б. авторлардың еңбектерін атап кетуге болады.

Осы саладағы ғылыми тәжірибені ескере отырып, көптеген басылымдарда банктік қызметті жүргізумен байланысты мәселелердің кейбір жақтары ғана қарастырылған деп айтуға болады. Екінші деңгейдегі банктердің қызметтерін реттеудің жаңа талаптарына байланысты меншікті капиталды қалыптастыру ерекшеліктері, негізгі және қосымша капиталдардың құрамы, банктің меншікті капиталының есебі мен оны басқаруға сәйкес теориялық, тәжірибелік, әдістемелік тұрғыдан зерттеулерді қажет ететін көптеген сұрақтар жеткілікті.

Аталған тақырыптың өзектілігі, банктің меншікті капиталының бухгалтерлік есебі, және капитал қалыптастыру, оны басқару мәселелерінің толық ғылыми қарастырылмағандығы диссертациялық жұмыстың тақырыбын, мақсаттары мен міндеттерін белгілеуге себеп болды.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты екінші деңгейдегі банктердің меншікті капиталының есебі, аудиті және бақылауын жетілдіру бойынша ғылыми және тәжірибелік ұсыныстар дайындау болып табылады.

Зерттеу жұмысының міндеттері:

- «банктің меншікті капиталы» категориясының қолданыстағы стандарттар және ғылыми зерттеулер базасына сәйкес мәні мен теориялық мазмұнын нақтылау;

- банктің меншікті капиталының бухгалтерлік есебі, аудиті және бақылауының тәжірибесін зерттеу, жинақтап қорыту, сонымен қатар бухгалтерлік есеп жүйесінің меншікті капиталдың банктің есептілігінде мойындалуы мен көрсетілуіне әсерін анықтау;

- екінші деңгейдегі банктердің меншікті капиталының бухгалтерлік есебі мен бақылауы жүйесін дамыту бойынша оны қалыптастырудағы қазіргі тенденцияларды көрсететін ұсыныстар дайындау және негіздеу;

- аудиторлық стандарттарды, шетелдік және отандық тәжірибені жинақтап қорыту негізінде екінші деңгейдегі банктердің меншікті капиталының аудитін жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындау;

- екінші деңгейдегі банктердің меншікті капиталының қалыптасуы және өсуіне ықпал ететін көпфакторлы мультипликативті модель дайындау.

Зерттеу объектісі Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің меншікті капиталының бухгалтерлік есебі мен бақылауының әдіснамасы болып табылады.

Зерттеу пәні ретінде екінші деңгейдегі банктердің меншікті капиталының бухгалтерлік есебі мен бақылауын жүргізу үдерісінде пайда болатын экономикалық - ұйымдастырушылық қатынастар жиынтығы алынды.

Зерттеу әдіснамасы мен әдістемесі. Зерттеу әдістемесі болып отандық және шетелдік ғалымдардың бухгалтерлік есеп, қаржы-экономикалық талдау мен бақылау саласындағы еңбектері, Қазақстан Республикасы заңдары, ҚР Президенті Жарлықтары, ҚР Үкімет Қаулылары, Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің нормативті актілері және басқа да меншікті капитал қалыптастыру мен қолдану, сонымен қатар оның элементтерін қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес бағалау мәселелеріне қатысты нормативтік құжаттар табылады. Диссертациялық жұмысты орындауда негізгі ғылыми әдістер және тәсілдер пайдаланылды: диалектика заңдары, индуктивті және дедуктивті көзқарас, топтастыру тәсілдері, баланстық әдіс, экономикалық талдау әдістері, деректерге статистикалық өңдеу әдістерін қолдану, синтез және жинақтап қорыту, графикалық әдістер және математикалық-статистикалық әдістер.

Диссертациялық жұмыстың нормативтік-құқықтық және ақпараттық базасы ретінде Қазақстан Республикасының есеп және бақылау бойынша нормативті актілері, қаржылық есептілік пен аудиттің халықаралық стандарттары, банктік қадағалау мен реттеудің Базель комитетінің материалдары, ҚР-ның аудит, бухгалтерлік есеп саласындағы нормативті құжаттары, аудиторлық стандарттар қолданылды.

Зерттеу жұмысында Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің статистикалық бюллетеньдері, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің мәліметтері, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Алматы қаласындағы департаментінің ресми мәліметтері, қазақстандық екінші деңгейдегі банктердің қаржылық есептері ақпараттық база болып табылады.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы банктің меншікті капиталын есепте көрсету, бақылауының қағидалары жайлы теориялық және әдістемелік негіздерін дамыту, сонымен қатар меншікті капиталды басқару және бухгалтерлік есептілікті сырттан қолданушылар үшін ұсынылатын ақпараттың сапасын жоғарылату мақсатында ЕДБ меншікті капиталының бухгалтерлік есебі, бақылауының әдістемелік құралдарын жетілдіру болып табылады.

Ғылыми жаңалықтың мазмұны ретінде келесілер ұсынылады:

– «банктің меншікті капиталы» түсінігіне оның құрылымындағы барлық өзгерістерді ескеруге және есеп объектісі ретіндегі оның элементтерінің өзектілік және сенімділік, толықтылық және бейтараптық, салыстырмалылық және тексерімділік, деркезділік және түсініктілік сияқты базалық және кеңейтілген сипаттамаларға сәйкес көлемін анықтауға мүмкіндік беретін авторлық анықтама ұсынылды;

– екінші деңгейдегі банктердің меншікті капиталының қалыптасуы және өзгеруі, бухгалтерлік есеп пен бақылауын жүргізу бойынша ҚЕХС талаптарына сай «банктің меншікті капитал» түсінігінің жеткіліктілігіне баға беретін кейбір ережелері жүйеленді;

– меншікті капиталды басқару үшін бухгалтерлік есеп пен бақылау тәжірибесін бағалау және талдаудың ақпараттық база ретіндегі әдіснамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындалды;

– ішкі бақылаудың әділдігі мен сапасын жоғарылатуға мүмкіндік беретін банктің меншікті капиталының ішкі аудитін жүргізудің кезеңділігі мен оның күшейтілуі ескеріле отырылып, аудиторлық тексерудің тереңдетілген және кеңейтілген әдістемелігі әзірленді;

– банктердің меншікті капиталының көбеюі мен оны қалыптастыруға ықпал ететін элементтердің көпфакторлы мультипликативті моделі негізінде екінші деңгейдегі банктердің капитализациялануын арттыру бойынша тәжірибелік ұсыныстар берілді.

Қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдамалар:

– банк жүйесі дамуының қазіргі кезеңдегі ерекшеліктерін ескере отырып меншікті капиталдың экономикада қалыптасқан тұжырымдамалық негіздерін ҚЕХС талаптарына бейімдейтін теориялық ұсыныстар тереңдетіліп, дамытылды, сонымен бірге банктің меншікті капиталының авторлық анықтамасы берілді;

– меншікті капитал есебі мен бақылауының бухгалтерлік ақпараттық қамтамасыз ету жүйесін дамыту бойынша ҚЕХС-на сай есеп объектісінің базалық және кеңейтілген сапалық сипаттамаларына қойылатын талаптар негізінде бухгалтерлік есептілікте меншікті капитал жайлы ақпарат қалыптастыруға көзделген басты бағыттары негізделіп, әзірленді;

– екінші деңгейдегі банктерге жарғылық капиталды қалыптастырумен, оның өзгеруімен байланысты шығындардың жалпы сомаларын реттеу және төмендетуге мүмкіндік беретін жарғылық капитал бойынша шығындардың жіктемесі және оларды оқшау түрде синтетикалық және аналитикалық есепте жүргізу бойынша әдістемелік ұсынылды;

– банктің меншікті капиталын аудиторлық тексерудің әдістемелігін күшейтуге бағытталған аналитикалық және аудиторлық процедураларды біріктіретін нақты ұсыныстар ұсынылды;

– банктердің қаржылық тұрақтылығын экономикалық мүдделер тепе-теңдігін сақтай отырып қамтамасыз етуге ықпал ететін көпфакторлы мультипликативті модель құру негізінде банктің меншікті капиталының рентабельділігіне көрсеткіштердің әсер етуі айқындалды.

Диссертацияның теориялық және тәжірибелік нәтижесінің маңыздылығы ҚЕХС және ХАС сәйкес меншікті капиталдың есебі, бақылауы және аудитінің теориясы және әдіснамасын жетілдіруге бағытталған ұсыныстарды негіздеуде, сонымен қатар зерттеу нәтижелерін отандық екінші деңгейдегі банктердің қаржылық тұрақтылығы мен бәсекеге қабілеттілігін күшейту мақсатында қолдану мүмкіндігінде болып табылады.

Диссертациялық зерттеудің екінші деңгейдегі банктердің меншікті капиталын қалыптастыру және тиімді қолдану деңгейіне әсер ететін жүйелендірілген факторлары бойынша нәтижелері «Еуразиялық банк» АҚ-ның бизнесті стратегиялық жоспарлау және дамыту Департаментінің жұмыс барысында қолдану мақсатында енгізілді (2016 жылдың 28 қарашасындағы № 25-007/23312 енгізу акті).

Зерттеудің ережелері мен қорытындылары, атап айтқанда, жұмыста ұсынылған екінші деңгейдегі банктердің жарғылық капиталының өзгеруімен байланысты шығындар жіктелімі «Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың тұжырымдамасы - 2030» бағдарламасының «Банк секторының тиімділігін арттыру» атты екінші міндетін іске асыруда қолданылуы мүмкін.

Зерттеу жұмысында ұсынылған банктің меншікті капиталын аудиторлық тексерудің әдістемелігі екінші деңгейдегі банктерде аудиттің негізгі бағыттарын жүйелеуге бағытталған нақты процедураларды біріктіреді. Бұл әдістеме банктердің қалыпты деңгейде жұмыс жасауларын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар кешенін әзірлеуде қолданылуы мүмкін. Бұндай көзқарас «Қазақстан-2050 Стратегиясы», ҚР Президентінің Жолдаулары бағдарламалық құжаттарының орындалуына сәйкес келеді, себебі бұл құжаттарда банктердің балансын «сапасыз несиелерден» тазарту және банк капиталын құрылтайшылар есебінен толықтыру қажеттілігі жайлы айтылған. Сонымен бірге «аудиторлық компаниялардың жауапкершілігін арттырып, акционерлердің ашықтығын қамтамасыз ету, ұжымдық басқаруды жақсарту» туралы басымды түрде айтылған.

Диссертациялық жұмыстың тәжірибелік материалдары ЖОО оқу үдерісінде «Банктегі бухгалтерлік есеп», «Банк ісі», «Банктік менеджмент» «Банктік қадағалау және аудит» пәндері бойынша дәрістер, практикалық сабақтар жүргізуде қолданыс табуы мүмкін.

Жұмыстың мақұлданыуы және жүзеге асырылуы. Диссертациялық жұмыстың негізгі теориялық және тәжірибелік нәтижелері, ғылыми қорытындылары мен ұсыныстары халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда, дөңгелек стөлдерде баяндалып, талқыланды: «Банк капиталының экономикалық ролі» (Алматы, 2009), «Акционерлік банктердің ресурстық базасын қалыптастыру ерекшеліктері» (Алматы, 2010), «Банктің тартылған капиталы және оның құралу көздері» (Алматы, 2012), «Банктің қосымша капиталы: құрамы және оның реттеу қызметі» (Алматы, 2012), «Банк капиталының жеткіліктілігін бағалау және оны пайдалану тиімділігіне талдау» (Алматы, 2014), «Банктің меншікті капиталы оның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету құралы ретінде» (Алматы, 2014), «Банк капиталының

жеткіліктілігінің Базель стандарты және проблемалары» (Алматы, 2014), «Резервтік капитал есебі және банктік капиталдың базельдік стандарттарының эволюциясы» (Өскемен, 2015), «Анализ динамики собственного капитала банков второго уровня РК» (Кыргызская Республика г. Чолпон-Ата, 2015), «Екінші деңгейдегі банктердің меншікті капиталының жеткіліктілігін бағалау мен есебі» (Алматы, 2014), «Екінші деңгейдегі банктердің меншікті капиталының бухгалтерлік есебі мен бақылауын ұйымдастыру ерекшеліктері» (Алматы, 2015), Analysis of equity capital structure in second-tier banks of the Republic of Kazakhstan» (Алматы, 2016), «Organization of equity accounting in second-tier banks of Kazakhstan and its control» (Украина, Киев, 2015), «Современные требования к учету и аудиту собственного капитала банков второго уровня РК» (Англия, Шеффилд, 2016).

Басылымдар. Зерттеудің негізгі нәтижелері жалпы көлемі 6,77 б.б. тұратын 15 ғылыми еңбектерде жарияланған. Соның ішінде 1 мақала Scopus компаниясының деректер базасына кіретін халықаралық ғылыми журналда, 3 мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынатын ғылыми басылымдарда және 10 мақала халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар баяндамалары тезистері ретінде, соның ішінде 2 мақала шет елдерінде.

«Банк ісі» атты авторлар ұжымының оқулығы жарыққа шықты, жалпы редакциясын басқарған: ҚР еңбегі сіңген қайраткер, э.ғ.д., профессор Ұ.М.Искаков. – Алматы: Экономика, 2013, автордың басылым беттерінің көлемі 17,4 б.т.

Жұмыстың құрылымы мен көлемі. Диссертацияның құрылымы жүргізілген зерттеудің мақсаты, міндеттеріне сәйкес кіріспе, үш бөлім, қорытынды, қолданылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Диссертацияның жалпы көлемі 157 бет, 30 кесте, 10 сурет және 24 формулалардан тұрады.

1 БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕПТІҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ӘДІСНАМАСЫ ЖӘНЕ БАНКТІҢ МЕНШІКТІ КАПИТАЛЫНЫҢ ҚҰНДЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Банктің меншікті капитал есебінің қазіргі теориясы мен әдіснамасының даму ерекшеліктері

Банк капиталы банктің төлем қабілеттігінің көрсеткіші ретінде қолданылады. Сондықтан банк қызметтерін қадағалаудың негізгі бағыттарының бірі несиелік ұйымдардың меншікті капиталының көлемі жайлы толық шынайы ақпарат алу.

Көптеген елдерде капитал көлемінің ең төменгі мөлшерінің нормативы қолданылады, капитал жеткіліктігі әрдайым қадағалау органдарымен реттелініп отырады. Капитал жеткіліктігі Базель комитетінің талаптары бойынша банктің ақшалай ресурстары мен барлық активтерін тәуекел деңгейі есептелгендегі баланстан тыс міндеттемелерімен салыстыру арқылы анықталады.

Банктер үшін меншікті құралдар көрсеткіші таза активтер құнының көрсеткішіне сәйкес келеді. Сонымен бірге банк капиталының көрсеткіші банк құнын нарықтық бағалаудың негізгі факторы болып табылады.

«Капитал» термині экономикалық әдебиеттерде және кәсіпкерлік тәжірибеде ең жиі кездесетін, мәні көптеген жылдар бойы ғалымдармен зерттеліп келе жатқан экономикалық және есептік категориялардың бірі. Шетелдік терминдер сөздігінде «капитал» латын сөзі «capitalis» – «негізгі» деген ұғымды білдіреді [2].

Ең бірінші рет «капитал» термині біздің эрамызға дейінгі IV ғасырда Ежелгі Греция философы Аристотельмен еңгізілгені айтылады.

Экономикалық ойдың дамуымен байланысты «капитал» түсінігінің мазмұны бірнеше рет өзгеріп, капиталдың әр түрлі баламалары болды.

Мысалы, Лука Пачолидің «Шоттар мен жазбалар» туралы трактатында ұйымның меншікті капиталы шотының толық мәні берілмеген, себебі ол кезде ұйым мен саудагер-қожайынның иесіндегі меншігі бөлінбеген болатын, яғни ұйымдағы оның үлесі анықталмаған [3].

Итальян ғалымы Ди Пиетро меншік иесі мен кәсіпорын капиталдарын бірінші рет бөліп көрсетті, капитал есебіне арналған шотты атап, сонымен қатар капитал шоты кәсіпорынның иесі алдындағы кредиторлық қарызын көрсететінін айтты [4, с. 73].

Келесі итальян ғалымы Д.А. Москетти пайдалар және залалдар шотын капитал шотының элементтері ретінде қарастырады [5, с. 26].

Француз Матье дела Порт шоттарды үш топқа бөледі:

1) меншік иелерінің шоттары (капитал, пайдалар және залалдар шоты) – капиталдың экономикалық қозғалысын көрсетеді;

2) мүлік шоттары – шаруашылық қызметті орындайды, яғни жабдықтау, өндіріс және дайын өнімді сату үдерісіндегі физикалық капиталдың қозғалысын көрсетеді;

3) корреспонденттер шоттары (есеп-айырысу шоттары) – компания мүлкіндегі үшінші тұлғалардың құқықтары мен міндеттемелерін көрсетеді, яғни бұл шоттар құқықтық қызмет атқарады. «Меншік иесі шоттары мен

мүлкінің сальдосы корреспонденттер шоттарының сальдосына тең» ережесі анықталды [5, с. 27].

Баррем Б.Ф. соңғы қаржылық нәтиже жайлы ақпарат қалыптастыру үшін «пайдалар және залалдар», «капитал», «қорытынды баланс» шоттарын қолдану мүмкіндігін көрсетті. Ол ағымды нәтижелерді пайдалар және залалдар шотына, ал күтілмеген кездейсоқ табыстар мен шығыстарды капитал шотына жатқызуды ұсынды [4, с. 98].

Адам Смит және Давид Рикардо капиталды жинақталған еңбекке теңейді. Олардың ойынша капиталдың жинақталуы өндірістің өсуінің негізгі шарты болып табылады. Адам Смит өндіріске арналған және табыс әкелетін қорлардың бір бөлігін капиталға жатқызады. Оның ойынша жай тауар өндірісі кезіндегі еңбек құнның негізгі қайнар көзі болып табылады .

«Үш фактор теориясы» еңбегінде Ж. Сэй құн қалыптасудағы өндірістің негізгі факторлары еңбек, капитал және жерді айрықша бөліп көрсетеді. Оның ойынша капитал пайда мен процентті, еңбек – жалақыны, ал жер – рентаны жасауға әсер етеді [6].

Бухгалтерлік есеп жүйесіне капиталдың өз бетінше бөлек есебіне арналған шотты енгізудің экономикалық қажеттілігі XVIII-XIX ғасырда сауданың дамуымен байланысты өндірістің кеңеюі және экономикалық ақпараттың көбеюі салдары ретінде пайда болды. Дәлірек айтқанда, біздің ойымызша, бухгалтерлік есеп ақпараттық жүйе ретінде ұйым иесінің ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады, яғни бухгалтерлік есепті ең алдымен, ұйымның экономикалық қызметінің ақпараттық қамтамасыздығы ретінде, содан кейін ақпараттық-талдау қамтамасыздығы ретінде қарастыру керек.

Сонымен, аталған кезеңдегі экономикалық ойдың дамуы есеп жүйесінің тәжірибесінде «Капитал» шотының бухгалтерлік есептің «шоттар және екі жақты жазу» әдісінің негізгі элементі ретінде пайда болып, орын алуына әкелді. Бұдан былай «Капитал» шоты есеп жүйесінің негізі ретінде көптеген шаруашылық операцияларды көрсетуде қолданыла бастады [7].

Бухгалтерлік есептегі капитал жайлы білімдердің дамуына үлкен үлесін қосқан неміс ғалымы И.Ф. Шердың еңбегін атап өтуге болады. Шердың ойынша, меншікті капитал бағасын келесі формула арқылы көрсетуге болады:

$$\text{Активтер} - \text{міндеттемелер} = \text{капитал} \quad (1)$$

Бухгалтерлік есептің толыққанды теориясы зерттелетін «Бухгалтерия және баланс» еңбегінде И.Ф. Шер баланстың негізі ретінде капитал теңдеуін алады, ал балансты капитал айналысының кезеңдерін көрсететін құрал ретінде түсіндіреді [8].

Атақты бухгалтерлік есеп ғылымын зерттеуші Раймонд де Рувердің айтуынша капитал түсінігі шот жүргізуге бірнеше қатысушылардың қаражаттарының оқшауланған есебін жүргізу қажеттілігіне байланысты еңгізілгенін айтады. Оның ойынша екі жақты жазу әдісі капитал шотының пайда болуына тікелей байланысты [9].

К. Маркс капиталды қосымша құн әкелетін құн ретінде қарастырады [10]. Екінші деңгейдегі банктің коммерциялық қызметінің негізгі мақсаты – пайда табу, яғни қосымша құнның пайда болуы. Сонымен қатар К.Маркс капитал өзінен өзі көбею үшін, ол әрдайым қозғалыста болу керектігін айтады.

Қазіргі экономикалық ғылымда капитал абстрактілі өндіріс күші және проценттердің қайнар көзі ретінде қарастырылады, яғни өз иесіне ұзақ уақыт бойы тұрақты табыс әкелетін затты капитал деп атауға болатыны айтылады. Капитал салымдарының қайнар көзі жарғы капиталы, қосымша капитал, ұзақ мерзімді (займдар) және басқа да пассивтер (несие берушілермен есеп айырысу) болып табылады [11].

Американдық экономистер Пол А. Самуэльсон, Вильям Д. Нордхаус капиталды көптеген тауарлар мен қызметтерді өндіру мақсатында құрылатын ұзақ мерзімді ресурс деп анықтайды. Олар ғимараттар, машиналар, жарақтар, станоктар, қорлар мен адам капиталын физикалық капитал түрінде алады [12].

Ал Р. Дорнбуш және т.б. экономистер капиталды ақша, іскерлік әлемнің әмбебап тауары деп қарастырады [13].

Біз өз зерттеулерімізде экономикалық теорияның классикалық бағытының капитал жайлы жалпылама сипаттамасын, яғни банктің меншікті капиталының пайда болуын және экономикалық мәнін ашу үшін К. Маркстің капитал жайлы еңбектерін қолдану керек деп санаймыз. К. Маркс өз зерттеулерінде өнеркәсіп капиталының ақшалай, өндірістік және тауарлы формаларын қарастырады. Қоғам дамуының белгілі бір сатысында капиталдың тауарлы және ақшалай формасы оқшауланып, сауда және қарыз капиталы, содан кейін бағалы қағаздарға салымдар ретіндегі жалған капитал пайда болады.

Банк капиталы деп К. Маркс қарыз капиталының белгілі дамуын алады, яғни банк капиталының пайда болуының бастапқы формасы, оның айтуынша, қарыз капиталы болып табылады. Өз кезегінде қарыз капиталының пайда болу себебі өнеркәсіп және сауда капиталистерінің меншікті капиталмен қатар сырттан тартылған капитал қолдануына байланысты. Өндіріс дамуының капиталистік тәсілінің белгілі бір кезеңінде бос ақша құралдарын өз қолдарында шоғырландыратын капиталистердің ерекше тобы пайда болады, бұлар ақша құралдарын уақытша қолдануға қызмет ететін капиталистерге береді. Осының нәтижесінде капиталдың ерекше формасы ретіндегі қарыз капиталы қалыптасады.

Қарыз капиталы өндіріске немесе саудаға салынғандықтан пайда әкелетін өнеркәсіп және сауда капиталдарынан ерекше, өзінен өзі өсетін, яғни бір субъектінің меншігі болғандықтан пайда әкелетін капитал болып табылады. Капитал ретінде меншік өз иесінен толық кетіп қалмайды, ол белгілі бір уақыттан кейін өз иесіне қайтып оралады. Сонымен қатар қарыз капиталы өз иесіне процент ретіндегі пайданы әкеледі.

Қарыз капиталының келесі ерекшелігі – ерекше товар формасы. К. Маркстың айтуынша өзінен өзі өсетін құн ерекше тауар ретінде өзінің иесіне пайда әкеледі. Сонымен қатар қарыз капиталы сауда-өнеркәсіп капиталистеріне де пайда алуға мүмкіндік береді. Осының нәтижесінде ақша нақты қызмет ететін капиталға айналады.

Кейінірек банктер пайда болғанда ақша капиталисті ақшаларды қызмет ететін капиталисттерге банк арқылы ұсынады, яғни банктік капитал пайда болады. К. Маркстың айтуынша банкир өнеркәсіп капиталистеріне барлық ақшаларды, барлық қоғамдық капиталды тапсырады. Сондықтан осы жерде өндірістің қоғамдық сипаты мен иеленудің жеке сипаты арасындағы қарама-қайшылық күшейе түседі. Банкирдің әрекетінен капитал қоғамдық сипатқа ие болады. Осыны банктік капитал категориясы толық айқындап береді. Ал, банктік жүйе капиталдың құрамын өзгертеді. Банктердің арқасында өнеркәсіпте, саудада қолданылмай қалған, яғни шаруашылық субъектілерінің, сонымен қатар халықтың уақытша бос ақшалай құралдары өздерінің қосымша тұтыну құндарын іске асыру мүмкіндіктерін алады.

Банк акциялары меншікті капитал ретінде оның таза құнын білдіреді, ал иелері үшін акциялар активтер болып табылады [14].

Біздің ойымызша, банк тауар өндіргенімен, ол ерекше банктік өнімдер ұсынатын мекеме болып табылады. Сондықтан банктік капиталдың қарыз капиталынан айырмашылығы – ол делдалдық сипатымен қатар өндірістік сипатқа да ие болады.

Қазіргі қоғамда екінші деңгейдегі банктердің көптеген операциялары белгілі. Олар ақша айналымын және несиелік қатынастарды ұйымдастырумен қатар халық шаруашылығын қаржыландыру, бағалы қағаздарды сату мен сатып алу, делдалдық мәмілелер бекіту және мүлікті басқаруды, көптеген мәселелер бойынша кеңестер беруді іске асыра алады. Банктік операциялар жүргізу үшін банктің арнайы рұқсаты (лицензиясы) болу керек.

Банктік өнімдер өндіру кәсіпорындардың, екінші деңгейдегі банктердің, орталық банктің қолма-қол ақшаларын немесе бухгалтерлік жазбалар және төлем - есеп айырысу құжаттарын қолданумен іске асырылады, яғни халықтың ерекше назар аударатын мәселелерінің бірі. Сондықтан банктің қызметі клиенттердің сенімділігіне тікелей тәуелді деп айтуға болады және осы сенімділікті нығайтуда банк капиталының маңыздылығы өте жоғары.

Демек, екінші деңгейдегі банктер ұсынатын өнімдердің ерекшелігі бір жағынан қызмет көрсету саласымен, екінші жағынан – банктік капиталдың құралу ерекшеліктерімен сипатталады. Банктік өнімді өндіру және сату кезінде капитал ақшалай формада тауар түріне ауысады (банктік өнімді сату), тұтыну құнын өткізіп (клиенттердің талаптарын қанағаттандыру) және қосымша құн қалыптастырады (банк мүдделерін орындау).

Сондықтан, екінші деңгейдегі банктер ерекше банктік өнімдер өндіретін кәсіпорын деп айтуға болады. Банк капиталының жалған капиталдан айырмашылығы оның өнімге, яғни банктік қызметке ауыса алатындығында. Капиталдың қозғалысы банктік капиталды ақшадан тауарға (банктік өнімге) және қайтадан тауардан ақшаға ауысуына әкеледі.

Демек, қарыз капиталынан пайда болатын банктік капитал қызмет атқара алатын, яғни өндірістік болып табылады. Капиталдың осы ерекшелігі банктің меншікті капиталының мәні мен оның қызметтерін анықтауда маңызды.

Банктің меншікті капиталының рөлін оның қалыптасу ерекшеліктеріне сүйене отырып, мәні мен қызметтерін ескеру арқылы анықтауға болады.

Дегенмен, ғылыми басылымдардың басым көпшілігі банктің меншікті капиталын ресурс немесе банктік қызметті қаржыландыру көзі ретінде қарастырады. Кез-келген коммерциялық кәсіпорын өзінің қызметін меншікті ресурстық база қалыптастырудан бастайтыны анық. Екінші деңгейдегі банктер қызмет ету үшін олардың иелігінде белгілі ақшалай қаражаттары болу керек. Меншікті капиталды қалыптастыру банкке қаржы нарығының субъектісі ретінде іс-қимылдар жасауға мүмкіндік береді. Банктің меншікті капиталы оның көлемін, кәсіпкерлік қызметін іске асыру мүмкіндіктерін белгілейді. Банктің меншікті капиталы оның ресурсы және банк қызметін қаржыландыру көзі болып табылады. Алайда, осы айтылғандардың ешқайсысы банктің меншікті капиталының мәнін ашып, оның банк қызметіндегі маңыздылығын көрсете алмайды. Себебі банктің меншікті капиталының мәнін толық сипаттайтын анықтамасы әлі күнге дейін жоқ деп айтуға болады. Екінші деңгейдегі банктің «меншікті капиталы» терминіне бірнеше көзқарастар қалыптасқан. Атап айтатын болсақ: әдістемелік көзқарас, яғни құрылымдық және функционалды; мәндік көзқарас, яғни ресурстық және құндық.

Құрылымдық көзқарас банктің меншікті капиталы ретінде «банктің қаржылық тұрақтылығын және коммерциялық қызметін қамтамасыз ету үшін құрылған әр түрлі қорлар, сонымен қатар бөлінбеген пайданы» қарастырады [15].

Бұндай сипаттама банк қызметінің ерекшелігін ескермейді, оны кез-келген кәсіпорынның меншікті капиталын сипаттауға қолдануға болады.

Екінші деңгейдегі банктердің меншікті капиталын ҚР ҰБ осы құрылымдық көзқарас негізінде «банктің меншікті капиталын бірінші және екінші деңгейдегі капиталдардың жиынтығы» деп есептейді. Аталған қаулыға байланысты екінші деңгейдегі банктердің капиталы есептік көрсеткіш ретінде жарғылық капиталдан, эмиссиялық табыстан, өтеусіз алынған мүліктен, құрылған қорлардан, ағымды жылдың пайдасынан, бағалы қағаздардың құнсыздануына резервтерден және т.б. қаржылардан тұрады [16].

Құрылымдық көзқарасқа негізделген кейбір анықтамалар баланстағы баптардың банк иелеріндегі меншікті үлестерін ғана көрсетеді. В.В. Киселев банктің меншікті капиталына келесі анықтама береді: «Банк капиталы – банк иелерімен салынған қаржылар; жарғылық және басқа қорлар; резервтер; сонымен қатар бөлінбеген пайда» [17].

Банктің меншікті капиталына осы анықтаманы Питер Роуз да берген [18].

Г.Г. Коробованың жетекшілігімен дайындалған «Банковское дело» оқулығының авторлары: «Банктің меншікті капиталы – міндеттемелерден бос банктің меншікті мүлкі» деп белгілейді [19, с. 106].

Бұл жағдайда банктің меншікті қаражаттары мен меншікті капиталы бір түсінік ретінде қарастырылады. Банктік тәжірибеде банктің меншікті қаражаттары оның меншікті капиталына толық сәйкес келе бермейді. Мысалы, банктің меншікті қаражаттарына оның ішкі қызметінің нәтижесінде пайда болған пассивтердің барлығы жатады, бірақ осы пассивтердің барлық баптары түгелімен меншікті капитал болмауы мүмкін. Бұл жердегі негізгі мәселе – меншікті қаражаттардың банктік қызметті қаржыландыру көзі ретіндегі

меншікті капиталдан айырмашылығын анықтау. Функционалды көзқарас банктің меншікті капиталын есептеу жолымен анықталатын меншікті, сонымен қатар тартылған құралдардың экономикалық мазмұны бойынша банк капиталының қызметтерін атқара алатын баптарынан тұратын көрсеткіш ретінде анықтайды. Меншікті қаражаттардың банктік заңдарға сәйкес ішкі көздер есебінен банк қызметін қолдау мақсаттарында құрылған негізгі элементтері белгілі қағидаларға сай келетін болса, банк капиталына жатады.

Аталған көзқарас меншікті капиталдың мәнін оның мазмұнынымен (капитал құрылымы), сонымен қатар оның қызметтерімен байланыстырады. Бұл жағдайда банктің меншікті капиталының құрылымындағы банкке уақытша қолдануға берілген басқа тұлғаның иелігіндегі қаражаттар банктің меншікті капиталы болуы белгісіз. Капиталға ресурстық көзқарас банктің меншікті капиталын банктің ресурсы және банктік қызметті қаржылындыру көзі ретінде белгілейді [20, с. 44].

Банктің меншікті капиталының негізгі элементтері 1-ші суретте көрсетілген.



Сурет 1 – Акционерлік қоғамның меншікті капиталының құрылымы

Ескерту – Дереккөз [21]

Сонымен, банктің меншікті капиталы банк қызметін қаржыландыратын басқа да көздерден еш айырмашылығы жоқ деп айтуға болады. Дегенмен, егер банктің меншікті қаражаттары болмаған жағдайда, сырттан қаражат тарту мүмкіндігі шектеулі.

Біздің ойымызша, бұл көзқарас арқылы меншікті капитал мәнінің бір ғана аспектісі ескеріледі, банк капиталының басқа ерекшеліктері көрсетілмейді.

Жалпы қаржы нарығындағы соңғы жылдарда орын алған бәсекелестіктің күшею салдарынан екінші деңгейдегі банктердің бірігу жағдайларына байланысты банк ісіне, банктің меншікті капиталына құндық көзқарастың пайда болуы өзекті мәселелердің бірі болды.

К. Маркс капиталды құн ретінде анықтайды; біріншіден – құнға меншік құқтарын бекітетін мүлік саны және оны басқа мүлікке ауыстыруға болатын (ақшалай эквиваленті); екіншіден – мүлік иесі болашақта аламын деп жоспарлаған табысының ағымды құны (капиталист-банкир) [10, с. 63].

Бұл жағдайда құн банк қызметіне байланысты қарастырылатын болғандықтан, құнды бизнесті немесе кәсіпорынды бағалайтын ерекше критерий ретінде алуға болады. Экономикалық әдебиеттерде «бизнес» – пайда табу мақсатында ұйымдастырылатын нақты қызмет деп анықталады. Ал банктік бизнес – банктік мекеме болып ұйымдастырылған қаржы нарығындағы қызмет, өз кезегінде ол құндар мен меншік құқтарының жиынтығынан тұрады. Бизнесінің негізін құн көрінісі ретіндегі капитал құрайды. Қазіргі экономикалық жүйеде капитал табыс әкелетін құн немесе мүлік, сонымен қатар белгілі экономикалық қатынастар орын алғанда нарықтағы сатып алу - сату объектісі ретінде бизнесті бағалау критерийі болып табылады.

Демек, меншікті капитал банк қызметінің бастапқы негізі және оны бағалау критерийі. Белгілі орыс ғалымдары Л.П. Белых, И.В. Ларионова, А.Г. Грязнова өздерінің еңбектерінде меншікті капиталды осы тұрғыда қарастырады [22-24].

Банктің меншікті капиталы банк құнының сату – сатып алу объектісі ретінде, оның тұтыну құнын, баланстық құнын және нарықтық құнын көрсетеді. Ең негізгісі – иелеріне банк қаншалықты бағалы екенін анықтап береді. Банктің меншікті капиталы оның тұтыну құнын анықтап, оны нарық жағдайларында сатуға және қосымша құн алуға мүмкіндік береді.

Банктің меншікті капиталының тұтыну құны келесілерден тұрады:

- банктік қызмет жүргізу лицензиясының құны;
- ресурстарды тарту немесе нарықта үлес иелену шығындары;
- пайданың өсімін иелену;
- білікті мамандар тарту шығындары.
- банктің нарықтағы репутациясы, яғни гудвилл.

Банктің құндылығы оның «табыс немесе пайда табу мүмкіндіктерімен анықталады»

Сонымен, меншікті капиталдың басты рөлі – айрықша өнім өндіретін ерекше кәсіпорын ретінде банкпен кәсіпкерлік қызмет орындау арқылы қосымша құн алуға алғышарттар жасау.

Әдебиеттерде келтірілген көзқарастарды талдау негізінде «меншікті

капиталға» есептік-экономикалық категория ретінде келесі қорытынды авторлық анықтама жасалды: *банктің меншікті капиталы – оның ерекше кәсіпорын ретінде қызмет етуін қамтамасыз ететін, сонымен қатар ерекше қызметтер атқара алатын және табыс әкелетін (оны алуға алғышарттар жасау) банктің меншікті қаражаттарының белгілі топтарында шоғырланған банктік бизнестің әділ құны (банктің кәсіпкерлік қызметі).*

Бұл анықтама банктің меншікті капиталына деген әр түрлі көзқарастарды біріктіруге мүмкіндік береді және банк қызметіндегі капиталдың маңыздылығын көрсетеді.

Банк иесімен банкке салынған құн банктің меншікті капиталын құрайды. Осы құнның бір бөлігі банк мүлігі ретінде, ал екіншісі банк активтері ретінде қолданылады. Банктің меншікті капиталы бірнеше талаптарға сай келуі керек.

Бірінші және негізгі талап – банктік қаражаттарға меншік құқтары. Жоғарыда айтылып өткендей, банктің меншікті капиталы меншікті және тартылған болып бөлінеді. Банктің меншікті капиталының құрамына оның акционерлерінің меншігіндегі қаражаттар есебінен қалыптастырылған немесе банк қызметінің нәтижесінде пайда болған пассивтер баптары жатады.

Сонымен, сәйкесті қызметтерді орындай алу үшін және капиталдың экономикалық мәніне сай келу үшін, банктің меншікті капиталының құрамына банк меншігі болып табылатын, міндеттемелерден бос, белгілі дәрежедегі тұрақты пассив баптары да жатады.

Банктің меншікті капиталы оның тұрақтылығын, экономикалық тәуелсіздігін қамтамасыз ететін толық төленген әртүрлі элементтердің жиынтығынан тұрады [25].

Банк қызметінің бастапқы кезеңдерінде акционерлік капитал арқылы бірінші реттік шығыстар қаржыланады. Банк қызметінің кеңеюі, активті операциялардың өсуі банктің меншікті капиталының көлеміне тікелей байланысты. Жалпы алғанда оның активті операцияларын қаржыландырудағы меншікті капиталдың үлесі төмен болғанымен, меншікті капитал активті операциялардың ұлғаюына адекватты жағдайлар қалыптастырады, яғни банк қызметінің қаржылық негізін қамтамасыз етеді. Меншікті капиталдың құндық мәні оның қызметтері арқылы жүзеге асырылады.

Банк саласын зерттейтін ғалымдардың басым көпшілігі банктің меншікті капиталының бес негізгі қызметін атайды:

1. Капитал банкті банкроттылықтан қорғайды.
2. Капитал банкті құруға, ұйымдастыруға және банктің қызмет етуіне қажетті қаражаттарды қамтамасыз етеді.
3. Капитал банк клиенттерінің сенімділігін нығайтады.
4. Капитал банктің өсуіне, жаңа қызмет түрлерін дайындауға бағдарламалар мен жарақтарды қамтамасыз ету арқылы жағдайлар жасайды.
5. Капитал банктің өсуін реттеу қызметін атқарады [18, с. 54].

Бірқатар ғылыми мақалалардың авторлары банктің меншікті капиталының негізгі мақсаты тәуекелді төмендету, сондықтан капиталдың негізгі қызметтеріне келесілерді жатқызу керек деп есептейді:

- капитал буфер ретінде банктің шығындарын (зияндарын) жою арқылы

оның төлем қабілеттілігін сақтап қалады;

- капитал банктің қаржы нарықтарынан ресурстар алуын қамтамасыз етіп, өтімділік мәселелерін шешуге ықпал етеді;

- капитал банктің өсуін реттеу арқылы тәуекелдерді шектейді [26].

Банк капиталының осы қызметтері тәуекелді төмендетуге әсер етеді. Аталған көзқарасты екінші деңгейдегі банктердің қызметтерін басқарудың оңтайлы тәжірибесі ретінде қолдануға болады.

Капиталдың буфер ретіндегі қызметін қарыздар шығындары нақты көрсетеді; мысалы, банк клиенттері өздерінің міндеттемелерін орындамаған жағдайда проценттер мен негізгі төлемдер бойынша ақша қаражаттарының ағыны күрт азая бастайды. Осы жағдайда капитал буфер ретінде банкке төлем қабілеттілігін сақтап қалуға мүмкіндік береді. Жеткілікті капиталы бар банктер жаңа міндеттемелер немесе акциялар шығару арқылы орындалмаған төлемдердің орнын толтырып, активтер мәселелері шешілгенге дейін өз өтімділігін сақтап қалады. Сондықтан банктің меншікті капиталының көлемі жоғары болған сайын, тәуекелділік төмен болады. Мысалы, активті операциялар сапасына тұрақты мониторинг жасау арқылы банкті жоғары көлемдегі залалдардан қорғауға болады. Осындай тәсілдер 9-шы ҚЕХС (IFRS 9) талаптарына сәйкес келеді.

Адекватты банктік капитал операциялық проблемаларды төмендетіп, банктің қаржы нарығына еркін қол жеткізуіне де ықпал етеді. Капитал банкке әр түрлі жолдармен арзан ақша қаражаттарын тартуға мүмкіндіктер береді. Банктің меншікті капиталы жоғары болса, банк салымшыларының банкке деген сенімділігін жоғарылатып, тұрақты банктік репутацияны қамтамасыз етеді.

Капиталдың қорғау қасиеті немесе қорғау қызметі негізінен банктің ағымды шығындарын жабу арқылы іске асады. Банк кредиторларының тәуекелдері несиелік, өтімділік, проценттік, операциялық, валюталық болып бөлінеді. Сәтсіз несиелік және бағалы қағаздарға салымдар мәмілілері, сонымен қатар қылмыстар мен басқару қателері нәтижелерінің шығындары меншікті капитал есебінен өтеледі. Егер банктің шығындары өте көп болса, онда банк қызметі тоқтатылады. Сондықтан, банктің банкроттылығының тәуекелі жоғары болған сайын, оның меншікті капиталы соншалықты көп болу керек. Тәжірибеде банкке өз қаражаттарын тиімді басқаруға тапсырып отырған кредиторларының тәуекелдеріне банктің меншікті капиталының адекватты болуы талап етіледі. Әрине, банк тәуекелдерді алдын-ала болжау арқылы есептеп, шығындардың басым көпшілігін капитал есебінен емес, банктің ағымды табыстарымен жабуға міндетті. Тәуекелдерден қорғау банктік өнімдерге баға қалыптастыруда да ескеріледі немесе активті операциялар бойынша қосымша жағдайлар мен талаптарға еңгізіледі. Сонымен қатар әр бір екінші деңгейдегі банк әртараптандыру және хеджирлеу тәсілдерінен тұратын тәуекелдерді басқару жүйесін қолданады. Меншікті капитал банкті жоспарланбаған тәуекелдерден қорғауға тиіс, олардың орнын толтырып және тәуекелдер пайда болған жағдайда банктің табысты қызметін қамтамасыз етуге қабілетті жүйе құру арқылы. Сонымен банктің меншікті капиталы «банктің сақтандыру қоры» ретінде банкті қолайсыз жағдайлардан сақтандыру қызметін

атқарады [19,с. 110].

Банкке деген сенімділікті қорғау көзқарасынан меншікті капитал кредиторлар мен салымшылардың сенімділігін қамтамасыз етуге бағытталған. Осындай сенімділік болған жағдайда ғана банктің меншікті капиталы үзіліссіз өз қызметтерін атқара алады. Сенімділікті қамтамасыз ету үшін банктің меншікті капиталының көлемі олардың қаржылық делдалдықтағы қажеттіліктерін қанағаттандыруға жеткілікті болу керек. Банктің капиталды ұлғайтуына қажетті ішкі қаражаттары, яғни тұрақты табыс деңгейі болу қажет. Банктің меншікті капиталының көлемі жайлы толық мәліметтерінің мүдделі жақтарға қол жетімділігі де өте маңызды.

Меншікті капиталды банктік бизнес құны болып табылатынын ескеретін болсақ, онда капиталдың негізгі қызметтеріне қосымша бағалау қызметі жайлы да айта кетуге болады деп ойлаймыз.

Банктің меншікті капиталы арқылы келесілерді бағалауға болады:

- банктің тұтыну құны мен нарықты құнын;
- банк қызметінің көлемін;
- банктік бизнестің болашақтағы дамуын;
- кәсіпкерлік тәуекел дәрежесін;
- банктің рентабельділігін.

Банктің меншікті капиталының көрсеткіші бойынша банкті партнер ретінде алдын ала бағалауға болады. Екінші деңгейдегі банктің меншікті капиталының жеткіліктілігі ҚР ҰБ пруденциалдық нормативтері арқылы реттеледі.

Нормативтер жүйесі ҚР ҰБ Қаулысындағы қаржылық коэффициенттерден тұрады. Осы нұсқаулықтағы барлық нормативтер меншікті капитал көлеміне байланысты есептеледі.

Экономикалық нормативтердің есептелу тәртібінен меншікті капитал көлемінің маңыздылығын көруге болады. Бағалау қызметіне қатысты айтатын болсақ, негізінен меншікті капиталдың банктік бизнесті бағалауға мүмкіндік беретіні сөзсіз және ол капиталды басқару мен реттеуде маңызы жоғары. Капиталдың бағалау қызметін қолданып пруденциалдық нормативтер арқылы банк қызметінің әр түрлі бағыттары бойынша сипаттама беруге болады.

Капиталдың реттеу қызметі бағалау көрсеткіштері негізінде меншікті капиталды азайту немесе көбейту арқылы, сонымен қатар оның құрылымын өзгерту арқылы банктік қызметтің көлемі мен бағытын сырттан реттеу, қадағалау және ішкі банктік басқару мақсатында өзгертуге болатынын көрсетеді.

Капиталдың реттеу қызметін мамандардың басым көпшілігі макроэкономикалық аспектіде, яғни қоғамның екінші деңгейдегі банктердің табысты қызмет етуінде мүдделілігімен, сонымен қатар ҰБ екінші деңгейдегі банктер қызметтерін қадағалауға мүмкіндік беретін заңдар мен ережелерге байланысты қарастырады. Орталық банктің нормативтік талаптарының барлығы капитал көлеміне байланысты есептеледі. Алайда бұл қызметтің микроэкономикалық ерекшелігі де бар. Банктің меншікті капиталы оның операциялар жүргізу мүмкіндіктерін белгілейді. Банктің меншікті капиталы

жоғары болған сайын, операциялар көлемі де, клиенттер саны да көп болады. Керісінше, егер меншікті капитал көлемі өспейтін болса, банктің ресурстар тарту және оларды орналастыру мүмкіндіктері шектеулі, сондықтан банктің пайдасы да төмен болады.

Сонымен, меншікті капитал банктің ұзақ мерзімді перспективалық өсуін және дамуын қамтамасыз етеді.

Банктік қызметті ұйымдастыру қағидалары банктің несиелері мен басқа да тәуекелді активтерінің өсу қарқыны меншікті капиталдың өсу қарқынына тең болуын талап етеді, яғни капитал көлемі тәуекелдердің өсуіне пропорционалды болу керек. Сондықтан банк капитал көлемін көбейту немесе азайту арқылы тәуекелді немесе ауқымды несиелік саясат жүргізу мүмкіндігіне ие болады. Сонымен қатар меншікті капиталдың өзгеруі банк пайдасының да өзгеруіне әкеледі.

Бұл жердегі айта кететін маңызды мәселелердің бірі - банкте меншікті капиталды қалыптастыру және қолданудың есебі мен аудитінің жоғары деңгейде ұйымдастырылуы. Банктер меншікті капитал көлемі мен құрылымын өзгерту жолымен қаржы нарығынан қосымша ресурстар алу мүмкіндіктерін кеңейтіп немесе қысқартып отырады. Басқаша айтқанда, капиталдың реттеу қызметі банктерге қаржылық ресурстарға қол жеткізуге, өсуді тежеуге және тәуекелдерді шектеуге жағдай жасайды.

Аталған қызмет екінші деңгейдегі банктер қызметтерін мемлекет тарапынан реттелуін ұйымдастырады. ҚР Ұлттық Банкімен меншікті капитал көлемін реттеу тәуекел дәрежесін төмендету құралы болып табылады және банк клиенттерінің сенімділігін қамтамасыз ету арқылы елдің банктік жүйесін ірі көлемдегі шығындардан қорғайды.

Қаржылық және банктік қызметтің жаһандануы банктік қызметті реттеудің халықаралық стандарттарын дайындау қажеттілігіне әкелді. Базель келісімі өткен ғасырдың 80-жылдарындағы «үлкен ондық» елдерінің орталық банктерінің басшыларымен қабылданған және қазіргі уақытта әлемнің жүзден астам елдерінде қолданыстағы банк жүйесіне қойылатын халықаралық стандарттарынан тұрады. «Базель I» – «Капиталды және капитал стандарттарын есептеуді халықаралық жүйелеу туралы келісім» 1988 жылы қабылданды, сонымен капитал жеткіліктілігі капиталдың тәуекелдері есептелгендегі активтерге қатынасы негізінде анықталатындығы бекітілді.

Банктің меншікті капиталының жеткіліктілігінің коэффициенттерін есептеу әдістемелігінің негізі ретінде банк активтері мен олармен байланысты тәуекелдер алынды. Есептеуде банк капиталы активтердің номиналды көлемімен емес, тәуекелді активтердің есептік көрсеткіштерімен салыстырылу керек. Бұндағы активтердің әр бір элементі бекітілген категорияға және коэффициенттер шкаласына сәйкес еселенген.

Банктің бірінші деңгейдегі капиталы (базалық немесе негізгі капитал) келесі элементтерден тұрады:

– тұрақты (перманентті) капитал (яғни шығарылып, толық төленген жай акциялар және дивидендтерді кумулятивті төлеусіз мерзімсіз артықшылығы бар акциялар);

- ұлттық заңға сәйкес ресми есептілікте қалыптастырылып, басылымға шығарылатын жалпы резервтер (қосымша төленген капитал, бөлінбеген пайда, күтілмеген зияндарды жабуға арналған жалпы резервтер және ұлттық заңдарға сәйкес банкпен құрылатын басқа да резервтер). Сонымен қатар бұнда банктің шоғырландырылған балансына кірмейтін еншілес компанияларға инвестициялары жатады. Банктің бірінші деңгейдегі капиталының оның меншікті құралдарының ерекше компоненті болып оқшаулануы банктің ресми құжатында «банктің балансының басылымдағы барлық шоттарында толық көрсетілетін және капитал адекваттылығы жайлы сипаттау негізі ретіндегі барлық елдердің банк жүйелеріндегі жалғыз-ақ жалпы элемент» болып табылатындығы негізделеді [27].

Меншікті капитал – бұл банктің өндірістік циклының кезеңдеріндегі ағымды операциялар жүргізуге салынған қаражаттар жиынтығы болып табылады. Бұндай қаражаттар жоғары өтімділік сипатымен ерекшеленеді. Меншікті капитал өтімділігінің деңгейі олардың өндірістік айналым үдерісінде ақшалай қаражатқа тез арада айналу қабілетімен анықталады [28].

Сонымен, біздің ойымызша, банктің меншікті капиталының негізгі қызметтері – қорғаныс, бағалау және реттеу қызметтері. Меншікті капиталдың қызметтерінің орындалуы банктің қаражаттар тартып, оларды орналастырудағы, сонымен қатар банктің өз репутациясын қалыптастырудағы саясатын белгілейді. Алайда, меншікті капиталды тиімді басқару үшін капиталды бағалаудың оңтайлы жүйесі қажет және банктік бизнестің әр түрлі аспектілері мен банк капиталы арасындағы өзара байланыстар анықталуы маңызды деп айтуға болады. Келесі кезекте диссертацияда жасалған зерттеулерді қорытындап, отандық және шетелдік ғалымдармен жасалған меншікті капиталдың есептік категориясы ретіндегі анықтамалары беріледі.

Кесте 1 – «Меншікті капитал» анықтамасына қазіргі көзқарастарды салыстырмалы талдау

Авторлары	Меншікті капитал анықтамасы
1	2
Арзыбаев А.А.[29]	Ұйым активтерін қалыптастыру үшін иелерімен ұсынылған және шаруашылық қызмет үдерісінде жинақталған қаражаттар жиынтығы.
О. Аскери и др. [30], Р. Бенке ., Р.Холт [31], Й. Бетге [32]	Міндеттемелерден бос активтер құны
Хендриксен Э.С. [33]	Таза активтер немесе нетто-активтер, яғни активтерден міндеттемелерді шегергендегі капитал
Дүйсенбаев К.Ш [34]	Кәсіпорынның меншікті капиталы экономикалық мазмұны, сонымен қатар қалыптастыру және қолдану қағидалары бойынша қаржы ресурстарының әр түрлі көздерінен тұрады: жарғылық және қосымша капитал, бөлінбеген пайда, арнайы мақсаттағы қорлар, резервтік капитал, мақсатты қаржыландыру қаражаттары және т.б.

1-ші кесте жалғасы

1	2
Мақыш С.Б. [35]	«Банктің қаржылық тұрақтылығын, коммерциялық және шаруашылық қызметтерін қамтамасыз ету үшін құрылған банктің әр түрлі қорлары және солар сияқты, ағымдағы қызметінің нәтижесіне байланысты және өткен жылдағы бөлінбеген пайдасы»
Ержанов М.С. [36]	Компанияның меншікті капиталы оның иелерінің инвестицияларының нәтижесі болып табылады. Алайда компанияның инвесторлармен салынған капиталды қайтару бойынша міндеттемелері болмауы маңызды. Меншікті капиталдың негізгі элементтері: - инвесторлармен салынған сома; - тиімді қызметінің нәтижесіндегі бөлінбеген пайда.
Тайгашинова К.Т., Жумагамбетова Г.Т [37]	Ұйымның меншікті капиталының құрамында жарғылық, қосымша және резервтік капиталдар, бөлінбеген пайда және басқа да резервтер есепке алынады.
Міржақыпова С.Т. [38]	Банктің меншікті капиталы бір жағынан өлшенген тәуекелдік көзі, екінші жағынан қаржылық ысыраптың орнын толтыруды қамтамасыз етуші жинақталған қаражат болады.
Мырзалиев Б.С., Сәтмырзаев А.А., Әбдішүкіров Р.С.[39]	Шығарылған капитал – бұл ұйымдастырылатын кәсіпорындардың мүлкіне қатысушылар (меншік иелері) жарналарының (салымдарының) ақшалай түрде көрсетілген жалпы жиынтығы.
Джондельбаева А.С.[40]	Ұйымның қарамағында ұзақ мерзім қолданылатын оның иелері салымдарының активтер мен міндеттемелер құнының арасындағы айырма ретінде шаруашылық қызмет деректері әсерінен өзгертін, сонымен қатар ұйым қызметінің тиімділік көрсеткіші болып табылатын шама.
Жумабаева М.Д. [41]	Компанияның активтеріне табыстылық, өтімділік және тәуекелділікті ескере отырып, құнын өсіру мақсатында инвестицияланған ақшалай, материалдық және материалдық емес формадағы қаражаттардың жиынтық құны капитал болып табылады.
Жексембина А. Е. [42]	Банктің меншікті капиталы меншік құқықтарымен банкке тиесілі және тұрақтылық, табыстарға тіркелген төлемдердің болмауы, мүмкін болатын зияндарды жою, яғни тәуекелді төмендету қасиеттерімен сипатталатын банктік пассивтер элементтерінің жиынтығы
Сейдахметова Ф.С. [43]	Заңды тұлға немесе шаруашылық субъектісі ретіндегі кәсіпорынның меншікті капиталы оның мүліктерінің таза құны болып табылады. Ол мүлік құны мен қарыз капиталының айырмасына тең. Меншікті капиталдың құрамы күрделі және кәсіпорынның ұйымдастырушылық-құқықтық нысанына байланысты болып келеді
Ескерту – Әдебиеттер негізінде автормен жүйеленді	

Диссертацияда қарастырылған «капитал», «меншікті капитал» категориялары мәндерінің экономикалық, құқықтық, баланстық және есептік көзқарастарын талдау негізінде келесі қорытындылар жасауға болады:

- капитал өндірістің негізгі факторлары жүйесіндегі (еңбек, жер, капитал) ең бастысы болып табылады. Себебі ол барлық факторларды бір тұтас өндіріс

кешеніне біріктіреді;

- капитал ұйым иелерінің әл-ауқатының негізгі көзі. Ағымды мерзімдегі капиталдың бір бөлігі акционердің меншігі болады, капиталдың жинақталған бөлігі активтер арқылы иелердің алдаға уақыттағы табыстарын қамтамасыз етеді;

- меншікті капитал ұйымның активтері мен міндеттемелерінің арасындағы айырманы көрсетеді, яғни «таза активтері»;

- бухгалтерлік есеп теориясын жетілдірудегі капиталдың мәнін зерттеуде ҚЕХС жүйесінде қолданылатын есептік-баланстық көзқарас басты болып табылады, яғни:

$$A = M + K \quad (2)$$

$$K = ҚК + МК \quad (3)$$

мұндағы А – активтер; М – міндеттемелер; К – капитал; ҚК – қарыз капитал; МК – меншікті капитал.

Меншікті капитал қалыптастыру және қолдану бойынша шешім қабылдайтын акционерлердің негізгі талаптарының бірі капитал қалыптастыру мен қолданылуының бухгалтерлік есебі мен аудитін жан-жақты көрсету болып табылады. Сонымен қатар бұл мәселелер ҚЕХС талаптарына көбінесе сәйкес келеді.

1.2 Нарық жағдайларында банктің меншікті капитал есебінің халықаралық стандарттары мен талаптары

Бухгалтерлік есеп және есептілікті әлемдік деңгейде дамыту және үйлестірудің қазіргі кезеңінде Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары әлемнің көптеген елдерінде ресми статуска ие болды. Аталған стандарттар жаһандық мәнде компаниялардың ішкі және халықаралық капитал нарықтарына қатысуына критерий ретінде қолданылады. Себебі қаржылық есептіліктегі ақпаратты қолданушылардың мақсаты - ашық, толық, өздеріне түсінікті және қол жетімді, яғни сапалы ақпараттық база арқылы ойға қонымды дұрыс экономикалық шешімдер қабылдау, әсіресе өздерінің жеке капиталын инвестициялау объектіне (ұйымға) инвестициялау мәселелері бойынша.

Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жүйесін қарастыру арқылы берілген диссертациялық зерттеуде капитал есебі және оны қаржылық есептілікте көрсетуге байланысты халықаралық стандарттар талаптары жинақталып, қорытындалды.

Меншікті капитал есебінің мәселелері көрсетілетін бірнеше Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары бар: ХҚЕС (IAS) 1 «Қаржылық есептілікті ұсыну»; ХҚЕС (IAS) 8 «Есептік саясат, бухгалтерлік бағалаулардағы өзгерістер және қателіктер»; ХҚЕС (IAS) 12 «Пайдаға салынатын салық»; ХҚЕС (IAS) 32 «Қаржылық құралдар жайлы ақпараттың ұсынылуы»; ХҚЕС (IAS) 33 «Акцияға келетін пайда»; ХҚЕС (IAS) 37 «Резервтер, және шартты міндеттемелер»; ХҚЕС (IAS) 39 «Қаржылық құралдарды мойындау мен бағалау»; ХҚЕС (IFRS) 9

«Қаржылық құралдар» және т.б [44].

Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарында ұйым капиталы мен оның элементтерінің мойындалуы және есептілікте көрсетілу мәселеріне арналған арнайы стандарт жоқ. ХҚЕС-ның аталған реттеу саласы «Қаржылық есептілікті дайындау және ұсынудың қағидаттық негіздері немесе қағидаттары» (Framework for the Preparation and Presentation of Financial Statements) атты арнайы құжатта айтылған. Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының қағидаттары ұйымның қаржылық есептілігі элементтерінің мазмұнын ашқанда капиталды таза активтер, яғни «кәсіпорынның барлық міндеттемелерін шегергендегі қалған активтер үлесі» ретінде сипаттайды [45].

Бұл анықтама жоғарыда айтылған: Активтер – Міндеттемелер= Капитал баланстық тендеудің мәнін көрсетеді. Ол компания таратылғанда кредиторлардың иелеріне қатысты өздерінің талаптарын орындату құқығын білдіреді. Капитал өткен жағдайларды талдау және бағалау нәтижесі ретінде емес, ұйым жағдайын ағымды бағалаудың нәтижесі көзқарасынынан алынады. Осы тәсілдер тарихи (ретроспективті) бағалармен салыстырғанда перспективті инвестициялық-талдау шешімдерін қабылдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар қолданылған тәсілдердің артықшылықтары - баланс элементтерін әділ құн бойынша бағалап, оларды болашақ ақшалай ағындардың дисконтталған құны бойынша көрсетуге мүмкіндік береді.

Компанияның меншікті капиталын егжей-тегжейлі түрде келесі құрылымдық элементтерге бөлуге болады:

- жарғылық капитал;
- негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді қайта бағалау резервтері;
- эмиссиялық табыс;
- таза пайданың жинақталған көлемі;
- таза пайда есебінен құрылған резервтер;
- резервтік капитал (басқа компоненттер);
- оң курстық айырымдар;
- бақыланбайтын үлес - шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі. Меншікті капитал элементтерін бағалау төмендегі 2-кестемен берілген.

Кесте 2 – Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес меншікті капитал элементтері

Меншікті капиталдың құрылымдық элементтері	Бағалану тәсілі
1	2
Жарғылық капитал	Шығарылған акциялардың номиналды құны
Эмиссиялық табыс	Шығарылған акциялардың орналастыру құны мен номиналды құны арасындағы айырма
Резервтік капитал	Көлемі заңмен немесе компанияның құрылтайшылық құжаттарымен бекітілген арнайы шектеулер негізінде анықталады

2 – кестенің жалғасы

1	2
Негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді қайта бағалау резервтері	Тәртібі ХҚЕС (IAS) 16 және ХҚЕС (IAS) 38 талаптарымен анықталған
Қолдағы сатуға арналған активтердің әділ құнының өзгеруінен болған қаржылық нәтиже	ХҚЕС (IAS) 39 талаптарына сәйкес
Бөлінбеген пайда	Бөлінбеген пайда қалыптастыратын көрсеткіштерді белгілеу тәртібін реттейтін барлық стандарттардың шарттарына сәйкес
Бақыланбайтын үлес	ХҚЕС (IAS) 27 талаптарына сәйкес – пайда (залал) немесе еншілес компанияның бас компаниясына тікелей немесе жанама түрде жатпайтын таза активтерінің бір бөлігі ретінде
Ескерту – [46] әдебиет көздері негізінде жасалды	

Бухгалтерлік есепте резервтер құру тәжірибесін жалпы қорытындай келе, айта кететін мәселе – халықаралық тәжірибеде резервтер төрт белгі бойынша жіктеледі:

- капитал резервтері (құнды қайта бағалау қорын немесе резервін қосқанда) және болашақтағы табыстар түсімдерінің резервтері (әр түрлі дотациялар және өтелмейтін активтер түсімдері);

- нормативті резервтер (заңмен бекітілген) және нормативті емес резервтер (бұлардың құрылуы жайлы шешім ұйымның өзінде қабылдананды);

- акционерлер арасында бөлу үшін арнайы құрылатын резервтер және бөлінбейтін резервтер, яғни бұл резервтер ұйым таратылғанша дейін бөлінбейді;

- мақсатты және жалпы резервтер: біріншілері қатаң мақсаттарға қолданылады, екіншілері нақты мақсатты емес [47].

Ұйымның пайдасы есебінен құрылған резервтер ұйым тапқан пайданы қолдануға белгілі шектеулерді көрсетеді. Бұл ұйымның қаржылық жағдайын қолданушылармен бағалау үшін капиталдың қаншалықты маңызды екендігін көрсетеді. Резервтер ұйымның өзін және кредиторларды да шығынды қызметтен қорғау үшін құрылады [48].

Бас банк тікелей немесе еншілес құрылымдар арқылы жанама иелене алмайтын еншілес ұйымдардың таза активтеріндегі үлес «Бақыланбайтын үлес» деп аталады. Капиталды нақты осындай түрде көрсету қаржылық есептілік көрсеткіштерін қолданушыларға әр түрлі шектеулер дәрежесін анықтауға мүмкіндік береді, соның ішінде ұйым капиталын қолдануға құқықтық шектеулер. Сонымен қатар, белгілі жағдайларда және таңдалған есептік саясатқа байланысты қайта бағалау резерві бөлінбеген пайда құрамына аударылуы да мүмкін (ҚЕХС (IAS) 16-ға сәйкес) және ол дивидендтерді төлеуге арналған қаражаттарды толықтырады.

Сонымен қатар баланстағы капитал құрылымы меншік иелерінің ұйым мүлкіне деген талаптарының дәрежесі мен көлемін көрсетеді, егер капитал

құрылымы олардың капиталға қатысу үлесі болып табылса, ал баланстағы түсініктемелерде олардың құқықтары (мысалы, әр түрлі санаттағы артықшылықты акциялар ұстаушыларының құқықтары) айтылады.

ҚЕХС-на сәйкес қаржылық есептілікте меншікті капитал екі нысанда көрсетіледі: баланста (қаржылық жағдай туралы есеп) және меншікті капитал өзгерістері жайлы есепте. Осыған байланысты халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына қосылған соңғы жылдардағы өзгерістердің бірі - зерттеліп отырған «меншікті капитал» көрсеткішімен тығыз байланысты қаржылық есептіліктің көрсеткіші.

Сонымен, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарындағы «жалпы жиынтық табыс» көрсеткіші «пайда және залал» мен «басқа жиынтық табыс» компоненттерін қамтиды. Басқа жиынтық табыс көрсеткіші табыс және шығыс (соның ішінде реклассификациялауға - қайта жіктеуге байланысты түзетулері) баптарынан тұрады. Аталған табыстар және шығыстар баптары басқа халықаралық қаржылық есептілік стандарттарындағы талаптарға сәйкес пайда немесе залал құрамында мойындалмайды. ҚЕХС (IAS) 1-дің 7-тармағына сәйкес басқа жиынтық табыс компоненттері активтерді қайта бағалау құнының өсімі өзгерістерін қосып есептейді [30, с. 37].

Отандық есеп жүйесіндегі ережелерді халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына жақындату шаралары ретінде есептілік тәжірибеге «жиынтық қаржылық нәтиже» көрсеткішінің еңгізілуін айтуға болады.

ҚЕХС (IAS) 1 «Қаржылық есептілік ұсыну» стандартымен компания капиталы жайлы қаржылық жағдай туралы есепте, капиталдағы өзгерістер есебінде немесе түсініктемелерде міндетті түрде ашылуға тиіс ақпарат көлемі анықталған.

ҚЕХС сәйкес өздерінің есептіліктерін құрастыратын ұйымдар негізінен халықаралық қаржылық есептіліктің (IAS) 1 «Қаржылық есептілікті ұсыну» стандартына негізделе отырып дайындайды.

Банк капиталының өзгерістері туралы есебіндегі екі есептік кезең арасындағы капитал өзгерістері банктің осы кезеңдегі таза активтерінің көбеюін немесе азаюын көрсетеді [49].

Осы стандарттың 79-тармағына сәйкес кәсіпорындар келесі ақпаратты толық ашуы керек:

- шығаруға рұқсат етілген акциялар саны;
- шығарылған және толық төленген акциялар саны; сонымен қатар шығарылған, бірақ толық төленбеген акциялар саны;
- бір акцияның номиналды құны немесе акциялардың номиналды құнының болмауына ескертулер;
- кезеңнің басындағы және соңындағы айналыстаға акцияларды салыстыру;
- акциялар түрлері бойынша құқтары, артықшылықтары және шектеулері;
- дивидендтердің бөлінуі және капитал қайтарылу бойынша шектеулері;
- кәсіпорынның өзіне немесе оның еншілес және біріккен кәсіпорындарына тиесілі акциялары;
- опциондар және акцияларды сату келісімдері бойынша шығаруға

резервтелген акциялар, шарттары мен сомаларын қоса.

Кәсіпорын капиталының құрамындағы әр капиталдық резерв үшін оның сипаты мен мазмұны беріледі.

Сонымен қатар қаржылық есептілікте келесі мәліметтер көрсетіледі:

– ағымды мерзімнен кейін қаржылық есептілік бекітілген мерзімге дейін төленуге жарияланған дивидендтер көлемі;

– кез-келген кумулятивті артықшылықты акциялар бойынша есептілікте мойындалмаған дивидендтер көлемі.

Меншікті капитал өзгерістері жайлы есепте және бухгалтерлік есептілік түсініктемелерінде ағымды мерзімдегі капиталдың құрамдас әр бөліктерінің жылжуы жайлы ақпарат ашылады.

Соңында, меншікті капитал жайлы есепте қаржылық есептілік қолданушысына арналған егжей-тегжейлі ұйымның қаржылық жағдайындағы мағналы өзгерістері сипатталу керек, сонымен қатар пайда және залалдар туралы есепте көрсетілмейтін басқа да элементтері, мысалы: негізгі құралдарды қайта бағалаудан түскен пайда мен залал. Капитал өзгерістері жайлы есепте акционерлік капиталдың келесі деректер болуы шарт:

- салыстыру үшін есептік мерзімнің басы мен соңындағы қалдық;

- есептік саясат өзгерістерінің нәтижесі.

Кәсіпорынның меншікті капиталына әсер ететін басқа факторлар есептік кезеңдегі бастапқы және соңғы сальдоны қосқанда, қаржылық есептілік түсіндірмелерінде көрсетіледі.

Банктің меншікті капиталының өзгеруі келесі себептерге тікелей байланысты болады:

- банк иелерімен дивидендтер және акцияларды эмиссиялау бойынша есеп айырысу;

- пайдалар және зияндар есебінде мойындалмайтын пайдалар және зияндарды есепке алу;

- жинақталған (бөлінбеген) пайда;

- есептік саясаттағы болған өзгерістер.

Жалпы, аталған өзгерістер ағымды мерзімдегі таза активтердің немесе қолданылатын концепцияға байланысты капиталдың өзгеруімен көрсетіледі.

Талаптарға сәйкес банк кезеңдегі капитал қозғалысын өз есебінде элементтер бойынша, сонымен қатар бастапқы және соңғы қалдықты салыстырып көрсету керек.

Банктің меншікті капиталына әсер ететін басқа факторлар қаржылық есеп ескертпелерінде көрсетіледі.

Шоғырландырылған қаржылық есеп - бас компаниямен бақыланатын компаниялар жиынтығы бойынша дайындалады. Шоғырландыру аясына кіретін барлық компаниялардың қаржылық жағдайын және шаруашылық қызметінің нәтижелерін көрсетеді. Шоғырландырылған қаржылық есеп осы компанияда мүдделі жақтардың барлығына қажет: инвесторлар, кредиторлар, қызметкерлер, басқа банктер мен қаржы ұйымдарына, қадағалау органдары мен жергілікті үкіметке.

Шоғырландырылған баланс шоғырландырылған қаржылық есептің

аталған шоғырландыру аясына кіретін барлық компаниялардың жиынтық есептік балансы.

Шоғырландырылған баланс шоғырландырылған қаржылық есептің құрамдас бөлігі болып табылады. Еншілес компанияның мүлкі, міндеттемелері мен капиталы шығырландырылған балансқа оны басқару мүмкіндігі алынған мерзімнен бастап енгізіледі [50].

Шоғырландырылған бухгалтерлік (қаржылық) есеп ерекшеліктері:

- корпоративті қоғам қызметінің жалпы нәтижелерімен таныстыру мақсатында дайындалады;

- шоғырландырылған бухгалтерлік есепке ұйым мүшелері арасындағы мәмілелер нәтижелері кірмейді. Бұнда сыртқы контрагенттермен операциялар нәтижесіндегі активтер мен міндеттемелер, табыстар мен шығыстар көрсетіледі;

- топтың есептері бірлестікке кіретін әрбір компанияның қызметі мен қаржылық жағдайының нәтижелері туралы жиынтық ақпараттан тұрады. Сондықтан бір еншілес компанияның пайдасы, екінші компанияның зияндарын көрсетпеуі мүмкін, яғни біреуінің тұрақты қаржылық жағдайы екіншісінің төлем қабілетсіздігін жасырады.

Аталған ерекшеліктерге байланысты шоғырландырылған бухгалтерлік есеп туралы келесі қорытындылар жасауға болады:

- акциялар котировкаларын жоғарылату мақсатында нарықта топты жақсы жақтарынан көрсетіп, оның позицияларын нығайту үшін жалпы ақпарат ұсынудың жолы;

- басқару шешімдерін қабылдауға негіз болып табылады;

- шоғырландырылған бухгалтерлік есеп бас компанияның валютасында құрастырылады, сондықтан еншілес компанияларға бақылау жасауға мүмкіндік береді [51].

Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары қағидаттарына сәйкес ұйым капиталды қолдау талаптарын орындау керек: берілген есептік кезеңдегі пайданы ол өзінің капиталы сақталған жағдайда ғана мойындауы керек. Осы жерде капиталды қолдау концепциясының пайда концепциясымен байланысы айқын көрінеді. Бұл жерде капиталдың екі қағидаттары қарастырылады: қаржылық және физикалық. Капиталды қолдаудың қаржылық концепциясына сүйенетін болсақ, онда ұйым капиталы сақталып қалады, егер есептік кезең соңындағы капитал көлемі акционерлермен төленген сомаларды шегергенде, сол есептік кезең басында тіркелген көлемге тең болса. Активтер құнының кез-келген өсуі немесе міндеттемелер құнының төмендеуі ағымды мерзімнің пайдасы ретінде мойындалады. Активтердің сатылуына дейін олардың құнының өсуі есептелмейді. Капитал сақталуын өлшеудің және пайданы мойындаудың бұл әдісі номиналды ақшалай бірліктерде өлшеу әдісі деп аталады. Ақшалай қаражаттардың сатып алу қабілеттілігінің төмендеуі (инфляция) жағдайларында номиналды ақшалай бірліктер әдісі пайданың нақты көлемін және капитал көлемін қолдау дерегін бұрмалайды. Инфляция жағдайларында ақшалай құралдардың сатып алу қабілеттілігінің бірліктерді өлшеу әдісі қолданылады. Капиталды қолдаудың физикалық концепциясына

сәйкес, егер ұйымда есептік кезең соңындағы өндірістік әлеуеттің немесе операциондық мүмкіндіктердің деңгейі есептік кезең басындағы деңгейімен бірдей болса капитал сақталады деп саналады. Активтер мен міндеттемелерді өлшеу негізі ретінде ағымды баға алынады. Бағаның активтер мен міндеттемелер құнына әсер ететін барлық өзгерістері ұйымның физикалық өндірістік мүмкіндіктерін бағалауға жатады және қызмет ететін құнының түзетілері болып саналады. Баға өзгерістері капиталға қосылады және пайданы көбейтетін сомаларға жатпайды. Есептік кезеңнің пайдасы болып активтердің физикалық өндірістік көлемін шегергендегі өсімінің қалдығы мойындалады. Айта кететін жайт, капитал қолдаудың физикалық концепциясын қолдану қалпына келтіру құнын қаржылық есептілік элементтерін бағалаудың негізі ретінде міндетті қолданылуын талап етеді. Сондықтан қарастырылған капиталды қолдау концепцияларын объектілер есебі ережелері мен оларды қаржылық есептілікте көрсетуді байланыстыратын құрал ретінде санауға болады.

Жоғарыда айтылғандардың қорытындысы ретінде халықаралық қаржылық есептілік стандарттарында меншікті капиталдың бухгалтерлік есебі бойынша және оны бухгалтерлік (қаржылық) есептілікте көрсетудің арнайы стандартының жоқ екендігін айтуға болады. Сол себептен осындай стандарттың болашақта қабылдануы маңызды. Меншікті капитал анықтамасы халықаралық қаржылық есептілік стандарттары қағидаттарында беріледі, сонымен қатар меншікті капитал көлеміне әсер ететін элементтердің есебі бойынша бірнеше стандарттар бар. Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес меншікті капитал құрамын айтатын болсақ, алдағы (болашақ) кезеңдер табыстары мен бақыландыратын үлес меншікті капиталға жатады.

ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары» келесі элементтерді қарастырады: мақсаты, қолдану аясы, тану және тануды тоқтату, бағалау және т.б. ХҚЕС (IAS) 39 «Қаржы құралдары: тану және бағалау» бойынша анықтамалар, хеджирлеу, күшіне ену, қосымшалар қамтылады. ХҚЕС (IAS) 32 «Қаржылық құралдар жайлы ақпараттың ұсынылуы» мақсаты, қолдану аясы, күшіне енуді сипаттайды. Ал ХҚЕС (IAS) 33 «Акцияға шаққандағы пайда» ақпаратты ашып көрсету, бағалау, ретроспективті түзетулерді көрсетеді. ХҚЕС (IAS) 12 «Пайдаға салынатын салықтар» мынадай элементтерді ашып көрсетеді: ақпаратты ұсыну, ағымдағы салық міндеттемелері мен ағымдағы салық активтерін тану, бағалау және күшіне ену.

Қолданысқа енгізілетін арнайы стандарт, біздің ойымызша, меншікті капиталға байланысты барлық талаптарды бір жүйеге келтіріп, ақпараттың анықтылығы мен толықтылығын қамтамасыз етеді.

Меншікті капиталдың бухгалтерлік есебін жүргізу үшін ұсынылатын арнайы стандарттың негізгі элементтері қолданыстағы қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес қалыптастырылады. Оның жобасы Қосымша В-да көрсетілген.

Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жүйесін соңғы жылдары реформалаудың мақсаты американдық стандарттар жиынтығы АҚШ GAAP

(«Бухгалтерлік есептің жалпы қабылданған қағидаттары») жақындату болып табылады.

GAAP стандарттары акциялар шығарылуының есебіне қатысты, оған жазылуға, қосымша капиталға, өтеусіз алынған капиталға, жинақталған бөлінбеген пайдаға, әр түрлі дивидендтердің төлеуге, меншікті сатып алынған акцияларға, опциондарға және тағы да басқа мәселелерге байланысты егжей-тегжейлі талаптар бекітеді [52].

Американдық жүйеде баланстық теңдеу халықаралық қаржылық есептілік стандарттарындағыдай келесі өрнекпен сипатталады: Активтер = Міндеттемелер + Меншікті капитал. Активтер мен міндеттемелер айырмасы ретінде қарастырылатын меншікті капитал ҚЕХС-дағы сияқты таза капитал немесе ұйымның таза активтері деп аталады. Себебі, әлемдік деңгейде сапалы қаржылық есепті дайындаудың ең жиі тараған жүйесі – Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары негізі АҚШ-тың GAAP жүйесі болып табылады.


Ұйымдардың меншікті капиталының жалпы көлемі GAAP стандарттарына сай құрылымы бойынша келесі құрамдас элементтерге бөлінеді:

1. Инвестицияланған капитал;

2. Өндірілген капитал. Өндірілген капитал өз кезегінде келесілерден тұрады:

- капиталға тікелей жатқызылатын табыстар мен шығыстар;
- жинақталған бөлінбеген таза пайда;
- таза пайдадан құралатын резервтер.

Ендігі кезекті меншікті капиталдың құрылымдық бөліктерін толығырақ қарастырамыз. Инвестицияланған капитал ұйымға иелерімен салынған қаражаттардың көлемі болып табылады. Салынған капитал көлемі ұйым иелерінің қосымша инвестициялауы немесе қаражаттарды кері қайтарып алуына байланысты өзгеруі мүмкін. Ұйымға салынған капитал, негізінен екі бөліктен тұрады, ол 2 - суретте берілген:




Сурет 2 – АҚШ GAAP жүйесіне сәйкес инвестицияланған капиталдың негізгі құрылымдық элементтері

Ескерту – [52] әдебиет көзі негізінде жасақталған

Өндірілген капитал ұйым иелерімен табылған және ұйым қызметіне қайта инвестицияланған қаражаттар, бұлардың бір бөлігі дивидендтерді төлеуге

алынуы мүмкін. Бұл көрсеткіш ұйымдардың қызметі нәтижесінде таза активтері қаншалықты өскенін анықтайды. Демек, өндірілген капитал ұйым қызметіндегі алынған табыстар мен болған шығыстар есебінен қалыптасады.

ҚЕХС-ның есептеу қағидаттарының негізгі талаптарының бірі болып табылатын табыстар мен шығыстар ара қатынасының ережелеріне сәйкес өндірілген капитал екі ірі негізгі элементтерден құралады. Ол 3-суретте көрсетіледі.



Сурет 3 – АҚШ-тың GAAP жүйесіне сәйкес өндірілген капиталдың бастапқы мойындалу кезінде есепте көрсетілетін негізгі бөлімдері

Ескерту – [52] әдебиет көзі негізінде жасақталған

АҚШ-тың GAAP жүйесіне сәйкес негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді қайта бағалау жүргізілмейді, сол себептен есептің американдық жүйесінде меншікті капиталдың құрылымдық элементі ретіндегі халықаралық қаржылық есептіліктегі қайта бағалау резерві жоқ. Бұл американдық стандарттардың халықаралық қаржылық есептілік стандарттарымен салыстырғандағы негізгі қағидаттық айырмашылығы болып табылады.

Америкалық акционерлік қоғамдардың қаржылық есебінде нақты төленген капитал көрсетіледі. Жарияланған капитал мен құрылтайшылардың қарыздары көрсетілмейді, біздің ойымызша, бұнда консерватизмнің есептік қағидатының орындалуы байқалады. Алайда, ұйым қызметінің басталуынан талап етілетін айқындылық (ақпараттың толықтығы) қағидаты ескерілмей қалады.

Демек, келесідей қорытындылар жасауға болады:

1. Американдық GAAP жүйесінде жарғылық капитал нақты төленген капитал сомасында ғана есептеледі.

2. Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарымен салыстырғанда АҚШ-тың GAAP жүйесі негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді қайта бағалауды жүргізбейді.

Меншікті капитал ұйымдардың қаржылық негізін қалыптастыратын болғандықтан оның пайда болу мен қолданылуын, сонымен қатар меншікті капиталды қалыптастыратын қаржылық ресурстарды талдау негізгі өзекті мәселелердің бірі болып тұрғаны мәлім болды.

Сонымен, біздің ойымызша, *экономикалық көзқарасты* жан-жақты талдау арқылы банктің меншікті капитал құрылымының нақты жетілдірілген компоненттерін ұсынуда болады.

Екінші деңгейдегі банктерде меншікті капиталдың мәні мен құрылымын зерттеу, оны банктің қаржылық саясаты негізінде анықтау қажеттілігін дәлелдейді.

Қаржылық көзқарастан, бұл меншікті капиталды қалыптастыру және көбейту операцияларының банктік ресурстар жинақтау және сырттан қарыз капиталын тарту шешімдерімен байланысты болатынын және аталған операциялардың банк қызметіне өз ықпалын тигізетінін негіздейді.

Банк құрылғандағы меншікті капитал қалыптастырудың негізгі мақсаты – акционерлердің қаржылық қолдауы, өз кегінде ол банкке бастапқы инвестициялық операциялар жүргізуге мүмкіндік жасайды. Ары қарай банктік қызмет үдерісінде меншікті капитал келесі тәсілдер арқылы көбейтіледі: акциялардың номиналдық құнының жоғарылауы немесе жарғылық капиталды ұлғайтудағы акциялардың санын көбейту; негізгі капиталды қайта бағалау және қосымша капиталды көбейтуден алынған эмиссиялық табыс; таза пайда алу. Алайда, меншікті капиталды көбейтетін бұндай операциялардың қаржылық салдары әр түрлі болып келеді. Мысалы, қосымша капиталды көбейтетін операциялар банкті қаржылық көздермен қамтамасыз етпейді. Бөлінбеген пайданы қалыптастыратын операциялар қосымша қаражаттар есебінен банктің өзін-өзі қаржыландыру деңгейін көрсетеді. Ал жарғылық капиталды көбейтетін операциялар құрылтайшылармен қамтамасыз етілетін сыртқы қаржыландыру көлемімен көрсетеді.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, біздің ойымызша, екінші деңгейдегі банктердің меншікті капиталының құрылымы келесі негізгі элементтерден тұрады:

- құрамы жағынан жарғылық және қосымша капиталдан тұратын инвестицияланған капитал;

- банктік қызметтің нәтижесінде жинақталған капитал, яғни бөлінбеген пайда мен резервтік капитал;

- айналыстан тыс активтерді қайта бағалауда мүлік құнының өсімі ретіндегі қосымша капитал.

Инвестицияланған капитал банктің құрылуының негізі болып табылады және оның негізгі элементтері жарғылық капитал мен қосымша капитал.

Банктің *жинақталған капиталы* екінші деңгейдегі банктер қызметінде ағымды жыл мен өткен жылдардағы бөлінбеген пайдасы және банктің жарғысына сәйкес құрылған резервтік капиталы, сонымен қатар айналыстан тыс активтерді қайта бағалауда мүлік құнының өсімі ретіндегі қосымша капитал есебінен қалыптасады.

Банктің инвестицияланған және жинақталған капиталдары құрамында өзгермелі шама болып табылатын қаражаттар болғандықтан, меншікті капитал құрылымындағы келесі элементтің – *қолданылған капиталдың* ескерілуі маңызды. Қолданылған капитал инвестицияланған және жинақталған капиталды байланыстырады, дивидендтерді бөлудің альтернативті нысандары пайда болғанда банктің қаржылық жағдайына әсер етеді. Демек, қолданылған капиталдың көлемі өзгермелі шама және банктің жарғылық капиталын акционерлердің қаражаттарынан тыс көбейту құралы болып табылады. Бұл жағдайда таза пайданың бір бөлігі жоғары номиналды акцияларды конвертациялау арқылы жарғылық капиталды көбейтуге немесе ағымды жылдың таза пайдасын дивидендтерге бөлу есебінен қосымша акциялар шығару арқылы жарғылық капиталды көбейтуге қолданылады. Екінші деңгейдегі банктердің меншікті капиталының ұсынылатын құрылымы 4 - суретте көрсетілген.

Суретте көрсетілгендей, бір жағынан, меншікті капитал қалыптасу көздеріне байланысты барлық міндеттемелер орындалғаннан кейінгі банктің қарамағында қалатын инвестицияланған және жинақталған капитал жиынтығы болып табылады.

Екінші жағынан, пайданың бөліну саясатына байланысты, акционерлермен қарым-қатынасқа ықпал ететін қолданылған капитал ретіндегі таза пайданың дивидендтер түріндегі бір бөлігі.

Қолданыстағы акциялардың номиналын жоғарылату есебінен немесе осы номиналдағы жаңа акциялар шығару жолымен жарғылық капиталды көбейтудің қаржылық операциясы ағымды жылдағы таза пайдадан іске асырылады. Яғни таза пайданың бір бөлігі капиталға жіберіледі. Бұндай шешімнің банк үшін артықшылығы – кредиторлардың сенімділігін жоғарылата түседі. Дивидендтерді төлеуден бас тартылғанда таза пайданың аталған бөлігі ағымды жылдың бөлінбеген пайдасының шотына аударылады.

Жүргізілген зерттеулер банктің меншікті капиталына инвестицияланған және жинақталған капиталдар жиынтығы деп қорытынды анықтама беруге мүмкіндік берді. Банктің қолданылған капиталының көлемі пайданы бөлу саясатымен анықталады.

Ұсынылып отырған әдістемелік акционерлерге дивидендік саясат қалыптастыру және пайданы бөлу саласында дұрыс шешімдер қабылдауға септігін тигізері сөзсіз.

Осы саладағы мамандар және ғалымдармен жоғарыда қарастырылған анықтамалармен салыстырғанда ұсынылып отырған қорытынды анықтама меншікті капиталдың қалыптасу көздеріне байланысты екі негізгі компоненттерін және пайданы бөлу саясатына байланысты бір жанама компонент көрсету арқылы меншікті капитал құрылымын нақтылауға мүмкіндік жасайды. Бұл өз кезегінде қаржылық есептілікті қолданушылар үшін, мысалы, басшылар, менеджерлерге ақпараттың толықтығын, дер кездігін жоғарылатады.

Капитал элементтерін нақтылау меншікті капиталдың екі элементі жарғылық капитал мен бөлінбеген пайданың қолданыстағы заңдарға сәйкес бастапқы топтастырылуын ары қарай тереңдетіп зерттеуге мүмкіндік берді.

Сонымен, екінші реттік топтастыру ұсынылды, яғни қолданыстағы заңдарға сәйкес капиталдың құрылымдық элементтерін қайта топтастыру арқылы меншікті капиталдың құрылымы бірнеше жіктеу белгілері бойынша нақтыланды. Банк пайдасын бөлу саясатының өзгеру нәтижесінде меншікті капитал көлемінің өзгеру мерзімдері мен меншікті капиталды қалыптастыру көздеріне байланысты. Осылардың барлығы бухгалтерлік ақпараттың әсіресе банк иелері үшін сапасын бірнеше есе жақсартатыны анық.

Жалпы айтқанда, біздің ойымызша, берілген ұсыныс сонымен қатар меншікті капиталдың есептік көзқарастан мәнін айқынырақ нақтылайды, яғни зерттеліп отырған баланстық көзқарасты толықтырады.

1.3 Банктің меншікті капиталын бақылау және реттеудің құндық негіздері

Қазақстанда банк ісінің тиімді дамуының басты элементтерінің бірі несиелік ұйымдардың ішкі және сыртқы бақылау жүйелерін қалыптастыруға деген көзқарастарды жетілдіру болып табылады. Зеттеулер көрсеткендей нарық жағдайларында бақылаудың мәні біршама өзгеріп, келесідей анықталады:

- басқару қызметінің ажырамас бөлігі;
- басқару шешімдерін қабылдау үдерісінде ақпараттық қамтамасыздық көзі;
- ұйым қызметін растау мақсатында оның нақты жағдайын тексеру жүйесі;
- кері байланыс құралы, яғни ол арқылы басқару шешімдерінің орындалуы жайлы қажетті ақпаратты алуға болады.

Несиелік ұйымның ішкі бақылау жүйесі келесі бағыттарды қамтуы керек:

- несиелік ұйымның қызметінің ұйымдастырылуын басқару органдары тарапынан бақылау;
- банктік тәуекелдерді басқару және бағалау жүйесінің қызмет етуін бақылау;
- банктік операциялар және басқа да мәмілелер орындалғанда өкілеттіктердің бөлінуін бақылау;
- ақпараттық ағындар (ақпаратты алу және тапсыру) және ақпараттық қауіпсіздік қамтамасыздығын басқаруды бақылау;
- ішкі бақылау жүйесінің несиелік ұйым қызметінің міндеттеріне сәйкес келу дәрежесін бағалау, оның кемшіліктерін айқындап, жетілдіру шешімдерін бағалау мақсатында ішкі бақылау жүйесіне тұрақты негізде мониторинг жүргізу [53].

С.Т.Миржакыпованың пікірінше бәсеке қабілеттілікті жоғарылату, стратегиялық баға қалыптастырудың негізгі бағыттарын жүзеге асыру және банктік тәуекелдерді төмендету мақсатында банкті тиімді басқарудың басты элементтерінің бірі ұйымдағы басқару есебінің дұрыс қойылуы. Ғалымның айтуынша, екінші деңгейдегі банктегі басқару есебі келесі теориялық маңыздылығы бар қағидаларда негізделіп ұйымдастырылуы керек:

- қаржылық жауапкершілік орталықтарының (ҚЖО) бизнес бірліктері арқылы басқаруға бағытталған есеп;
- трансферттік баға қалыптастыру әдістемелігіне негізделген;
- функционалды-құндық талдау әдістемеліктерін қолдану арқылы шығындарды бөлу жүйесін енгізу;
- банк капиталы мен өнімдері құнын басқаруға бағытталған есеп;
- капиталдың бөлінуін талдауды қолдауға негізделген есеп;
- тәуекелдер есебі [54].

Екінші деңгейдегі банктегі ішкі бақылаудың негізгі мақсаттарының бірі банктік қызмет нәтижелері бойынша қаржылық есептілік тәуекелдерін шектеу, сонымен қатар банктердің бухгалтерлік есебі мен есептілік жүйесін жетілдіру болып табылады.

Банктің ішкі бақылау жүйесінің негізгі элементтеріне бақылау ортасы,

нормативті-құқықтық құжаттардың мәні мен маңызын белгілеу (регламенттеу), бухгалтерлік есеп жүйесі, бақылау тәртібі, ішкі бақылау қызметі жатады [55].

Банктегі ішкі бақылау жүргізу үшін қажетті ақпараттың барлығы банктің қаржылық есептілігінен алынады. Екінші деңгейдегі банктерде ішкі бақылаудың басқа сала ұйымдарымен салыстырғанда біршама артықшылықтары бар: жоғары көлемдегі ағымды есептілікпен қатар күнделікті құрастырылатын бухгалтерлік баланстың зерттелуі маңызды.

Екінші деңгейдегі банктерде бақылау жүйесі ұйымдастырылғанда банктер қызметінің ерекшеліктерін көрсететін бақылауды құрудың бірқатар міндетті қағидалары анықталып, ескерілуі керек.

Диссертациялық зерттеуде банктің меншікті капиталы бойынша операцияларын бақылау жүйесін ұйымдастырудың келесі қағидалары анықталды:

- *жүйе тұрақтылығының қағидасы*, яғни қажетті деңгейде меншік капиталы бар жүйе тұрақты негізде қызмет етеді және орнықтылықпен сипатталады;

- *бақыланатын қызметтің адекваттылығының қағидасы*, яғни бақылау жүйесімен бақыланатын меншікті капиталдың даму жағдайы мен оны қалыптастыруда қолданылатын технологиялардың жеткіліктілігі;

- *басқару қызметі мен бақылау үдерістерінің бақылануының қағидасы*, яғни банктің меншікті капиталының құрамдас бөліктерінің барлығы үнемі бақылануы отыруы тиіс;

- *бақылауды жүргізу және бақылау үдерістерін бағалау құзыретін шектеу қағидасы*, яғни меншік капиталын банк толықтай өз жеке әдістемесі бойынша бағалай алмайды, себебі оның көлемі реттеу органдарымен шектеліп отырады.

Жүйе ішкі бақылау жүйесіне кіретін бөлімшелердің меншікті капитал қалыптастыру процедураларын дайындау, бекіту, қолдану және банктің меншікті капиталы бойынша операцияларын бақылау жүйесіндегі бақылау үдерістерін бағалайтын құзыреті шектеулі. Бекітілген регламенттер мен шарттарда бақылаудың әрбір элементі үшін жауапкершілік, басқа бақылау бөлімшелерімен қарым-қатынастарына байланысты және меншікті капитал элементтерін бақылаудың мерзімділігі мен жүргізу тәртібі бойынша құзыреттілік шектері анықталуы тиіс.

- *Әрекет ету үшін құжатталатын ауытқулардың мағыналық қағидасы*, яғни бақылау әдістері мен механизмдері меншікті капитал жеткіліктілігінің тәуекелдер деңгейіне байланысты мағыналы ауытқуларын анықтап, бағалау, сонымен қатар нәтижелерді қажетті құжаттарда тіркеу қажеттілігі.

Сонымен, біздің ойымызша, меншікті капитал операциялары бойынша бақылау жүйесін қалыптастырудың әдіснамалық көзқарастары дайындалуы керек.

Аталған көзқарастар айқындалған проблемаларды ескеретін, бақылауды жүйелі ұйымдастырудың, сонымен қатар банктің меншікті капиталын қалыптастыру ерекшеліктерін және тәуекелге бағытталуын ескеруі керек.

Меншікті капиталмен байланысты операциялар бойынша бақылау жүйесін қалыптастыру үшін қажетті негізгі шарттарға келесілер жатқызылады:

- «бақылау» және «бақылау қызметі» дефинициялар (түсініктер) мазмұнының ерекшеліктері, олардың диалектикасы;

- екінші деңгейдегі банктерде меншікті капиталды қалыптастыру ерекшеліктері, банктің тұрақтылығы мен өтімділігін қамтамасыз ету қажеттілігі;

- сыртқы ортамен қалыптастырылатын шектеулердің анықтылығы, меншікті капитал есебі мен бақылауын заңдар мен нормативті құжаттарға сәйкес жүргізілу қажеттілігі;

- жарғылық капитал қалыптастырудың міндеттілігінің сипаттамасы, жарғылық капитал қалыптастыру үдерісін қадағалау және бақылаудағы ерекше жағдайлары;

- екінші деңгейдегі банктегі меншікті капитал операциялары бойынша бақылау мақсаттарының акционерлер, клиенттер, инвесторлар мүдделерін көрсететін ерекшеліктері;

- бәсекелестік пен ішкі, сонымен қатар сыртқы тәуекелдердің ұлғаюы. Бұл банктің меншікті капиталының бақылау үдерістерінің тәуекелге бағытталуының қажеттілігін анықтайды.

Соңғы жылдардағы бухгалтерлік әдебиеттерде меншікті капиталға қатысты «таза активтер» термині жиі қолданылады.

Банктер үшін меншікті құралдар көрсеткіші таза активтер құнының көрсеткішіне сәйкес келеді. Сонымен бірге банк капиталының көрсеткіші банк құнын нарықтық бағалаудың негізгі факторы болып табылады [56].

Таза активтердің құнының көрсеткіші ұйымның өтімділік дәрежесін бағалау үшін еңгізілген.

Егер ұйымның таза активтерінің құны жарғылық капиталының ең төменгі көлемінен аз болса, онда ұйымды тарату жөнінде шешім қабылдану керек [57].

Бухгалтерлік есептің артықшылықтарының бірі – ол арқылы дамыған нарық қатысушыларының іскерлік қарым-қатынастары жүзеге асырылады. Ұйым туралы сәйкесті ақпаратта мүдделі кез-келген заңды немесе жеке тұлға бухгалтерлік ақпаратты қолданушы болып табылады. Осыған байланысты есептік ақпаратты қолданушылар ортасы пайда болады. Алайда, олардың мүдделеріне байланысты олардың ақпаратқа қоятын талаптары әр түрлі болып келеді. Біріншілеріне компанияға салынған капитал табыстылығы, екіншілеріне осы табысқа салынған салық, үшіншілеріне қызметтерді өндіруге кеткен еңбек ақысының толықтығы мен дер кездігі туралы ақпарат маңызды болады [58].

Нарықтық экономика жағдайларында қолданушылардың ақпараттық қажеттіліктеріне байланысты бухгалтерлік есептің келесі түрлері белгілі:

1. Қаржылық есеп сыртқы қолданушыларға бағытталған, яғни бухгалтерлік (қаржылық) есептілікті дайындауға қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету. Бухгалтерлік есептілікке сүйеніп инвесторлар ұйымға қаражаттарды салу туралы шешім қабылдайды, банктер несиелер беру мүмкіндіктерді анықтайды және акционерлер дивидендтер жайлы ақпарат алады. Сонымен қатар,

қаржылық есеп мәліметтері негізінде қолданушылар банктің қаржылық жағдайының перспективалары, өтімділігі және төлем қабілеттілігі жайлы қорытындылар жасай алады.

2. Басқару есебі басшылар мен менеджерлерге ұйымды басқаруда ұтымды шешімдер қабылдау үшін қажетті ақпаратпен (шығындар мен қаржылық нәтижелер жайлы) қамтамасыз етеді, яғни ішкі қолданушыларға бағытталған.

3. Салық есебі ҚР Салық кодексіне сәйкес ұйымның салық міндеттемелерін анықтау үшін ақпаратты қорытындау жүйесі болып табылады. Мемлекеттің салық органдары мен қазынашылығына есептік ақпарат бюджетке төленетін салықтардың дұрыстығын тексеру үшін маңызды [59].

Басқару есебі ұйым басшыларына жоспарлау, бағалау және бақылауды жүргізу үшін қажетті қаржылық ақпаратты сәйкестендіру, өлшеу, жинақтау, талдау, дайындау, түсіндіру үдерісі болып табылады. Бұл ақпарат компания ресурстарын оңтайлы қолдануға және олардың есебінің толықтығын бақылауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, басқару есебіне қаржылық есеп негізінде акционерлер, кредиторлар, мемлекеттік және салық органдарына маңызды ақпаратты дайындау да кіреді. Егер басқару бухгалтериясының бухгалтері қажетті толық, шынайы ақпаратты дайындап үлгермесе, менеджер ұйым қызметіндегі әр түрлі үдерістерді талдау және бақылауды жүргізе алмайды.

Нарық жағдайларының дамуына байланысты басқару есебі және осы есеппен ұсынылатын ақпарат кәсіпкерлік қызметті басқарудың механизмі болып табылады. Сонымен қатар, есеппен берілген ақпарат сапасы төмен және мерзімінен кеш жеткізілетін механизмдерін реформалау үрдісінен кейінге қалатын жағдайда алға қойылған нәтижеге қол жеткізу қиынға түседі. Сондықтан басқару есебі мен оның қамтамасыздығы экономикалық заңдардың талаптарына сай дамып тұруы маңызды [60].

Айтылғандарды қорытындай отырып, ұйымдағы басқару есебі оның менеджментінің кез-келген деңгейіндегі басқару міндеттерінің адекватты шешілуін қамтамасыз ету керек деп айтуға болады. Басқару есебінің маңызды элементтері болып табылатын стратегиялық және қысқа мерзімді басқарушылық талдау стратегиялық және тактикалық менеджменттің кезеңдерінде қабылданатын барлық басқару шешімдерін ақпаратпен қамтамасыз етеді [61].

Тәжірибеде көрсеткендей, банк қызметінің тиімділігі банктік өнімдердің өзіндік құнын қалыптастыру жайлы ақпаратқа тікелей байланысты болып келеді. Себебі банктік қызметтерге кеткен шығындар сату бағасын бекітуге, болжауға және басқаруға негіз болып табылады.

Сондықтан банктегі басқару есебін ұйымдастырудың басты мәселелерінің бірі – банктік операциялардың өзіндік құнын анықтау [62, с. 42].

Салық есебінің түсінігі ҚР Салық кодексіне байланысты еңгізілген. Салық есебі ұйымдармен пайдаға салынатын салық бойынша салық базасын анықтау үшін жүргізіледі. Салық есебі дұрыс толтырылған құжаттар негізінде бухгалтерлік есептің жалпы бекітілген регистрлеріне өзгерістер еңгізу немесе салық есебінің арнайы регистрлерін қолдану арқылы жүргізуге болады.

Салық есебі салық салу базасын анықтау және мемлекеттік бюджет пайдасына салықтық міндеттемені алу мақсатында қалыптасатын ұйымдардың қаржы-экономикалық қызметінің ақпараттық жүйесінің негізгі бөлімдерінің бірі. Салық есебінің түсінігі ҚР-ның 12.06.2001 жылдағы № 210-11 «Салықтар және басқа да бюджетке міндетті төленетін төлемдер жайлы» Кодексіне сәйкес еңгізілген. Салық есебі салық салу үшін қажетті салықтық кезеңдегі шаруашылық операциялар есебінің тәртібі жайлы толық және айқын ақпаратты қалыптастыру, сонымен қатар салықтардың толық және дер кезде есептеліп, төленуі жайлы ақпаратпен ішкі және сыртқы қолданушыларды қамтамасыз ету мақсатында жүргізіледі.

Салық есебінің ерекшелігі – бюджетке төленген салықтар мен төлемдер бухгалтерлік есеп шоттары мен регистрлерінде міндетті түрде көрсетіледі [63].

Банктегі бухгалтерлік есептің негізгі міндеттерінің бірі – банктік өнімнің өзіндік құнын және банк қызметінің нақты қаржылық нәтижесін анықтау болса, ал салық есебі салық салу базасын есептеу үшін қолданылады. Салық салу базасы банктің қаржылық нәтижесіне байланыссыз анықталады. Бухгалтерлік есеп пен салық есебінің тығыз байланыстары салық есебіндегі ақпараттың бухгалтерлік есеп мәліметтерінен алынып, салық заңдары талаптарына сәйкес түзетілетінімен түсіндіріледі.

Екінші деңгейдегі банктер салықтар бойынша есеп-айрысулар есебін жүргізу үшін қолданылатын шоттардың дебети бойынша шығыстарға жіберілетін салықтар сомасы жазылады. Шоттардың кредиті бойынша - болған шығындар сомалары есептен шығарылады [64,с. 329].

Салық декларациясын толтыру ережелері және ҚР Салық кодексіне сәйкес салықтар мен төлемдерді есептеу ережелері салық есебін қалыптастырудың әдіснамалық негізі болып табылады.

Сонымен бухгалтерлік есеп түрлерінің келесі айырмашылықтарын атап өтуге болады:

- басқару есебінде заңмен бекітілген шектеулер мен нормативтерге сәйкестілік талап етілмейді. Ең бастысы – менеджерді жоспарлау, бақылау және шешім қабылдауға қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету;

- қаржылық есептер ұйымда орындалған операциялар бойынша белгіленген мерзімге дайындалады. Басқару есебінің қорытындылары күн сайын, апта сайын немесе ай сайын дайындалады, яғни қажеттілік пайда болған кезде шұғыл талап етіледі;

- бухгалтерлік есептің негізгі мақсаты банктік қызметтердің өзіндік құнын анықтау болса, салық есебі банктің салық салу базасын есептеу үшін қолданылады;

- қаржылық есептіліктің негізгі ерекшелігі объективтілігі мен шынайылығы болса, ал басқару есебіне келетін болсақ, оны ұсыну жылдамдығы басты критерий болып табылады.

Аталған есеп түрлерінің кестедегі айырмашылықтарымен қатар сәйкес келетін жерлерін айтуға болады:

- бастапқы есеп мәліметтерінің негізгі бөлігі қаржылық есепте, басқару

есебінде, сонымен қатар салық есебінде де қолданылады;

- банктік өнімдердің өзіндік құнын анықтау, яғни шығындар есебі қаржылық есепте де, басқару есебінде де жүргізіледі;

- бухгалтерлік есеп әдістерінің барлық элементтері бірдей екі есепте де қолданылады;

- салық есебінде қолданылатын ақпарат басқару және қаржы есебінің қорытындылары болып табылады.

Капиталды реттеу және экономикалық бағалаудың бір-бірінен негізгі айырмашылығы бағалау мақсаттары мен субъектілерінде. Банктің реттеуіш капиталы қадағалау органдарының нормативтеріне сәйкес келтіру мақсаттарында есептеледі. Бұл бағалаудың негізгі субъектілері – есептілік қалыптастыруда осы бағаны қолданатын екінші деңгейдегі банктер және бекітілген нормативтердің орындалуын тексеретін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі. Банктің экономикалық капиталы бағалаушы алдына қойылған міндеттерге капитал адекваттылығын анықтау мақсатында есептеледі. Егер экономикалық капиталды есептеуді банктің өзі жүргізетін болса және негізгі мақсаты банктің тәуекелдеріне капитал адекваттылығын анықтау болса, онда экономикалық капитал тәуекелдерден болатын шығындардың орнын толтыру резерві ретінде есептеледі және есепке меншікті капиталдың осы талапты қанағаттандыратын баптары алынады. Капитал есептеуді тәуелсіз аудиторлар жүргізетін болса, онда экономикалық капитал есептеу банк қызметінің болашақтағы перспективаларын анықтау мақсатында болғандықтан есепке тәуекелдерді жабу баптарымен қатар капиталдың банктік қызметті кеңейтуге бағытталған баптары және нақты қызмет ететін баптары, олардың рентабельділігін ескере отырып алынады.

Банктің экономикалық капиталы да, реттеуіш капиталы да баланстық немесе нарықтық баға негізінде есептеледі. Тәжірибеде банктің реттеуіш капиталы баланстық бағамен есептеледі. Алайда реттеу органдарының талаптары өзгертін болса, мысалы капиталдың нарықтық тәуекелдерге адекваттылығын анықтау мақсатында баланстық бағаның орнына нарықтық баға қолданылуы мүмкін.

Екінші деңгейдегі банктердің меншікті капиталын бағалауды келесі субъектілер жүргізуі мүмкін:

- банктің иелері және басшылары;
- банктің салымшылары (кредиторлары);
- банк клиенттері;
- қадағалау органдары (ҚР ҰБ және т.б.);
- банктің бәсекелестері;
- банктің серіктестері;
- рейтингтік агенттіктер.

Аталған субъектілердің барлығы негізінен талдау мақсатына байланыссыз реттеуіш көзқарасты қолданады, себебі бұл әдістемелік ыңғайлы жүйеленген, ақпараттық базасы басылымдағы есептілік мәліметтер ретінде қол жетімді, аса көп шығындарды талап етпейді, ең бастысы – реттеу органдарының

талаптарына сай келеді.

Банк капиталын банктік бизнес құны деп анықтайтын болсақ, онда бизнесті бағалаудың көзқарастарын атап шығуымыз керек: шығынды, табысты және салыстырмалы. Ең жиі қолданылатын шығынды көзқарас, себебі осы әдіс кәсіпкерлік қызметпен байланысты көптеген шығындарды бағалауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар бұл әдіс орнын толтыру, ең жақсы және ең тиімді қолдану, тепе-теңдік қағидасына негізделеді. Бұл қағида - бизнестің ең жоғарғы құны деп эквивалентті пайдалы объектіні (банктік бизнестің басқа түрі) сатып алуға болатын ең төменгі бағаны алады.

Табысты көзқараста бағалаудың негізгі мақсаты - бизнестің ағымдағы және болашақтағы табысын анықтау. Бағалау объектісінің табысы көп болған сайын, оның нарықтық құны жоғары болады. Салыстырмалы әдіс бағаланатын банктің құнын нарықтағы қызмет көрсетіп жатқан басқа банктердің құнымен салыстыруға негізделеді. Бұл әдістер әр түрлі ақпараттарға негізделгендіктен капиталға берілген бағалары да бірдей болмауы мүмкін. Сонымен қатар бағаға нарықтағы басқа да факторлар әсер етеді. Сондықтан аталған үш көзқарастар бір-бірімен байланысты және әр қайсысы белгілі мақсаттарға сәйкес қолданылады.

Осы жердегі назар аударатын мәселе – таза активтер немесе банктің меншікті капиталы баланстық немесе нарықтық бағалау негізінде реттеуіш немесе экономикалық капитал ретінде бағалануы мүмкін. Көптеген себептерге байланысты тәжірибеде ең жиі қолданылатын әдістемеліктердің бірі – реттеуіш капиталды есептеу.

Біріншіден – мемлекеттік реттеу банктік қызметтің тұрақты бөлігі, себебі банктік бизнес реттеуді талап ететін тәуекелдің көптеген түрлерімен тығыз байланысты. Екінші деңгейдегі банктердегі қысқа мерзімді міндеттемелер клиенттер тарапынан сенімділік төмендегенде бірденнен қайтарылу керек. Банктердегі клиенттердің салымдары жаппай алынғанда барлық банктердің шұғыл түрде өз несиелік портфелін жоюға мүмкіндіктері бола бермейді. Сонымен қатар банк өз тәуекелдерін басқа банктердің клиенттеріне әсерін ескермейді. Осыған байланысты соңғы жылдары екінші деңгейдегі банктердің меншікті капиталының көлемі мемлекет тарапынан қатаң реттеліп отырады. Екінші деңгейдегі банктер мемлекеттік тіркеуден өту үшін жарғылық капиталдың міндетті ең төменгі деңгейін қалыптастырып, қызмет ету кезеңінде осы көлемді төмендетпеу керек. Сондықтан екінші деңгейдегі банктер қадағалау органдарына қаржылық есептілік беру үшін реттеуіш капитал көлемін әрдайым бағалап тұруға міндетті.

Екіншіден – реттеуіш капитал есептеу әдістемелігі жүйеленген және барлық екінші деңгейдегі банктерге олардың салалық, ұйымдастырушылық-құқықтық, бәсекелестік және т.б. ерекшеліктеріне байланыссыз бірдей қолдануға келеді.

Үшіншіден – реттеуіш капитал есептеу әдістемелігі қолдануға ыңғайлылығы тәжірибеде дәлелденген. Ал экономикалық капиталды есептеу

әдісі әр банктің жеке дара ерекшеліктеріне негізделеді, сондықтан көп жағдайларда нәтижесінің объективтілігі күмәнді деп айтуға болады.

Ендігі кезекте отандық екінші деңгейдегі банктердің реттеуіш капиталын есептеу әдістемелігін қарастырамыз.

Банктік қадағалаудың Базель комитетінің талаптарына сәйкес екінші деңгейдегі банк капиталының құрылымын келесідей көрсетуге болады.

Банктің меншікті капиталы оның бірінші деңгейдегі капиталы және екінші деңгейдегі капитал сомасы ретінде есептеледі.

Бірінші деңгейдегі капитал, өз кезегінде, негізгі капитал және қосымша капитал қосылғандағы сома болып есептеледі.

1) ал негізгі болып табылатын капитал келесі сомалардан тұрады:

- төленген жәй акциялар;

- 2018 жылдың 1-ші қаңтарынынан бастап миноритарлы акционерлерге (өзге тұлғаларға) тиесілі болып келетін еншілес банктермен шығарылған төленген жәй акциялар;

- қосымша төленген капитал;

- өткен жылдардағы бөлінбеген таза пайда;

- ағымды жылдағы бөлінбеген таза пайда.

2) *қосымша* капиталға нәтижесінде бір уақытта бір тұлғада қаржы активі және екінші тұлғада қаржылық міндеттеме пайда болатын мерзімсіз келісімдер, сонымен қатар төленген артықшылықты акциялар.

Банктің *екінші деңгейдегі* капиталы банктің сатып алынған меншікті субординациялық қарызын шегергендегі субординациялық қарыз ретінде есептеледі.

Банк міндеттемелер сомасы егерде оның активтерінен артық болса, оның меншікті капиталының мәні теріс болады. Банктің меншікті капиталының теріс мөлшері анықталған жағдайда Қазақстан Республикасы Үкіметімен келісімі бойынша оның акционерлерінің акцияларын мәжбүрлі түрде сатып алуға шешім жасауға және ол көздерді банк капиталын көбейтуге, инвестордың міндеттемелерін есепке алып, оның қалыпты деңгейде қызмет істеуіне кепіл болатын шарттар бойынша жаңа инвесторға сатылып алынған құнмен дереу сатуға құқысы бар.

Үкіметпен банк акцияларының мәжбүрлі түрде сатылып алынуы (акционерлердің үлесін) кейіннен жаңа инвесторларға сату мақсатында шешім қабылдаған күні оның міндеттемелер сомасы шегеріліп, банк активтерінің бағасына негізделген құн бойынша жүзеге асырылады. Банкпен сатылып алынған акциялар олармен сатылып алынған құн бойынша дереу сатылады.

Екінші деңгейдегі банктердің мәжбүрлеп сатып алынған акцияларына байланысты иелерінің құқықтары мен міндеттері акцияларды сатып алған инвесторға ауысады. Банк акцияларын мәжбүрлеп сатып алу және оларды міндетті түрде жаңа инвесторға сату ережелерін Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі бекітеді [65].

Негізгі капитал көлемі нольге тең немесе теріс мәнді болса қосымша капитал көздері банк капиталы есебіне алынбайды.

Егер жоғарыда айтылғандай банк капиталының көлемі нольге тең немесе теріс мәнді болып шықса ҰБ тарапынан банктің қаржылық жағдайын жақсарту шаралары қолданылады [16].

Бухгалтерлік есеп жүргізудегі капиталды қолдау концепциясы ертеректен белгілі болған. Бұл концепцияның негізі ретінде - кредиторлар мүдделерін қорғау мақсатында шаруашылық жүргізуші субъекті капиталының көлемі, дивидендтерге бөлуге дейін, өзгеріссіз деңгейде сақталуының идеясы жатыр. Капиталды бір қалыпта ұстау концепциясы есептілік беруші субъектінің өз қызметінің нәтижелерін есептеуде капиталдың ең төменгі минималды деңгейін анықтауды талап етеді. Осы мақсатта бухгалтерлік есептің әр түрлі модельдері, әр түрлі базалары қолданылады. Өзіндік құн бойынша есептеу моделінде өзгеріссіз бір қалыпта ұсталынатын капитал ретінде номиналды капитал, СРР моделінді – бастапқы капиталдың сатып алу қабілеттілігі, ССА моделінде физикалық капитал, NZSA және AARF моделінде капиталды қолдау туралы айтылған, бірақ, нақты қандай капитал екені белгісіз [66].

Банктің меншікті капиталы, банкпен белгілі бір мерзімге жинақталған ақшалай құралдардың резервтері, материалдық, қаржы активтерінің ақшалай формадағы қорлары.

Банк капиталы, экономикалық ресурс ретінде банк қызметінде тікелей қолданылады және белгілі ерекшеліктермен сипатталады:

- депозиттердің қажетті көлемін тартуға дейінгі банкті құруға, ұйымдастыруға және оның қызмет етуіне, қажетті құралдар болып табылады;
- банк өсуіне және жаңа өнімдер шығаруға жағдайлар жасайды;
- банк клиенттері сенімділігін, банктің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етеді;
- банк қызметін реттеу құралы ретінде, ұзақ мерзімді жоспарда, банктің өсіп, дамуына әсер етеді.
- меншікті капитал құралдарын ағымды шығындардың орнын толтыруға қолдану арқылы, банк банкроттылық жағдайынан сақталады.

Банк қызметі тәуекелдермен тығыз байланысты болғандықтан, оның меншікті капитал көлемі жеткілікті, активтерінің құрамы мен құрылымы жағынан, банктік тәуекелдерге адекватты болуы аса маңызды. Ол банктер мен мемлекеттік реттеу органдарына, сонымен қатар, банк кредиторлары, акционерлері, инвесторлар, биржалар мен рейтингтік агенттіліктер үшін де өте қажетті ақпарат.

Банктің меншікті капитал көлемінің қате бағалануы көптеген келеңсіз жағдайларға әкелуі ықтимал. Егер меншікті капиталдың көлемі артығымен бағаланса, онда қадағалау органдарына, салымшыларға, акционерлерге, инвесторларға капитал көлемі және оның жеткіліктілігі туралы қате ақпарат беріледі. Егер де банктің меншікті капиталы нақты көлемінен кем анықталған болса, онда банктің активті операциялары қысқарады, оның табысы да төмендейді. Банктің меншікті капиталының көлемі дұрыс есептелмеген жағдайда (яғни банктің меншікті капитал көлемі адекватты болмайды), банктің тиімді қызметінің көрсеткіштері, оның нақты жағдайын көрсете алмайды.

Сондықтан отандық екінші деңгейдегі банктер үшін меншікті капитал көлемін объективті бағалау өзекті мәселе болып табылады [67].

Әлемдік банктік тәжірибеде банк капиталының жеткіліктілігін бағалаудың бірнеше тәсілдері қолданылады. Алайда көбіне бұл тәсілдер бір-біріне қарама қайшы келетін нәтижелер береді. Себебі, банктер капитал есебінің әр түрлі стандарттарын қолданады:

- баланстық баға бойынша есеп;
- нарықтық құн бойынша есеп;
- «бухгалтерияның реттелетін» қағидалары бойынша немесе реттеу органдарының талаптарына сәйкес есеп.

1. Капиталдың *балансты құнын* бағалау. Меншікті капитал балансты әдіс негізінде анықталады, яғни банктің активтері мен міндеттемелері банктің қаржылық есебінің белгілі мерзімге алынған мәліметтеріне сәйкес, оларды иеленуге немесе кезіндегі құны бойынша бағаланады:

Капиталдың баланстық құны = Банк активтерінің баланстық құны – Банк пассивтерінің (қарыздарының) баланстық құны (4)

Бұл әдіс банк капиталының құнын бағалаудың ең қарапайым жолдарының бірі, оған қосымша қаржы құралдары мен арнайы білімдердің қажеті жоқ, тек қана банктегі бухгалтерлік есеп мәліметтері жеткілікті. Алайда, уақыт өткен сайын проценттік ставкалардың өзгеруі және берілген несиелер бойынша қарыз алушылармен міндеттемелердің орындалмауы, банктің активтері мен міндеттемелерінің нақты құнының, олардың баланстық құнынан белгілі ауытқуларға әкеледі. Осындай себептерге байланысты, банктің меншікті капиталының көлемі дұрыс бағаланбайды, яғни адекватты емес және банк салымшылары мен акционерлерін тәуекелдерден қорғау дәрежесін анықтаудағы нәтижелері де сенімсіз болады. Меншікті капитал көлемін баланстық бағалаудың адекваттылығы - бухгалтерлік ақпараттың қаншалықты нарықты ортада банк капиталының нақты табыстылығы мен тәуекелдер деңгейін көрсететініне тікелей байланысты. Сондықтан, аталған әдістің негізгі кемшілігі қаржы нарығындағы келесі өзгерістер ескерілмейді: проценттік ставкалардың, қаржы құралдарына баға белгілеудегі валюталық курстардың, берілген несиелердің мерзімінде қайтарылуы және т.б. Банктің меншікті капиталын, аталған өзгерістерді толық ескере отырып бағалау үшін, альтернативті әдістердің бірі - банк активтері мен міндеттемелерін нарықтық құн бойынша бағалау.

2. Банктің меншікті капиталын бағалаудың *нарықтық құн* әдісі банк иелері мен басқарушыларына, акционерлері және инвесторларға ең тиімді болып есептеледі:

Банк капиталының нарықтық құны = Банк активтерінің нарықтық құны – Банк пассивтерінің (қарыздарының) нарықтық құны (5)

Банк акцияларының нарықтық құны күтілетін ақша ағындарының ағымдағы бағасына тең болу керек. Банк активтері мен пассивтерін нарықтық әдіспен бағалағанда қаржылық қатынастардың негізгі элементтерін талдау мүмкіндігі болады: акшалай ресурстарды, уақытты (дисконттау процесі) және тәуекелді (проценттік ставка). Нарықты модель арқылы қаржы нарығының көптеген факторларының өзгерістерін ескере отырып, есептелген банктің меншікті капиталының көлемі, баланстық әдіспен салыстырғанда сенімді, әрі толық болады

Аталған әдіспен банк капиталының құнын жуық шамамен келесі формула арқылы есептеуге болады.

*Банк капиталының нарықтық құны = Шығарылған акциялардың ағымды курстық құны * Шығарылған акциялар саны* (6)

Меншікті капитал көлемін нарықтық құн бойынша бағалау, банкті банкроттылық тәуекелінен сақтаудың нақты деңгейін және банктің төлем қабілетсіздігін толық айқындауға мүмкіндік береді. Тәжірибеде меншікті капиталдың нарықты құнын анықтау үшін банктің активтері мен міндеттемелері нарықтық құн бойынша есептелуі керек. Себебі, активтер мен міндеттемелердің баланстық құнымен салыстырғанда, тәуекелдерді есептегендегі нарықтық құны артық немесе кем болуы мүмкін. Валюталық тәуекел, проценттік тәуекел, өтімділік тәуекелі, несиелердің мерзімінде қайтарылмауы, нарықтық тәуекел және т.б. Банк капиталын нарықтық құны бойынша бағалауда, барлық болашақ ақша ағындарының ағымды құнына проценттік ставкалардың өзгерулерінің әсері ескерілуі керек. Бұл әдістің бір кемшілігі: ірі банктердің нарықтық құнын анықтауға өте ыңғайлы, ал ұсақ банктердің капиталының нарықтық бағасын есептеуге күрделі болып келеді.

3. «Бухгалтерияның реттелетін қазғидалары» бойынша банк капиталының көлемін есептеу. Осы әдісті мемлекеттік реттеу органдары екінші деңгейдегі банктердің меншікті капиталын есептеуде қолданады:

«Бухгалтерияның реттеу қазғидалары» бойынша банк капиталы = Акционерлер капиталы (жай акциялар, бөлінбеген пайда және резервтер) + Артықшылығы бар бар акциялар бөлігі + Резервтер + Субординациялық міндеттемелер + Басқалары (7)

Банк қызметін реттеу органдары банк сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында есептелетін капитал құрамына келесі баптарды кіргізеді:

- 1) қарыз міндеттемелерін;
- 2) еншілес компаниялардағы банктің үлесін;
- 3) несиелердің орнын толтыру резервтерін [68].

Осы элементтердің ескерілуіне байланысты бұл әдіс арқылы банктердің нақты қаржылық жағдайы қате бағаланып, реттеу органдары мен қоғамға, қате ақпараттар беріледі. Айтылған кемшіліктеріне қарамастан, тәжірибеде

«бухгалтерияның реттелетін» қағидалары бойынша капитал көлемін бағалау - ең жиі қолданылатын тәсіл болып табылады [69].

Банктің меншікті қаражаттарына салымдар салу банкті қаржыландырудың тиімді нысандарының бірі және ол жүйелік тәуекелдердің алдын алуға өз ықпалын тигізеді.

Соңғы жылдары жиі болып тұратын банктердің банкроттылық жағдайларының салдарын жою және олардың қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында, банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетімен жаңа ұсыныстар қабылданды.

Бұнда аса ірі банктерге меншікті капиталды бір жарым еседен артық қалыптастыру талабы қойылады, сонымен қатар акционерлік капиталға басты назар аудару көзделеді [70].

Айтылған өзгерістер ҚР-ның Президенті жанындағы қаржылық тұрақтылық және қаржы нарығын дамыту жөніндегі Кеңестің 2010 жылдың 10-шы қазанындағы және 2011 жылдың 11-ші қарашасындағы отырысында қаралып, Қазақстанда Базель III халықаралық стандарттарын енгізу мерзімі 2013 жылдың 1-ші қаңтары деп белгіленді.

Базель III келесі талаптарды бекітті:

- жәй акциялар және бөлінбеген таза табысты бір-бірінен бөліп қарастыру;
- осы кезеңде, яғни он жыл аралығында мерзімі анықталмаған қаражаттарды алып тастау көзделеді.

Базель III сәйкес бекітілген кезеңде келесі міндеттер орындалу қажет:

- акциялар мен резервтерден «басты капитал» құру;
- мерзімі анықталмаған қаражаттарды шегеру.

Базель III меншікті капитал құрамын келесідей қалыптастыруды ұсынады:

- бірінші деңгейдегі капитал құрамындағы гибридты қаражаттар екінші деңгейдегі капиталға қосылады;
- екінші деңгейдегі капитал құрамында динамикалық резервтер қалыптастыру талап етіледі.

Халықаралық есеп айырысулар банкінің зерттеу жұмыстары негізінде қазақстандық банктердің жүйелі тәуекелдерге және қолайсыз факторларға тұрақтылығын қамтамасыз ете алатын капитал деңгейін бағалау жүргізілді. Оның қорытындыларын төмендегі 3-кестеден көруге болады.

Кесте 3– Қазақстандық банктер үшін анықталған капитал құрылымы, %

Капитал құрылымы	Қазақстандық банктер үшін мәні	Базельмен бекітілген мәні
1	2	3
Негізгі капитал	7	4,5
Қосымша капитал	2	1,5
I – деңгейдегі капитал	9	6
II-ші деңгейдегі капитал	3	2

3 – кестенің жалғасы

1	2	3
Капиталдың жалпы деңгейі	12	8
Консервациялық буфер	3	2,5
Консервациялық буферді есепке алғандағы капиталдың жалпы деңгейі	15	10,5
Контрциклдық буфер	0-3	0-2,5
Жүйе құрушы банктер үшін капитал буфері	1	1-2,5
Ескерту – Қазақстанда Базель стандарттарын енгізу әдістемелігінің анықтамасы [70]		

Базель III талаптарына байланысты келесі өзгертулер енгізу қарастырылады:

- консервациялық буфермен есептегенде банктің негізгі капиталы жеті процент көлемінде болу керек;
- бірінші деңгейдегі капитал сегіз проценттен жоғары жоспарланды;
- меншікті капиталдың көлемі консервациялық буфермен қосқанда он проценттен астам болуы талап етіледі.

Банктік тәуекелді есептегендегі капитал адекваттылығына қойылатын талаптар (Common Equity Tier 1):

- қазақстандық банктердің негізгі капиталының жеткіліктілік деңгейі тәуекелді активтер сомасының 7%-нен кем болмауы керек;
- банктің бірінші деңгейдегі капиталы, тәуекелді активтердің 9%-нен кем болмауы керек және сәйкесінше, екінші деңгейдегі капитал, тәуекелді активтердің 3%-нен артық болмау керек. Сонымен, капитал буферін есептемегенде, банк капиталының жалпы деңгейі тәуекелді активтердің 12%-ін құрайды.

Консервациялық буфер стрессті жағдайларда шығындырды жою үшін қолданылады. Оның деңгейі банктерді стресс-тестілеу арқылы анықталады. Консервациялық буфер көлемі тәуекелді активтердің 3% мөлшерінде құру қажет деп шешілген.

Базель стандарттарымен қосымша жүйелік буфер бекітілді, оның көлемі әр жүйе құрушы банк үшін оның үлесіне қарай, тәуекелді активтерінің 1%-нен 2%-не дейін белгіленеді. Қазақстандағы жүйе құрушы банктер үшін капитал буфері - тәуекелді активтердің 1% көлемінде анықталады.

Капиталдың контрциклдық буфері несиелердің өсу қарқынын төмендету мақсатында құрылады. Оның мәні тәуекелді активтердің 3% деңгейінде бекітіледі. Шектен тыс өсу кезеңін анықтау үшін, несиелердің жалпы ішкі өнімге қатынасының көрсеткіші қолданылады. Контрциклдық буфер көлемін 1%-тен үш жыл ішінде 3%-ке жеткізу керек [71].

Сонымен қатар, Базель III ұсынған талаптарды орындай алу мүмкіндіктерін анықтау мақсатында қазақстандық екінші деңгейдегі банктердің капиталдарының ағымды деңгейін бағалау жүргізілген. Базель III банктердің реттеу капиталын құрайтын құралдарға қатаң талаптар бекітілді. Бекітілген

критерийлерге сәйкес келмейтін құралдар меншікті капитал құрамынан біртіндеп шығарылады. Қазіргі кезде Базельмен бекітілген критерийлерге тәуекелді активтердің 3,6%-ті немесе банктердің меншікті капиталының жалпы деңгейінің 24%-ті сәйкес келмейтіні белгілі.

Жалпы алғанда, банктердің қосымша капитализациялануының қажетті деңгейі 324 млрд. теңге (тәуекелді активтердің 5,08%-ті), соның ішінде капиталдың жалпы деңгейінің қосымша капитализациялануы 143 млрд.теңге (тәуекелді активтердің 2,72%-ті) және консервациялық буферді қосымша капитализациялау 180 млрд. теңге (тәуекелді активтердің 2,83%–тін) құрайды.

Динамикалық провизиялар - күтілетін несиелік шығындардың орнын жабуға арналған. Динамикалық провизиялар бірінші деңгейдегі капиталдың құрамына емес, екінші деңгейдегі капитал құрамына кіреді (тәуекелді активтердің 1,25%–нен жоғары емес көлемінде ғана). Жаңа талаптар, бұрынғыдай ұсыныс қана емес, міндетті түрде орындалатын шарттары болады және Базель комитетіне кіретін елдердің банк заңнамасына міндетті түрде кіруі қажет.

Қазақстандық банктер Базель III стандарттарына 2013 жылдың 1-ші қаңтарынан бастап 2019 жылдың 1-ші қаңтарына дейін өту керек.

Банктердің ұсыныстарын ескере отырып жаңа стандарттарды енгізудің тәртібі дайындалды.

– бес жыл ішінде (2013-2017 жж) Базель III стандарттарына сәйкес келмейтін қаржылық құралдарды алып тастау және консервациялық буфер қолдану;

– үш жыл ішінде (2016-2018жж) капиталға қойылатын талаптарды біртіндеп күшейту.

– Базель III талаптарына сәйкес, банк консервациялық буфердің қажетті көлемін орындамаса, оған санкциялар қолданылмайды, тек қана табысты қолдануға шектеулер қойылады [72].

Қадағалау органдары экономикалық нормативтерді бекіту арқылы банктердің активті, пассивті операцияларын бақылау және реттеу жүргізе отырып, әр банктің және жалпы банк жүйесінің тұрақтылығын, сенімділігін, өтімділігін қамтамасыз етеді. Банктің меншікті капиталы өзінің қызметтерін толық орындау үшін, оның көлемі жеткілікті және банктік тәуекелдерге адекватты болу керек.

Әрбір несие беруші мен жалпы банк жүйесін қорғау мақсатында банк қызметін басқару және реттеудегі басты түсініктер: тәуекел және банктің меншікті капиталы. Меншікті капиталдың жеткілікті көлемі жеке банкті шығындардан қорғап, жалпы банк жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, меншікті капитал, тәуекелі жоғары операциялар көлемін шектейді. Жеке алынған бір банктің тәуекелдер деңгейі меншікті капитал көлемін кәсіпорынның тиімділігі көзқарасынан және реттеу көзқарасынан анықтайды. Банктік тәжірибеде меншікті капиталға реттеу және ішкі банктік (экономикалық) талаптар бір-біріне қарама-қайшылықта болып жатады.

Банктік реттеудің Базель комитетінің екінші деңгейдегі банктердің

меншікті капиталына қатысты нормативтері ең тиімді болып саналғанымен, олар әр банктің ерекшеліктерін толық ескере алмайды. Сондықтан, екінші деңгейдегі банктердің меншікті капиталына қойылатын талаптарды реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттар дайындағанда елдің банк жүйесінің дамуының нақты жолдары мен кезеңдері, банктік операциялардың ерекшеліктері мен қаржылық тәуекелдердің құрылымы ескерілгені дұрыс деп ойлаймыз [73].

Екінші деңгейдегі банктердің меншікті капитал көлеміне қойылатын банктік реттеудің Базель комитетінің жаңа талаптарының мақсаты – реттеу талаптарын экономикалық талаптарға мүмкіндігінше жақындату. Нұсқаудағы қорғау функцияларын орындау негізінен, банктің есептілігіндегі көрсетілген капиталдың нақты және банк тәуекелдеріне адекватты болуын талап етеді. Сондықтан, осы мәселедегі шешуші фактор – банктің меншікті капиталының, активтері мен пассивтерінің бағасы және есебі, олардың басқару талаптарына сәйкес жүргізілуі. Екінші деңгейдегі банк капиталының адекваттылығы - активтер сапасына, банкті басқару сапасына, банк саясатына және банктің тәуекелдерге бейімділігіне тікелей байланысты деп айтуға болады [74].

«Меншікті капитал» түсінігін экономикалық және есептік категория ретінде зерттеу бізге келесі қорытындылар жасауға әсер етті. Қазіргі жағдайларда «капитал» термині ұйымның активтерін қалыптастырудың жиынтық көздері ретінде қолданылады. Нарықтық экономикадағы бухгалтерлік есеп концепциясында капитал «иелердің салымдары мен ұйым қызметінің нәтижесінде жинақталған пайда» болып табылады. Сонымен қатар, капиталдың құрамы мен құрылымын анықтайтын келесі бухгалтерлік мазмұны оның келесі элементтерін бөліп көрсетеді: жарғылық (шығарылған) капитал, төленбеген капитал, эмиссиялық табыс, резервтік капитал және бөлінбеген пайда (жабылмаған зиян)»

Екінші деңгейдегі банктердің оңтайлы инвестициялық саясат жүргізуінің негізгі мақсаттарының бірі инвесторлар мен кредиторлардың қаражаттарын тарту. Сондықтан отандық екінші деңгейдегі банктердің қаржылық есептерінде меншікті капитал жайлы жан-жақты толық ақпараттың ұсынылуы өте маңызды мәселелердің бірі. Алайда, қаржылық есептегі капитал жайлы ақпараттың сыртқы және ішкі қолданушыларға маңызы жоғары болғанына қарамастан, тәжірибедегі капиталдың есепте көрсетілу әдістемелігінде қарама-қайшылықтар мен қателер жеткілікті деп айтуға болады. Жаңа ережелер бойынша құрастырылған бухгалтерлік есеп қазіргі кезде ұйым капиталы жайлы толық, шынайы және ашық ақпаратты ұсыну талаптарына бағытталған. Отандық екінші деңгейдегі банктердің қаржылық есеп формаларында меншікті капитал акционерлік капитал, резервтік капитал, эмиссиялық табыс және бөлінбеген пайда баптарына бөлінеді [75].

Сол себептен, аталған диссертациялық зерттеуде капитал элементтерінің кейбір операциялары есебінің әдіснамасын ұсынған жөн деп ойлаймыз.

Акционерлік қоғамның капиталы «қарыз капиталы», «пайда», «табыс», «зиян» және т.б. есептік категориялар болып табылатын элементтермен тығыз байланысты. Ресейлік әдебиеттерде капиталды жарғылық, резервтік және

бөлінбеген пайдаға бөлу қарастырылады. Банктің нарықтық құнын бағалаудың негізгі факторлары ретінде оның меншікті капиталының көрсеткіші алынады [76].

ҚЕХС капитал баптарын жіктеу мәселелерін әрбір компания өз еркінше қаржыландыру көздерінің құрылымына байланысты шешеді деп белгілеген.

Екінші деңгейдегі банктердің меншікті капиталының құрылымын келесі кестемен көрсетуге болады (кесте 4):

Кесте 4 – Банктің меншікті капиталының құрылымы

Банктің бухгалтерлік баланс баптары бойынша капитал баптары	Банктің бухгалтерлік баланс бабының сипаттамасы
1	2
Акционерлік капитал	Акционерлер салымдарының жиынтығы
Сатып алынған капитал	Қайта сату немесе жою үшін акционерлерден банкпен сатып алынған акциялар
Эмиссиялық табыс	Жарғылық капитал қалыптастыру үдерісінде пайда болған акциялардың сату және номиналды құнының арасындағы айырма
Резервтік капитал	Банктің жарғысына сәйкес бөлінбеген пайдадан аударымдар нәтижесінде құрылған. Зияндардың орнын жабуға және пайда болмағанда дивидендтерді төлеуге кетеді
Бөлінбеген пайда	Таза пайданың бір бөлігі
Ескерту – [67] әдебиет бойынша автормен жасақталды	

Капитал көлемінің өзгеріп тұруына байланысты, қаржы-экономикалық көзқарастан капитал есебінің шоттарын тұрақты және өзгермелі деп бөлуге болады. Жарғылық капитал банк капиталының тұрақты шотына жатады. Сондықтан баланста акционерлердің жалпы жиналысы капиталды көбейту немесе азайту туралы шешім қабылдағанша өзгеріссіз болады.

Капиталдың өзгермелі шоттарына резервтік капитал және банк қызметінің қаржылық нәтижелері жатады.

Банк капиталы жайлы ақпаратты көрсету үшін баланстың «Меншікті капитал» бөлімі бар, ол келесі баптардан тұрады:

- жарғылық капитал;
- сатып алынған меншікті үлес құралдары;
- эмиссиялық табыс;
- резервтер;
- бөлінбеген пайда.

Шоттардың типтік жоспарының III «Меншікті капитал» бөлімі аталған баптарға сәйкес шоттардан тұрады [77].

Бірінші бөлім бойынша тұжырым

Жоғарыда айтылғандардың қорытындысы ретінде меншікті капитал банктің тұрақтылығының жалпылама сенімділігін қолдау арқылы банк өтімділігі бойынша проблемалар туындаған кезде банктің бір қалыпты қызмет етуін, банк жойылған кезде жеке тұлғалардың салымдарын және несиелер мен инвестициялар жоғалтулары бойынша кредиторлардың мүдделерін банкті жою немесе қайта құрылымдау жолымен қорғауды қамтамасыз етеді, сонымен қатар активтерді қаржыландырудың негізгі көзі болып табылады.

Екінші деңгейдегі банктің бухгалтерлік есебінің теориясы мен әдіснамасы көзқарасынан коммерциялық қызметінің негізі ретінде меншікті капитал оның тәуелсіздігін қамтамасыз етіп, банк қызметіндегі әр түрлі тәуекелдердің негативті салдарын төмендетудің көзі ретінде қаржылық тұрақтылығының кепілдігі болады.

Демек, банктің меншікті капиталы оның жеткілікті және адекватты көрсетілуінде банктің қаржылық есептілігінің ішкі және сыртқы қолданушылары мүдделі болып табылатын негізгі маңызды көрсеткіш деп айтуға болады.

«Меншікті капитал» түсінігін экономикалық және есептік категория ретінде зерттеу бізге келесі қорытындылар жасауға әсер етті. Қазіргі жағдайларда «капитал» термині ұйымның активтерін қалыптастырудың жиынтық көздері ретінде қолданылады. Нарықтық экономикадағы бухгалтерлік есеп концепциясында капитал «иелердің салымдары мен ұйым қызметінің нәтижесінде жинақталған пайда» болып табылады. Сонымен қатар, капиталдың құрамы мен құрылымын анықтайтын келесі бухгалтерлік мазмұны оның келесі элементтерін бөліп көрсетеді: жарғылық (шығарылған) капитал, қосымша төленген және төленбеген капитал (қайта бағалау резервтері), эмиссиялық табыс, резервтік капитал және бөлінбеген пайда (жабылмаған зиян)».

Банктің меншікті капиталына есептік-экономикалық категория ретінде келесі авторлық анықтама жасалды: банктің меншікті капиталы – *оның ерекше кәсіпорын ретінде қызмет етуін қамтамасыз ететін, сонымен қатар ерекше қызметтер атқара алатын және табыс әкелетін (оны алуға алғышарттар жасау) банктің меншікті қаражаттарының белгілі топтарында шоғырланған банктік бизнестің әділ құны (банктің кәсіпкерлік қызметі).*

Жоғарыда айтылғандардың қорытындысы ретінде халықаралық қаржылық есептілік стандарттарында меншікті капиталдың бухгалтерлік есебі бойынша және оны бухгалтерлік (қаржылық) есептілікте көрсетудің арнайы стандартының жоқ екендігін айтуға болады.

Меншікті капитал анықтамасы халықаралық қаржылық есептілік стандарттары қағидаттарында толық берілмейді, сонымен қатар меншікті капитал көлеміне әсер ететін элементтердің есебі бойынша бірнеше стандарттарды қолдануға тура келеді. Себебі қолданыстағы стандарттардың жүйелігі жоқ. Мысалы, халықаралық қаржылық есептілік стандарттары бойынша есептілікте банктің балансы бойынша барлық элементтері түгелдей қамтылмайды.

Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес меншікті капитал құрамын айтатын болсақ, алдағы (болашақ) кезеңдер табыстары мен бақыланбайтын үлесі меншікті капиталға жатады. Алайда бұндай элементтердің тұрақтылығының күмәндылығы өте жоғары, себебі олардың қалыптасуы алдағы уақыттағы көптеген болжау факторларына тікелей байланысты.

Біздің пікірімізше, ұйымның меншікті капиталы элементтерінің бухгалтерлік есебі мен бақылауын толық көрсететін арнайы стандарттың қолданысқа еңгізілуі өзекті мәселелердің бірі. Жаңа стандарт қабылдаудың мақсаты – барлық талаптарды бір құжатта жүйелеу болып табылады.

Ұсынылатын жаңа стандарт, біздің ойымызша, келесі элементтер тұрады: мақсаты, анықтамалар, ұсыну, ақпаратты ашып көрсету, қолдану аясы, бақылау, тану және тануды тоқтату, жіктеу, қайта жіктеу, бағалау, бастапқы бағалау, кейінгі бағалау, күшіне ену күні, қосымшалар.

Қаржықылық есептіліктің қолданыстағы стандарттарымен салыстырғанда ұсынылып отырған стандарт меншікті капиталдың қалыптасу көздеріне байланысты негізгі компоненттерін көрсету арқылы меншікті капитал құрылымын нақтылауға мүмкіндік жасайды. Бұл өз кезегінде қаржылық есептілікті қолданушылар үшін, мысалы, басшылар, менеджерлерге ақпараттың толықтығын, дер кездігін, ашықтығын жоғарылатады.

Меншікті капитал элементтерін нақтылау меншікті капиталдың екі негізгі элементі жарғылық капитал мен бөлінбеген пайданының қолданыстағы заңдарға сәйкес бастапқы топтастырылуын ары қарай тереңдетіп зерттеуге мүмкіндік берді.

Сонымен, екінші реттік топтастыру ұсынылды, яғни қолданыстағы заңдарға сәйкес капиталдың құрылымдық элементтерін қайта топтастыру арқылы меншікті капиталдың құрылымы бірнеше жіктеу белгілері бойынша нақтыланды. Банк пайдасын бөлу саясатының өзгеру нәтижесінде меншікті капитал көлемінің өзгеру мерзімдері мен меншікті капиталды қалыптастыру көздеріне байланысты. Осылардың барлығы банктік тәуекелдерді төмендетумен қатар бухгалтерлік ақпараттың, банктің қаржылық есептілігінің әсіресе банк иелері үшін сапасын бірнеше есе жақсартатыны анық.

2 МЕНШІКТІ КАПИТАЛ ЕСЕБІ ЖӘНЕ ОНЫ ЕКІНШІ ДЕНГЕЙДЕГІ БАНКТЕРДІҢ БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕБІНДЕ КӨРСЕТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

2.1 Банктің жалпы капиталын қалыптастыру бойынша операциялар есебі және капитал жеткіліктілігінің талдауы

Отандық ЕДБ меншікті капиталының есебі және оны қаржылық есептілікте көрсету тәртібіндегі өзгерістерді дайындау мен ғылыми негіздеу қажеттілігі қазіргі жағдайларда экономикалық қызметтер арасындағы банктік бизнестің ерекшеліктерімен түсіндіріледі. Банк саласының қарқынды дамуы Қазақстан экономикасын реформалау және елдегі экономикалық формацияның біртіндеп өзгеруі, сонымен қатар мемлекеттің қаржы-экономикалық жүйесінде жеке капиталды қолдану механизмдерін кеңейту кезеңдерінде орын алды.

Отандық банк секторының Қазақстан Республикасының ұлттық экономикасының негізгі салаларының бірі ретіндегі үлесі елеулі. Ағымды жылдағы қазақстандық банк секторы активтерінің ЖІӨ-дегі үлесі – 57,6% немесе 41 308,0 млрд. теңгені құрады [78].

Қазақстан Республикасының қаржы секторының әлеуетті мүмкіндіктерін толыққанды іске асыру және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін ЕДБ активтер сапасын жоғарылатып, олардың қорлану базаларының орнықтылығын арттыру, Базель III стандарттары мен қаржы нарығындағы басқа халықаралық стандарттарға өтуін және қаржы ұйымдарының активтер мен капиталдың рентабельділігін ұлғайтуға бағытталған бизнес-стратегияларын жетілдіруді қамтамасыз ету қазіргі таңда ең маңызды мәселелердің бірі деп айтуға болады.

Екінші деңгейдегі банктердің несие портфелінің ЖІӨ-дегі үлесі – 37,7% және клиенттер салымдарының ЖІӨ-дегі үлесі – 37,8% болды [79].

Қазақстандық екінші деңгейдегі банктер қызметінің соңғы бес жыл ішіндегі негізгі қаржылық көрсеткіштері 5 - кестеде көрсетілген.

Зерттеліп отырған кезеңде ҚР банк секторында толық қызмет атқарып отырған банктердің саны - 35, олардың ішіндегі 16 банк шетелдік қатысумен құрылған. Алдыңғы жылдағы санымен салыстырғанда банктердің және олардың филиалдар санының азайғанын көруге болады. Оның негізгі себебі отандық екінші деңгейдегі банктердің акционерлер шешімі бойынша бірігуі.

Айта кететін жағдай, ҚР екінші деңгейдегі банктерінің активтері 2016 жылғы 1-ші қаңтарында 23 780,3 млрд. теңге (2014 жылдағы көлемі – 18 239,0 млрд. теңге) болды, яғни 2015 жылдың ішінде 30,4%-ке өсті.

Отандық банк жүйесінің негізгі көрсеткіштері, атап айтқанда жиынтық активтері 2015 жылы 2012 жылмен салыстырғанда 71,3%-ке, барлық есептелген меншікті капиталы – 47,5 %-ке, таза пайда көлемі – 2,3%-ке көбейген.

Активтер құрылымының 60,6%-тік үлесін (провизияларды есептемегенде) немесе 15 553,7 млрд. теңге сомадағы несие портфелі (негізгі борыш) құрайды, (2014 жылдағы көлемі – 14 184 млрд. теңге), яғни 2015 жылдың ішінде 9,7% -ке өсті.

Кесте 5 – Қазақстан Республикасының банк секторы дамуының негізгі көрсеткіштері

Көрсеткіштер	2012 ж.	2013 ж.	2014ж.	2015ж	2015ж 2014ж қатынасы, %-пен
ЕДБ саны	38	38	38	35	-7,9
Филиалдары	362	378	395	346	-4,4
Шетел капиталы қатысуымен құрылған банктер	19	17	16	16	-15,8
Активтер (млрд. теңге)	13 880,0	15 461,7	18 239,0	23 780,3	71,3
Барлық есептелген меншікті капитал(млрд.теңге)	2 072,3	2 347,4	2 629,2	3 057,6	47,5
Таза пайда (млрд. теңге)	222,1	261,2	285,7	222,6	2,3
Активтер табыстылығы, (ROA), %-пен	1,88	1,77	1,67	1,15	-38,8
Капитал табыстылығы, (ROE), %-пен	28,11	13,15	13,43	9,36	-66,7
Ескерту –ҚР ҰБ ресми мәліметтері бойынша автормен құрастырылды [72]					

Жалпы банк секторының жарғылық капитал, резервтер, бөлінбеген пайдадан құралатын реттеуіш капиталы 3 057,6 млрд теңге көлемінде құрылды. ЕДБ капиталдарының жеткіліктілігі келесідей мәндермен сипатталады: к1-1-12,5%; к1-2 – 13,1%; к2- 15,90%. Жоғары өтімді активтер 5 043,1 млрд. теңге немесе активтердің 21,2%-ті (2014 жылы – 3 362,0 млрд. теңге), 2015 жылдың ішіндегі өсуі – 50,0% болған. Отандық ЕДБ жалпы таза пайдасы 222,6 млрд теңгеге жетті. ЕДБ таза кірістерінің жиынтық активтерге қатынасы, яғни ROA көрсеткішінің мәні 1,15% (өткен жылы 1,67%) болды. Ал ЕДБ таза кірістерінің баланстық меншікті капиталға қатынасы, яғни ROE мәні 9,36% (өткен жылдағы мәні 13,43%) шамасында орындалды. Дегенмен, қазақстандық екінші деңгейдегі банктердің таза кірістерінің жиынтық активтеріне қатынасы (ROA) 2015 жылы 2012 жылдағымен салыстырғанда – 38,0 %-ке және таза кірістерінің баланс бойынша меншікті капиталдарына қатынасы (ROE) – 66,7% төмендеп кеткен.

Екінші деңгейдегі ірі, орта және кіші банктер топтарымен құрылатын нарық сегменті көзқарасынан банктік жүйе құрылымы ірі банктердің нарықтағы үлесінің артуын көрсетеді. Қазақстанда ірі банктер сегменті бес жүйе құраушы банктермен қалыптасқан. Аталған банктердің жүйе құраушы банктер категориясына еңгізілуі (есептелуі) олардың жалпы банк секторының активтеріндегі (59,2%;), жиынтық несие портфеліндегі (63,4%;) және жиынтық клиенттер салымдарындағы 60,6%-тік жоғары үлесімен дәлелденеді [72].

Отандық екінші деңгейдегі банктер бәсекелік қабілеттіліктерін арттырып, қаржылық жағдайларын жақсарту үшін банк акционерлері және менеджерлері бірінші кезекте меншікті капитал көлемін көбейтудің тиімді жолдарын анықтау

мәселесіне назар аудару керек. Ал мемлекеттік реттеуші ұйымдар тарапынан банк капиталының жеткіліктігіне қатысты талаптарды күшейту, банктің жарғылық капиталының төменгі көлемі мен жалпы меншікті капитал жеткіліктілігінің нормативті шамаларын жоғарылату талаптары қоғамның, екінші деңгейдегі банктердің мүдделеріне мүмкіндігінше сәйкес келуі керек [80].

Қазақстандық екінші деңгейдегі банктердің меншікті капитал қалыптастыру ерекшеліктерін көрсету мақсатында диссертациялық жұмыста отандық ірі бес екінші деңгейдегі банктердің: «Казкоммерцбанк», «Қазақстан Халық банкі», «Цеснабанк», «АТФБанк», «ForteBank» акционерлік қоғамдарының меншікті капиталының құрылымы б-кестеде берілген:

Кесте 6 – Қазақстандық ірі екінші деңгейдегі банктерінің 01.01.2016ж қалыптастырылған меншікті капиталының құрылымын талдау (млн.теңге)

Баптың атауы	«Казкоммерцбанк» АҚ	«Қазақстан Халық банкі» АҚ	«Цесна банк» АҚ	«АТФ Банк» АҚ	«Forte-Bank» АҚ
1	2	3	4	5	6
Акционерлік капитал	234520	143695	58998	167878,5	332814
Эмиссиялық табыс	-6405	2039	-	-	-
Қосымша төленген капитал	-	-	44,4	1461,3	21116
Бөлінбеген пайда	141775	485662	35405	-	-
Бақыланбайтын үлес	9		2838	401,5	776
Мерзімсіз облигациялар	18592	-	-	-	-
Қайта бағалау резервтері	2917	16416	-	-	-
Субординациялық заем	131894	-			-
Сатып алынған меншікті жай акциялар	-	(39974)	-	15181,2	-
Сатып алынған меншікті артықшылығы бар акциялар	-	(63201)	-	-	-
Курстық айырма қоры	-	4695		3315	-
Қолда бар сатуға арналған инвестициялық бағалы қағаздарды қайта бағалау резерві	-	(19404)	(391)	(728,1)	(1092)
Жинақталған зияндар	-	-		(99556)	(186584)

6-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
Жалпы банктік және сақтандыру тәуекелдері бойынша резерві	-	-	11991,5	-	-
Динамикалық резерві	-	-	16631,2	-	-
Барлығы	523302	529928	125517,1	87953,4	167030
Ескерту – ЕДБ шоғырландырылған жылдық есептері мәліметтері негізінде автормен дайындалды [72]					

Талдау нәтижелері бойынша келесі қорытындылар жасауға болады.

Екінші деңгейдегі банктердің меншікті капиталының құрылымы басқа сала ұйымдарының құрылымынан ерекшелігі – негізгі үлесі акционерлік капиталдан тұрады.

Банктің меншікті капиталы акционерлік капитал, эмиссиялық табыс, бөлінбеген пайда, қайта бағалау резервтері, динамикалық резерв және басқа да элементтерден тұрады. Аталған банктердің меншікті капитал құрылымының негізгі үлесі (45%-тен жоғары) акционерлік капиталға тиесілі болып келеді. Қарастырылып отырған екінші деңгейдегі банктердің акционерлік капиталы негізінен жай акциялардан қалыптастырылған.

«Казкоммерцбанк» акционерлік қоғамының меншікті капиталының негізгі бөлігін (44,8%) акционерлік капитал құрайды.

Бөлінбеген пайда «Қазақстан Халық банкі» акционерлік қоғамының жалпы меншікті капиталының негізгі үлесін (91,6%) алады.

«Цесна банктің» меншікті капитал құрылымының 47%-ті акционерлік капитал және 28,2 %-ті бөлінбеген пайда ретінде қалыптастырылған.

«АТФБанк» қызметінің нәтижесіндегі жинақталған зияндардың жоғары болуына (99556 млн.тенге) байланысты жалпы меншікті капитал көлемі (90,8%-ке) акционерлік капитал көлемінен төмен болған.

«ForteBank» АҚ-ның зияндарының үлесі банктің капитал көлемін төмендетіп, банктің қаржылық жағдайына кері әсер еткен.

Орындалған талдау нәтижесінде екінші деңгейдегі банктердің меншікті капиталының негізгі үлесі жарғылық (акционерлік) капиталдан қалыптастырылатыны белгілі болды. Сонымен қатар банктің меншікті капиталының әрбір элементінің банк қызметіндегі рөлі маңызды деп айтуға болады.

Банктің қаржылық жағдайы тұрақты болу үшін жиынтық активтерінің көбеюі банктің меншікті капиталының көбеюімен қатар жүруі керек [81].

Екінші деңгейдегі банктердің меншікті капиталының құрылымы оның негізгі элементтерінің есебін жүргізуге тікелей әсер етеді, яғни банк капиталының есебі ұйымдастырылулық-техникалық көзқарастан капитал құрылымына сәйкес келу керек.

Акционерлер жарғылық капиталдың қалыптасуы және өзгеруі, сонымен қатар бағалы қағаздар эмиссиясы үдерісінде белгілі шығындар жасайды. Құрылтайлық келісім шартқа сәйкес олар капитализациялануы немесе жарғылық капиталға салым ретінде есепке алынуы мүмкін. Басқа жағдайларда бұндай шығындар іске асырылмаған шығындар құрамына кіреді. Зерттеу жұмысында жарғылық капиталдың трансформациялануымен байланысты шығындардың жіктелуі қарастырылды. Біздің ойымызша, жіктеудің негізгі белгілеріне келесілер жатқызылады:

- жарғылық капиталдың қалыптасуымен, көбеюі және азаюымен байланысты шығындар;
- акциялардың орналастырылуы және қозғалысымен байланысты шығындар;
- банк акционерлерін ілестірумен байланысты шығындар.

Шығындардың орнын толтыру үшін, біздің пікірімізше, әр түрлі көздерді қолдануға болады. Мысалы:

- мақсатты сипаттағы акционерлерден түсімдер;
- қатысушы реестрлерінен көшірмелерді алынуы және ұсынылуы бойынша акционерлерден қосымша түсімдер;
- меншік құқықтарын рәсімдеумен байланысты басқа операциялардың орындалуы;
- акцияларды эмиссиялау және орналастырумен байланысты меншікті ресурстар.

Бұндай шығындарды 5921 «Негізгі емес қызметтің басқа да шығындары» баланстық шотына жатқызу керек, яғни іске асырылмаған шығындар құрамында есептеледі. Алдыңғы уақыттағы шығындардың 1793 «Алдыңғы уақыттағы шығындар» баланстық шотында жинақталған сомалары 5921 «Негізгі емес қызметтің басқа да шығындары» баланстық шоты бойынша есептен шығарылады.

Шығындарды жүйелеудің, сонымен қатар оқшау түрде синтетикалық және аналитикалық есеп жүргізу бойынша ұсынылған әдістемелік шығындар сомаларын реттеу және төмендетуге бағытталған.

Басқару есебінің көзқарасынан банк капиталы активтердің пассивтерден асып кетуін көрсетеді. Бухгалтерлік есептілік негізіндегі баланстық капитал банктің ағымды жағдайын жеткілікті мәлімдейді, бірақ банктің қаржылық тұрақтылығын, яғни оның тәуекелдерге төтеп беру мүмкіндіктерін сипаттай алмайды.

Банктің меншікті капиталы оның дамуының негізі және банктік қызметтегі тәуекелдердің алдын-алу мүмкіндіктерін кеңейтеді. Капитал көлемі адекватты және тиімді басқарылатын банктер меншікті капитал көлемі жеткіліксіз банктермен салыстырғанда мүмкін болатын шығындарға төзімділігі жоғары және іскерлік жігерлік төмендеген кезеңдерде де активті операцияларды орындау қабілеттіліктері бір қалыпты болады. Сондықтан көптеген елдердің орталық банктері екінші деңгейдегі банктердің меншікті капиталының көлемі және құрылымына қойылатын реттеу талаптарын күннен күнге күшейте түсіп

отыр.

Банктің меншікті капиталының жеткіліктілігін анықтау, реттеу органдарының пікірі бойынша, капиталдың салыстырмалы көлемін есептеу және ол арқылы банкті басқару сапасы мен сенімділігін бақылауға мүмкіндік береді. Әлемдік банктік тәжірибеде қолданылатын әдіс – капитал сомасын банктің активті операцияларының тәуекелдері деңгейімен байланыстыру. Бұл байланыс Кук коэффициентімен анықталады, яғни банктің меншікті капитал сомасының тәуекел деңгейі бойынша еселенген активтерінің жалпы сомасына қатынасымен өрнектеледі:

$$\text{Капитал жеткіліктілігінің деңгейі} = \frac{\text{Меншікті капитал}}{\text{Тәуекелдері есептелген активтердің жалпы сомасы}} \quad (8)$$

Банк капиталының осындай қабілеті банк қызметін қадағалаудың Базельдік комитетімен 1988 жылы бекітілді. Бұл талапқа сәйкес банктің меншікті капиталы тәуекелдері есептелгендегі активтер сомасының 8%-нен кем емес немесе шығындардың 100 бірлігіне меншікті капиталдың кем дегенде 8 бірлігі сәйкес болуы керек деп белгіленді [82].

Алдыңғы жылдары қазақстандық банк жүйесіне меншікті капиталдың сапасы мен жеткіліктілігіне деген жаңа халықаралық талаптардың енгізілуі өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Басқа елдердегі жаңа талаптарға көшу мәселелерін қарастыратын болсақ, бірнеше елдердің орталық банктері капитал жеткіліктілігінің ең төменгі мәндерін Базель стандарттарынан жоғары деңгейде бекіту туралы шешім қабылдады. Швецияда Базель стандарттарына көшу мерзімі 2013-2015 жылдарға жоспарланды және негізгі капиталға тәуекелді активтердің 9,5%-нен кем емес; капиталдың жалпы деңгейіне тәуекелді активтердің 12%-нен кем болмауын талап етіледі. Австрия жүйе құрушы банктердің капиталының жалпы деңгейін 11,5% деп және контрциклдық буферді тәуекелді активтердің 3% деңгейінде бекітті. Швейцарияда жүйе құрушы банктердің консервациялық буферді есептегендегі негізгі капитал деңгейі тәуекелді активтердің 19%-не дейін жетеді, ал қалған банктер консервациялық буферді есептегенде негізгі капитал деңгейін тәуекелді активтердің 9,2%-нен төмен емес деңгейде қамтамасыз ету керек. Банктің жүйелік мәніне байланысты бекітілетін прогрессивті үстеме 1-6%. Сингапурда қызмет ететін банктердің барлығы реттеу органдарымен жүйе құраушы болып табылатындықтан барлық талаптар Базель III стандарттарынан жоғары, сәйкесінше жүйелік буфер қарастырылмаған. Малайзия, Канада, Германия, АҚШ мемлекеттері капитал жеткіліктілігінің Базель III стандарттарымен бекітілген нормативтерін қабылдауды көздеп отырғанын 7-кестеден көреміз.

Көптеген елдерде банктердің меншікті капитал жеткіліктілігіне қойылатын талаптар Базель III стандарттарынан жоғары және көшу мерзімдері де Базель III бекіткен мерзімдерден қысқа.

Халықаралық есеп айырысу банкінің зерттеулері нәтижесінде Базель III стандарттарымен бекітілген капитал жеткіліктілігінің минималды мәндері қазақстандық екінші деңгейдегі банктерге тән тәуекелдерді жаба алмайтыны

белгілі болды.

Кесте 7– Базель III стандарттарын әлемдік банктік тәжірибеге енгізу тәртібі

Мемлекеттер		Еңгізу мерзімі	Негізгі капитал (СЕТІ), %	Капиталдың жалпы деңгейі, %	Консервациялық буфер,%	Негізгі капитал + консервациялық буфер,%	Өзге де буферлары	
							Контрциклдық буфер, %	Жүйе құрушы бан-дің (ЖҚБ) буфері, %
1		2	3	4	5	6	7	8
Базель III	барлық банктерге	2013-2019	4,5	8	2,5	7	0-2,5	1-2,5
Қазақстан	барлық банктерге	2013-2019	7	12	3	10	0-3	1
Ресей	барлық банктерге	-	5,6	10	-	-	-	-
Австралия	барлық банктерге	2013-2016	4,5	8	2,5	7	0-2,5	-
Австрия	барл ЖҚБ	2013-2016	4,5	11, 5	2,5	7	0-3	3
Швеция	барл	2013-2015	4,5	8	2,5	7	0-2,5	-
	ЖҚБ		9,5	12		12		
Жаңа Зеландия	барл	2013-2017	4,5	8	2,5	7	0-2,5	1-2,5
Испания	барл	2013-2015	4,5	8	2,5	7	0-2,5	-
Швейцария	барл	2013-2018	4,5-6,7		2,5	7-9,2	0-2,5	1-6
	ЖҚБ		4,5		8,5	13		
Индия	барл	2013-2018	5,5	9	2,5	8	0-2,5	-
Китай	барл	2013-2019	5	10,5	2,5	7,5	0-2,5	1
Филиппин	барл	2013-2014	6	10	2,5	8,5	0-2,5	-
Сингапур	барл	2015-2019	6,5	10	2,5	9	0-2,5	-
Малайзия	барл	2013-2019	4,5	8	2,5	7	0-2,5	1-2,5
Канада	барл	2013-2019	4,5	8	2,5	7	0-2,5	1-2,5
Германия	барл	2013-2019	4,5	8	2,5	7	0-2,5	1-2,5
АҚШ	барл	2013-2019	4,5	8	2,5	7	0-2,5	1-2,5

Ескерту – [83] әдебиет негізінде автормен жасақталды

Сондықтан, отандық банктердің ерекше тәуекелдерге капитал

адекваттылығы Базель III талаптарымен ұсынылатын деңгейден жоғары деңгейде қамтамасыз етіледі, осы жағдай халықаралық тәжірибемен де дәлелденіп отыр. Базель III екінші деңгейдегі банктердің негізгі капиталына талаптарды күшейтумен қатар банктік қызметті реттеудің жаңа құралдары «динамикалық провизиялар» және «контрциклдық буфер» қалыптастыруды талап етеді. Әдіснамалық көзқарастан *динамикалық провизиялар* бір кезеңде пайда болатын, күтілетін шығындарға негізделеді, сонымен қатар провизияларды жинақтауға бағытталады және банктің қаржылық жағдайы төмендегенде қолданылады. Сонымен қатар, қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарының 9-шы стандартына сәйкес провизияларға аударымдар деңгейі күтілетін шығындар моделінде қолданылатын болашақ экономикалық жағдайлардың болжамдарына байланысты болуы мүмкін.

Капиталдың *контрциклдық буферінің мақсаты* жалпы банк секторының несиелік белсенділігіне әсер ету арқылы экономикадағы жүйелі тәуекелдерді болдырмау. Ал динамикалық провизиялар әрбір жеке банктің несиелік белсенділігіне байланысты, сонымен қатар олар берілген кезеңдегі өзгермелі несиелік шығындарды жабу арқылы «бірінші қорғаныс желісі» рөлін атқарады және банк капиталының сақталуын қамтамасыз етеді.

Динамикалық провизиялар және контрциклдық буфер банктік қызметтегі кезеңдік тәуекелдерді төмендетуде бір-бірін толықтыратын банк капиталын басқару құралдары. Екінші деңгейдегі банктердің динамикалық провизиялары тәуекелді активтердің 1,25%-нен жоғары емес көлемінде екінші деңгейдегі капитал құрамына кіреді [83].

Жүйелі резерв жүйе құрушы екінші деңгейдегі банктердің шығындарын жабуға арналған. Жүйелі резерв - банктің үлестірілмеген пайдасының немесе акцияларының бір бөлігі, жүйелі тәуекелдердің орнын толтыруға бағытталған. Себебі экономика төмендегенде жүйелі тәуекелдер жалпы жүйеге тарайды, ал жүйе құрушы банктер осыдан бірінші болып зардап шегеді.

Екінші деңгейдегі банктердің капитал құрылымындағы жаңа қаржылық құралдар (контрциклдық буфер, динамикалық провизиялар), мамандардың айтуынша, элементтерді кеңейтіп, ал меншікті капиталдың сапасын бағалау жиынтық банктік тәуекелдердің әртүрлі аспектілерін ескергенде күрделене түседі. Капиталдың тәуекелдерді төмендетудегі мүмкіндіктерін меншікті капиталдың көлемі мен сапасына базельдік көзқарастар белгілейді. Базель III жаңа талаптары банктерден меншікті капиталды негізгі (Tier I) және қосымшаға (Tier II) бөлумен қатар; негізгі капиталды (Tier I) қосымша: базалық капитал (Common Equity Tier I) және қосымша капитал (Additional Tier I) ретінде элементтерге бөлуді талап етті. Базалық капиталға (Common Equity Tier I) ең жоғары сапалы капитал, яғни жай акциялар мен бөлінбеген пайда жатады. Банктің қаржылық жағдайына қатер төнгенде жай акцияларға конвертацияланатын артықшылығы бар акциялар немесе «тұрақты» субординациялық облигациялар қосымша қаржылық құралдар ретінде қосымша капитал болып табылады [84].

Бұндай көзқарастар банктердің меншікті капиталына деген талаптарды

күшейтіп, олардың қаржылық тұрақтылығына «қауіпсіздік құралы» болады.

Базель III талаптарының негізгі мақсаттары – елдердегі банктік жүйелердің қаржылық және экономикалық дағдарыстарға тұрақтылығын жоғарылату, тәуекелдерді басқару және оларды бағалау сапасын жақсарту, айқындылығын және қаржы институттарымен ақпарат ашу стандарттарын жоғарылату [85].

Банктік меншікті капиталдың жеткілікті болуы жалпы әлемдік банк жайесіндегі басты мәселелердің бірі. Сондықтан бұл проблеманы шешу үшін тек қана жаңа стандарттарды қабылдау жеткіліксіз болар. Банктік қызметті қадағалаудың Базель комитетінің үшінші рет толықтырылып банктерге ұсынған талаптары осы негізгі көкейтесті мәселенің шешілуі үшін жасалын шаралардың негізгілері болып табылады.

Ал қазақстандық екінші деңгейдегі банктердің жағдайына келетін болсақ, Базель III талаптары олардың басым көпшілігінің қаржылық жағдайын қиындататыны анық. Қолданыстағы талаптар активтерді несиелік тәуекел дәрежесі бойынша есептегенде Базельмен ұсынылатын стандарттардан да қатаң, сондықтан отандық банктердің капитал жеткіліктілігінің нормативтерін орындау мүмкіндіктеріне қосымша қысым жасалады және бәсекеге қабілеттіліктеріне кері әсер етеді. Капиталдың минималды деңгейіне және капитал құралдарының сапасына талаптарды бірденнен күшейту отандық банктердің капиталы мен активтеріне ауыр тиетіні алға тартылады.

Күшейтілген талаптар екінші деңгейдегі банктердің қосымша капиталға деген қажеттіліктерін қысқарту тәсілі ретінде баланстан тыс операциялардың көлемінің жедел өсуіне әкелетіні анық. Халықаралық валюталық қордың эксперттері алдыңғы жылдары Базель II талаптарының еңгізілуі жаппай активтертерді баланстан тыс шығару жағдайларына әкеліп, көлеңкелі банктік қызметтің өсуіне ықпал еткенін айтады. Осындай өзгерістер қаржылық дағдарыстың тереңдеуіне себеп болды [86].

Базель III стандарттарының капитал адекваттылығына қатысты реттеу талаптары экономикалық өсу қарқынына негативті әсер етуі мүмкіндігі де айтылады. Осындай шаралардың салдары ретіндегі жалпы ішкі өнімнің төмендеу көлемі, мамандардың пікірінше, екінші деңгейдегі банктердің меншікті капитал көлемін бекітілген нормативтерден артық қалыптастыруларына, банктердің жаңа талаптарға өту мерзімдеріне және т.б факторларға байланысты. Алайда, банктің меншікті капиталының жеткіліктілігіне қойылатын Базель III талаптарының оң нәтижесі ретінде екінші деңгейдегі банктерге жоғары сапалы меншікті капитал қалыптастырып банктік дағдарыстарға төтеп беру мүмкіндіктерін жоғарылататыны айтылады [87].

Сонымен қатар, банктің бастапқы капитал деңгейі төмен болған сайын, дағдарыс ықтималдылығының төмендеу тиімділігі жоғары [88].

Жоғарыда жасалған талдау негізінде келесі қорытындылар жасауға болады. Жалпы алғанда, Қазақстанның банк секторының соңғы жылдардағы даму тенденциялары негізгі қаржылық көрсеткіштердің абсолюттік өсуімен сипатталғанымен екінші деңгейдегі банктердің таза кірістерінің жиынтық активтеріне қатынасы (ROA) және таза кірістерінің баланс бойынша меншікті

капиталдарына қатынасы (ROE), яғни капиталдың және активтердің сапалық көрсеткіштері өткен жылдармен салыстырғанда күрт төмендеп кеткенін көруге болады. Қазақстанның банк жүйесін құрудағы көптеген жетістіктермен қатар отандық банктердің сенімділігі мен тиімділігін арттыруға әсерін тигізетін бірнеше міндеттер мен мәселелердің қазіргі таңда орындалуы өте маңызды. Осы мәселелердің негізі ретінде бүкіл әлемдегі ірі компаниялардың қаржылық есептілік дайындауға қолданатын ҚЕХС базасындағы бухгалтерлік есеп қағидаларын жүйелеу болып табылады. Бухгалтерлік есеп қағидаларын бір жүйеге келтіруде есептік саясат ерекше рөл атқарады. Банктің есептік саясаты несиелік ұйымның меншікті капиталының бухгалтерлік есебі, бақылауының және қаржылық есептілігінің мәліметтерінің ҚЕХС-ның әр бір стандартының талаптарына қатаң сәйкес келуін қамтамасыз ету керек.

2.2 ҚР-ның екінші деңгейдегі банктерінде меншікті капитал элементтері есебінің ерекшеліктері

Кез-келген банк қызметі оның меншікті капиталының көлемі мен құрылымымен анықталады. Банктің меншікті капиталының көбеюі банктің пайда табу мүмкіндіктерін кеңейтетінін бірінші бөлімде айтып өткенбіз.

Акционерлік қоғам нысанында құрылған екінші деңгейдегі банктердің меншікті капитал қалыптастыру үдерісінің бухгалтерлік есепте көрсету тәртібін қарастырамыз. Банктің меншікті капиталының қалыптасу үдерісі банктің капитал қажеттілігін қанағаттандыру процедураларының жиынтығы болып табылады. Меншікті капиталмен орындалатын қызметтер көзқарасынан капитал қалыптасу үдерісінің бастапқы капитал мен банкке деген сенімділікті қалыптастыруға бағытталуы маңызды. Екінші деңгейдегі банктердің меншікті капиталдарының құрамдас бөліктеріне зерттеушілер әдетте жарғылық капиталды, резервтік капиталды және бөлінбеген пайданы жатқызады. Банктермен меншікті капиталды көбейтуді қаржыландыру ішкі және сыртқы көздері арқылы жүргізіледі. Банк жаңадан құрылған кезде капитал сыртқы көздермен қалыптастырылады. Банктің меншікті капиталы, яғни капитал қалыптастыру үдерісі жарғылық немесе акционерлік капитал қалыптастырудан басталады. Екінші деңгейдегі банктің жарғылық капиталы – банк құрылғанда салынған акционерлердің қаражаттары немесе құрылтайшылардың пайлық жарналары. Банк заңды тұлға болып банктік операцияларды орындай алу үшін өзінің жарғылық капиталын қалыптастырып алу керек. Сонымен қатар, жарғылық капитал банктің меншікті капиталының негізгі компоненті болып табылады, сондықтан ең алдымен, меншікті капиталдың қалыптасуы және өзгеруінің есебін қарастырамыз.

Жарғылық капиталдың ең төменгі мөлшері Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен пруденциалдық нормативтер ретінде бекітілген.

Екінші деңгейдегі банктің акционерлік (жарғылық) капиталы акционерлер жарналарынан қалыптастырылады.

Банктің жарғылық капиталы оның құрылтайшыларымен құрылған кезінде анықталып банктің жарғысында бекітіледі. Банктік операцияларға лицензия

алудың негізгі талаптарының бірі жарияланған капиталдың толық төленуі болып табылады. Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында Ұлттық Банктің шешімдеріне байланысты жаңадан құрылатын банктер үшін жарғылық капиталдың ең төменгі мөлшері 10 млрд теңгеден кем болмауы керек [16].

Акционерлік қоғам ретінде құрылған банк жарғылық капиталды акционерлермен алынған акциялардың номиналды құнынан қалыптастырады [62,с. 592].

Акция – банктің меншікті құралдарындағы иесінің үлесін бекітетін, дивиденд түрінде пайда алуға және банкті басқаруға құқ беретін эмиссиялық бағалы қағаз. Акция мерзімі банктің қызмет етуімен байланысты. Шығарылатын акциялар жай және артықшылығы бар болуы мүмкін. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады.

Екінші деңгейдегі банктің жарғылық капиталын қалыптастыратын және банктің болашақтағы капиталының бір бөлігін алуға құқы бар банк иелері банктік қызметке қатысу деңгейі мен табыс алу тәсіліне байланысты екі топқа бөлінеді:

– банк саясатын белгілейтін құрылтайшылар, яғни банктік қызмет нәтижелеріне бірігіп жауапкершілік алатын және банк нәтижелерімен тікелей байланысты табыстар алатын құрылтайшылар. Бұндай акцияларды ұстаушылар банктік табыстан дивиденд алады, дауыс беру арқылы акционерлердің жиналыстарына қатыса алады;

– банктік қызметтермен байланысты мәселелердің шешілуіне және банк саясатына ықпал ете алмайтын құрылтайшылар. Бұл категориядағы құрылтайшылар банктің артықшылығы бар акцияларын иеленеді, нақты проценттік пайда тауып отырады, бірінші кезекте банктің жаңадан шығарылған акцияларын сатып алуға және банк жойылғанда өзінің мүлкін қайтаруға құқы бар. Екінші деңгейдегі банктердің ресурстарды сырттан тарту жолдары облигациялар шығару болып табылады.

Артықшылықты акциялардың үлесі банктің жарғылық капиталының көлемінің 25%-нен аспауы тиіс. Бұл акциялар иелеріне акционерлер жиналысында дауыс беру мүмкіндігін бере алмайды. Банк таратылған жағдайда бұндай акциялар иелерінің бірінші болып мүлкін қайтаруға мүмкіндігі бар [89].

Акционерлік банктер жарғылық капиталды меншікті акцияларын екінші реттік нарықта сатып алып жою немесе акциялардың номиналды құнын төмендету жолдарымен азайтуы мүмкін. Банктің жарғылық капиталының көбейту немесе азайту жайлы шешімдерді акционерлер жиналысы қабылдайды. Егер банктің саясатына ықпал ететін құрылтайшыларының саны көп болса, онда банкке олардың табыс алу мүдделерін реттеу қиындықтарға соқтырады. Сондықтан банк үшін меншікті капиталды қаржыландыратын акционерлердің саны шектеулі болғаны тиімді. Алайда, тәжірибеде екінші деңгейдегі банктердің басым көпшілігі жарғылық капиталды өсіру есебінен меншікті капиталды көбейтеді. Банктің жарғылық капиталы көлемінің өзгеруі қатысушылар санының тұрақты болмауына байланысты болады. Бұндай өзгерістер міндетті түрде банк жарғысында көрсетіледі. Акционерлік қоғам

нысанында құрылған банктер ресурстар тарту мақсатында жаңа акциялар шығаруы мүмкін.

Жарғылық капиталдың артықшылығы – ол қайтарусыз негізде тартылады және тұрақты, ал банк иелеріне төленетін дивидендтер көлемі өзгермелі болып келеді. Қарыз капиталымен салыстырғанда жарғылық капиталдың кемшіліктері, оны тартуға байланысты шығындар жасалу қажеттілігі, сонымен қатар банк қызметін бақылау мүмкіндігінен айырылу. Меншікті капиталды жаңа акционерлер есебінен көбейту жарғылық капиталдағы өз үлесіне сәйкес банк қызметіне қатысу құқын талап ететін тұлғалар санының артуына әкеледі.

Қазақстандық екінші деңгейдегі банктердің жарғылық капиталы теңгемен сатылған акциялар құнынан қалыптасады [90].

Екінші деңгейдегі банктердің жарғылық капиталын қалыптастырудың ерекшеліктерін қарастырғанда келесі негізгілерін атауға болады:

– банк капиталын төлеуге бағалы қағаздар, материалдық активтер алынбайды; материалдық активтердің үлесі шектеулі болады;

– қарыз құралдар есебінен банктің жарғылық капиталына салымдарды қаржыландыратын мемлекеттік басқару органдары, сонымен қатар қаржылық тұрақтылығы және банк капиталына салынған қаражаттарының көздері расталмаған кәсіпорындар мен жеке тұлғалар банк құрылтайшысы бола алмайды.

Несиелік ұйымның жарғылық капиталын қалыптастыруға келесі қаражаттарды қолдануға болмайды:

– мемлекеттік бюджет және мемлекеттік бюджеттен тыс қорлар қаражаттары;

– мемлекеттік органдар қарамағындағы бос ақшалай құралдар және басқа да меншік объектілері (заңмен қарастырылатын жағдайлардан тыс).

Сонымен, қолданыстағы заңдарға сәйкес екінші деңгейдегі банктердің жарғылық капиталы кем дегенде үш қатысушылар, яғни акционерлер қаражаттарынан қалыптасады. Банктің жарғылық капиталы құрылтайшылардың акцияларды номиналды құны бойынша барлық сомасы есебінен, сонымен қатар инвесторлардың арасында орналастыру бағасы бойынша түскен ақшалай қаражаттардың барлық сомасы есебінен қалыптастырылады. Жарғылық капитал есебі орналастырылған акциялардың номиналдық құны (орналастыру бағасы) бойынша акциялар түрлеріне байланысты жүргізіледі. Жарғылық капиталдан сомаларда алу (азайту) банкпен меншікті акцияларды сатып алу жолымен жүзеге асырылады.

Банк акцияларын кері сатып алу бағасы мен акцияларды қайта орналастыру бағасы арасындағы айырма қосымша төленген капитал ретінде 3101 «Қосымша төленген капитал» шотында есептеледі. Жарғылық капитал есебі: 3001 «Жарғылық капитал - жай акциялары», 3025 «Жарғылық капитал-артықшылықты акциялары» шоттарында жүргізіледі және пассивті шоттарға жатқызылады. Банк акционерлерінен қайтадан сатылып алынған акциялар есебі 3003 «Сатып алынған жай акциялар», 3027 «Сатып алынған артықшылықты акциялар» шотында есептеледі, шоттар контрпассивті. Банк

акционерлерінің құрамы өзгерген жағдайда операциялар шоттар ішінде жүргізіледі. 3001 және 3025 шоттарының кредиті бойынша жарғылық капиталға түскен сомалар көрсетіледі.

Шоттардың дебеті бойынша жарғылық капиталдың акционерлердің қоғам құрамынан шығуы, жарғылық капиталдың сатып алынған үлестерінің жойылу себептеріне байланысты азаю сомалары қарастырылады (кесте 8):

Кесте 8 – Банктің меншікті капиталын қалыптастыру бойынша бухгалтерлік шоттар корреспонденциясы

Операциялардың мазмұны	Шоттар корреспонденциясы	
	Дебет	Кредит
1	2	3
Акционерлермен банктің жарғылық капиталына жарнаның жасалуы	1001 «Кассадағы қолма-қол ақшалай қаражаттары» 1050 «Банктің корреспонденциялық шоттары» 2203 «Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары» 2204 «Жеке тұлғалардың ағымдағы шоттары»	3001 «Жарғылық капитал - жай акциялары» 3025 «Жарғылық капитал-артықшылықты акциялары»
Банктің жарғылық капиталына жарналар шетел валютасы түрінде жасалуы	1001 «Кассадағы қолма-қол ақшалай қаражаттары» 1050 «Банктің корреспонденциялық шоттары» 2203, 2204 «Заңды және жеке тұлғалардың ағымдағы шоттары»	1858 «Банктің шетел валютасы бойынша қысқа валюталық позициясы» 2858 «Банктің шетел валютасы бойынша ұзақ валюталық позициясы»
Осымен бірге ұлттық валютадағы сомаға	2859 «Шетел валютасының теңгедегі (қысқа валюталық позицияның) қарсы құны» 1859 «Шетел валютасының теңгедегі (ұзақ валюталық позицияның) қарсы құны»	3001 «Жарғылық капитал - жай акциялары» 3025 «Жарғылық капитал-артықшылықты акциялары»
Банк акционерлерінен акциялардың қайта сатылып алынуы а) номиналдық құны бойынша	3003 «Сатып алынған жай акциялар» 3027 «Сатып алынған артықшылықты акциялар»	1001 «Кассадағы қолма-қол ақшалай қаражаттар» 1050 «Банктің корреспонденциялық шоттары»

8- кестенің жалғасы

1	2	3
		2203,2204 «Заңды және жеке тұлғалардың ағымдағы шоттары»
Банк акционерлерінен акциялардың қайта сатылып алынуы а) номиналдық құны бойынша	3003 «Сатып алынған жай акциялар» 3027 «Сатып алынған артықшылықты акциялар»	1001 «Кассадағы қолма-қол ақшалай қаражаттар» 1050 «Банктің корреспонденциялық шоттары» 2203,2204 «Заңды және жеке тұлғалардың ағымдағы шоттары»
б) номиналдық құннан жоғары құнға	3003 «Сатып алынған жай акциялар» 3027 «Сатып алынған артықшылықты акциялар» 3101 «Қосымша төленген капитал»	1001 «Кассадағы қолма-қол ақшалай қаражаттар» 1050 «Банктің корреспонденциялық шоттары» 2203,2204 «Заңды және жеке тұлғалардың ағымдағы шоттары»
б) номиналдық құннан төмен құнға	3003 «Сатып алынған жай акциялар» 3027 «Сатып алынған артықшылықты акциялар»	1001 «Кассадағы қолма-қол ақшалай қаражаттар» 1050 «Банктің корреспонденциялық шоттары» 2203,2204 «Заңды және жеке тұлғалардың ағымдағы шоттары» 3101 «Қосымша төленген капитал»
Банк акционерлерінен сатылып алынған акциялар есебінен жарғылық капиталдың азаюы	3001 «Жарғылық капитал - жай акциялары» 3025 «Жарғылық капитал-артықшылықты акциялары»	3003 «Сатып алынған жай акциялар» 3027 «Сатып алынған артықшылықты акциялар»

8- кестенің жалғасы

1	2	3
Жарғылық капиталдың резервтік капитал есебінен көбеюі	3510 «Резервтік капитал»	3001 «Жарғылық капитал - жай акциялары» 3025 «Жарғылық капитал-артықшылықты акциялары»
Жарғылық капиталдың бөлінбеген пайда есебінен көбеюі	3599 «Бөлінбеген таза пайда (жабылмаған зиян)»	3001 «Жарғылық капитал - жай акциялары» 3025 «Жарғылық капитал-артықшылықты акциялары»
Ескерту – [77, 91] әдебиеттер негізінде автормен құрастырылды		

Акционерлік банк ретінде қызмет ететін банктің жарғылық капиталы бірдей номиналды құндағы акциялардың белгілі санына бөлінген. Акционерлер банк міндеттемелері бойынша жалпы жарғылық капиталдағы салымдарының шектерінде жауапты. Өз кезегінде акционерлер банктен осы салымды кері талап етуге құқы жоқ. Банктің тұрақтылығы мен сенімділігін жоғарылату және өтімділігін басқарудың негізін қалыптастыру мақсатындағы шаралардан тыс жағдайларда [90].

Акционерлік банктер жарғылық капиталды меншікті акцияларын екінші реттік нарықта сатып алып жою немесе акциялардың номиналды құнын төмендету жолдарымен азайту мүмкін.

Жарияланған жарғылық капиталды көбейту немесе азайту шешімін акционерлер жалпы жиналысы қабылдайды, жарғылық капитал көлемі минималды бекітілген көлемнен төмен болмау керек [92].

Егер банктің саясатына ықпал ететін құрылтайшыларының саны көп болса, онда банкке олардың табыс алу мүдделерін реттеу қиындықтарға соқтырады. Сондықтан банк үшін меншікті капиталды қаржыландыратын акционерлердің саны шектеулі болғаны тиімді.

Алайда, тәжірибеде екінші деңгейдегі банктердің басым көпшілігі жарғылық капиталды өсіру есебінен меншікті капиталды көбейтеді.

Жарғылық капитал мөлшерінің өзгерістері тек қана кәсіпорынның жарғысында, оны бейнелеумен бірге жасалуы мүмкін. Қатысушылардың санының азаюы немесе көбеюімен байланысты болуы мүмкін. Акционерлік қоғамдар жарғылық капиталды арттыру мен қаржылық ресурстарын көбейту үшін қосымша акциялар шығаруы мүмкін. Бұл жағдайда қатысушылардың саны көбейіп, оларға қосымша табыс төлеуге тура келеді [39,б. 140].

ЕДБ жарғылық капиталының көлемі өзгеріп тұрады. Бұндай жағдайда банктің құрылтайлық құжаттарына өзгерістер енгізіледі. Жарғылық капитал көлемі қосымша акциялар шығару немесе шығарылған акциялардың номиналды құнын жоғарылату есебінен көбеюі мүмкін. Акциялар жаңа номинал бойынша қайта тіркеледі. Жарғылық капитал көлемінің азаюы акционерлік қоғам қызметінің қаржылық нәтижелерінің нашарлауымен, тіркелген жарғылық капитал көлемінің қоғамның таза активтер құнынан артып кетуімен, сонымен қатар негізгі акционерлердің акциялар пакетін сатып алу арқылы құрылтайшылар санын азайту шараларымен байланысты болады.

Банк өз акцияларын номиналды құнынан жоғары бағамен сатқан жағдайда қосымша төленген капитал пайда болады. Аталған капиталдың (табыстың) есебі 3101 «Төленген қосымша капитал» атты пассивті шотта жүргізіледі. Бұл шоттың кредиті бойынша акцияларды орналастыру бағасы мен олардың номиналды құны арасындағы оң айырма сомалары көрсетіледі. Егер сатып алынған орналастырылған кезіндегі сатылған бағасы сатып алу бағасынан төмен болса, онда 3101 «Төленген қосымша капитал» шотының дебеті бойынша қосымша төленген капитал есептен шығарылады [64,с. 315].

Егер банк меншікті капиталды жарғылық капиталды көбейту есебінен жүргізу шешімін қабылдаса, онда келесі нұсқалардың біреуін тандайды:

- жарияланған акциялардың номиналды құнын жоғарылату;
- қосымша акциялар орналастыру немесе басқа меншікті құралдарды капитализациялау.

Қосымша акцияларды эмитент-банктің жарғысымен бекітілген жарияланған акциялар саны шектерінде ғана орналастыруға болады. Жарғылық капиталды қосымша акциялар шығару шешімі құрылтайшылардың жалпы жиналысына қатысқан дауыс беруші акциялар иелерінің басым көпшілігімен қабылдану керек. Банк жарғысына жарияланған акциялар жайлы өзгерістер енгізу шешімі акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан дауыс беруші акциялар иелерінің төрттен үшімен қабылдану шарт. Жарғылық капиталды жарияланған акциялар саны шектерінде көбейту шешім қабылдау құқы банктің жарғысымен немесе акционерлердің жалпы жиналысымен директорлар кеңесіне (бақылау кеңесіне) беріледі. Жарғылық капиталды жарияланған акциялар саны шектерінде көбейту шешімі қолданыстағы заң талаптарына сай бір ауыздан қабылдануы керек.

Акцияларды шығару тәртібі заңмен қатаң бекітілген. Акционерлік банктің акцияларын шығару эмиссиялау проспектісін тіркеумен немесе оны тіркеусіз жүргізіледі. Бағалы қағаздарды шығаруды тіркеу бағалы қағаздар эмиссиясының проспектісін тіркеумен бірге жүзеге асырылады, егер келесі жағдайлар орындалатын болса:

- бағалы қағаздар саны 500-ден асатын белгісіз тұлғаларға немесе алдынала белгілі тұлғаларға сатылатын болса;
- эмиссиялаудың жалпы көлемі 50 мың ең төменгі жалақы көлемінен асатын болса.

Несиелік ұйымның бағалы қағаздар эмиссиясын тіркеу эмиссиялау

проспектісін тіркеумен ілесіп жүретін болса, шығару тәртібі келесі кезеңдерден тұрады:

- эмитент бағалы қағаздарды шығару шешімін қабылдайды;
- эмиссиялау проспектісін дайындау;
- бағалы қағаздар шығаруды және эмиссиялау проспектісін тіркеу;
- эмиссиялау проспектісіндегі ақпаратты жариялау;
- бағалы қағаздар сертификаттарын дайындау (құжатты нысанда шығарылғанда);
- бағалы қағаздарды орналастыру;
- бағалы қағаздарды шығару нәтижелері жайлы есепті тіркеу;
- бағалы қағаздарды шығару нәтижелері жайлы есептегі барлық ақпаратты жариялау.

Акциялар шығару жайлы қабылданған шешім келесілерден тұрады: шығарылатын акциялар түрлері (атаулы құжатты, атаулы құжатсыз); құжатты нысандағы акцияларды сақтау тәсілдері; акциялар иесіне бекітілген құқықтары; оларды куәландіру, ұсыну және іске асыру тәртібі; шығарылымдағы акциялар саны; берілген мемлекеттік тіркеу номері бойынша шығарылған акциялардың жалпы саны және олардың номиналды құны; акцияларды орналастыру тәртібі; орналастырудың басталуы және аяқталуының мерзімі; орналастыру тәсілі; сатып алушыларға байланысты шектеулер; орналастыру бағасы немесе оны анықтау тәсілі; акцияларды төлеу мерзімі мен тәртібі; конвертацияланатын акциялардың конвертациялану мерзімі мен шарттары. Сонымен қатар шешімдерде эмитенттің акциялар иелерінің құқықтарын Қазақстан Республикасының заңдарында бекітілген олардың орындалу тәртіптері сақталған жағдайда қамтамасыз ету міндеттемелері тіркелу керек.

Егер акциялар шығару эмиссиялау проспектісін тіркеумен бірге жүргізілсе, онда эмиссиялау проспектісінде эмитент-банкнің қаржылық жағдайы мен бағалы қағаздар шығарылуы жайлы мәліметтер қамтылады. Ол келесі нормативті актілермен бекітілген жағдайларда аудиторлық компаниямен куәландырылуы керек:

- жарғылық капиталдың көбеюімен байланысты акциялар шығару;
- банк қайта құрылған жағдайларда;
- банктің бірігуі, бөлінуіне байланысты акциялар шығарылғанда.

Эмиссиялау проспектісінің титул бетінде аудиторлық компания мөрінің жанында келесі жазу болу керек: «Эмиссиялау проспектісіндегі қаржылық мәліметтер бухгалтерлік есеп мәліметтеріне сәйкес келеді. Бухгалтерлік есеп қолданыстағы ережелерге сай жүргізіледі».

Эмиссиялау проспектісі дайындалғанда келесі мәліметтерге ерекше мән берілуі керек:

- шығарылатын бағалы қағаздардың түрлері;
- акциялар категориялары (жай, артықшылығы бар);
- шығару нысаны (құжатты, құжатсыз);
- акциямен бекітілген ұсыну және құқықтардың орындалуын куәландіру тәртібі;

- акцияларды сақтау тәртібі;
- бір акцияның номиналды құны және акциялар шығарудың жалпы көлемі, (номиналды құны мен саны);
- берілген акциялар категориясына жарғыда бекітілген акциялар иелерінің құқықтары;
- акцияларды орналастырудың басталуы мен аяқталуының мерзімі;
- орналастыру тәсілі (ашық немесе жабық түрде жазылу) және акцияларды сатып алушыларға байланысты шектеулер;
- орналастыру бағасы;
- акциялар номиналының теңгемен көрсетілгендегі құны мен шетел валютасындағы орналастыру бағасының ара қатынасы.

Қазақстандық екінші деңгейдегі банктер капитализациялау үдерісін ҚР ҰБ талаптарын басшылыққа ала отырып жүргізеді. Алайда, жарғылық капитал қалыптастыруда көптеген проблемалар туындайды. Біздің ойымызша, осылардың негізгілері келесі жағдайлармен байланысты болады:

- Қосымша жарналар тарту. Жарғылық капиталға қосымша жарналарды банктің акционерлері өз еркілерімен жасау үшін оларға белгілі жағдайлар жасау керек. Бұндай жарналардың тартымдылығы, біріншіден банктің дивидендтік саясатына тікелей байланысты. Құрылтайшылық үлесті көбейтуді талап ету үшін банк басшылығы артықшылықты акциялар есебінен жоғары тұрақты табыс ұсыну керек. Алайда, бұндай жолмен алынған капитал сомасын негізгі капиталға жатқызу үшін келесі талаптар орындалу керек: бұндай акциялар артықшылықты, бірақ тұрақты дивиденд кепілдігін қамтамасыз ете алмайды. Егер банк қаражаттарды қосымша жай акциялар шығару арқылы тартатын болса, онда банкті бақылауды жоғалту қаупі жоғары болады. Сондықтан, акционерлер тарту мәселесі екінші деңгейдегі банктер үшін күрделі мәселелердің бірі деп айтуға болады. Кей жағдайларда банктер субординациялық конвертацияланатын міндеттемелер шығару арқылы меншікті капиталды көбейтіп, акционерлер тартуды жүзеге асырады.

Банктің ресурстық базасы бірнеше ірі клиенттермен құралған жағдайда қаражаттарды клиенттердің қайтарып алу тәуекелі жоғары болады. Сондықтан банк үшін клиенттер саны көп болған сайын, оның төлем қабілеттілігінің тәуекелі төмен болады [93].

- Шығындар. Акциялар мен қарыз міндеттемелерін шығару үдерісі экономикалық көзқарастан шығынды болып табылады. Оларға акциялар эмиссиясын ұйымдастыруға және бағалы қағаздармен операциялар бойынша салық шығындары, сонымен қатар орналастыру шығындары да жатады. Егер банк акционерлері акциялардың жарияланған шығарылымын сатып алмаса, сатып алынбаған акциялар банкті бақылауды төмендетіп, капиталға деген пайданың көлемін азайтады. Себебі бұл акцияларды банк акционерлерден сатып алынған деп есепке алады, оларға дивидендтер есептелмейді және акциялардың жиынтық көлемі жарғылық капиталдың 10%-нен аспауы керек. Дегенмен, акциялардың номиналы мен оларды сату бағасының айырмасы ретіндегі эмиссиялық табыс алынады. Бірақ банктік тәжірибеде эмиссиялық

табыс жарғылық капитал сомасын көбейтпейді, ал банктің баға саясаты банктің нақты акционерлері және болашақ акционерлері үшін біркелкі болуы керек. Банк акционерлері болашақта табыс алуға сенімді болғанда ғана акция номиналынан жоғары бағаны төлеуге келіседі. Сырттан капитал тарту көзқарасынан, акциялар эмиссиясы, жоғарыда айтылғандай, акциялар шығарумен байланысты шығындар және акционерлер табыстарының тәуекелдері жоғары болатындықтан ең қымбат көздерге жатады. Оның үстіне, акциялар шығаруға кеткен шығындар банктің қолдана алатын қарыз қаражаттарының үлесін де төмендетеді. Бір ғана артықшылығы – акциялардың көп болуы банктің болашақта қарыз қаражаттарын тарту мүмкіндіктерін кеңейтеді.

- Банктің артықшылықты акцияларын сату жай акцияларын сатумен бірдей банктік капитал тартудың ең қымбат көздеріне жатады. Артықшылықты акциялары бар акционерлер банк пайдасын бірінші болып иеленуге құқы бар, ал жай акциялар иелеріне дивидендтік төлемдер төмендейді. Артықшылықты бағалы қағаздар шығарудың тиімділігі - банктің болашақтағы қарыз қаражаттарын тарту мүмкіндіктерін кеңейтеді. Жарғылық капиталды көбейтудің процедуралық қиындықтары сырттан капитал құрау стратегиясын өзгертуге әсер етеді, яғни меншікті капиталды банктің қажеттіліктерін мүлдем басқа шарттар негізінде қаржыландыратын салымшылардың қаражаттарын тарту арқылы көбейтуді қолдану. Бұл жағдайда меншік құқын иеленусіз тұрақты табыс алу шартымен ақшалай құралдар ұзақ мерзімге орналастырылады. Қарыз капитал тектес гибриді құралдар негізінде қалыптасатын банк қызметін қаржыландырудың аталған көздерінің келесі түрлері бар:

- жинақталатын тұрақты дивидендтерді төлеумен сипатталатын артықшылықты мерзімсіз акциялар;
- ұзақ мерзімді артықшылықты акциялар;
- мерзімсіз қарыз міндеттемелер;
- конвертацияланатын облигациялар;
- субординациялық қарыздар.

Субординациялық міндеттемелерді шығару банк иелерінің санын көбейтпей-ақ ұзақ мерзімді қарыз капиталының үлесін арттыру арқылы капиталдық базаны көбейтудің тиімді жолдарының бірі болып табылады. Сонымен қатар ұзақ мерзімді қарыздардың кейбір құралдары банктің жарғылық капиталын қалыптастырудың қосымша мүмкіндіктері. Потенциалды инвесторлардың жарғылық капитал үлесін төлеуге ақшалай құралдары болмаған жағдайларда, банк өтелу мерзімінде акцияларға конвертацияланатын облигациялар шығарады. Қолданыстағы заңдармен бұндай облигациялар шығару рұқсат етілгенімен, тәжірибеде отандық екінші деңгейдегі банктер оларды өте сирек шығарады.

Субординациялық қарыздар негізінен банктік облигациялармен берілуі керек. Алайда, қазіргі кезде қаржыландырудың осы құралын отандық банктер сирек қолданады. Біріншіден, бұндай бағалы қағаздарды шығару механизмі

күрделі. Екіншіден, қазақстандық қор нарығының даму деңгейі облигациялар эмиссиясының тиімділігін жоққа шығарады. Облигациялардың сапасын рейтингтік бағалау институттары болмағандықтан банктік құрылымдар мен қор құралдарына халықтың қызығушылығы өте төмен деп айтуға болады. Саяси және жүйелік тәуекелдермен байланысты қарыз капитал нарығының қысқа мерзімдігі облигацияларды 5 жылға шығару қажеттілігін құптамайды.

Акциялар шығару шешімдерін қабылдауда банктің дивидендтік саясатының рөлі ерекше. Қосымша акциялар шығару шешімін банк басшылары емес, банк иелері қабылдайды. Олардың негізгі мүдделері банктік бизнеске салынған қаражаттардан белгілі табыс алу.

Сырттай капитализациялаудың көптеген қиындықтарына байланысты екінші деңгейдегі банктер меншікті қаражаттарды көп жағдайларда ішкі көздер, мысалы, бөлінбеген пайда есебінен көбейтуді дұрыс деп табады. Екінші деңгейдегі банктер келесі жағдайда акционерлік капиталды арттыруға мәжбүр болады:

– банктік операциялар көлемінің күрт өсу кезеңдерінде реттеу нормативтерін орындау проблемалары туындайды немесе қадағалау органдары тарапынан қойылатын талаптар күшейтілгенде.

Банк өз еркімен меншікті капиталын сырқы көздер арқылы қаржыландыру шешімін мына жағдайларда қабылдайды:

– банкке шектеусіз ұзақ мерзімге қосымша байланыстардан бос ақшалай қаражаттар қажет, ал нарықта тиімді қолдануға ыңғайлы капиталдар ұсынысы жеткілікті;

– қаржылық нәтижелер нашарлауының ықтималдылығы жоғарылағанда банк менеджерлері эмиссиялауды ұйымдастыруды қажет деп табады және күтілетін шығындарды келеңсіз жағдайлардан хабары жоқ жаңа акционерлермен бөлісуді жоспарлайды. Көбінесе инвесторлар бұндай эмиссияларға сенімсіздікпен қарайды, сондықтан банк акциялары төмен бағаланады.

Біздің пікірімізше, отандық екінші деңгейдегі банктерге акционерлік капиталды көбейтудің әр түрлі тәсілдерін қолданған дұрыс. Атап айтқанда: бөлінбеген пайда есебінен бағалы қағаздар эмиссиясы, шағын капиталмен құрылған банктер үшін бірігу арқылы банктерді қайта ұйымдастыру және басқа да меншікті капитал ұлғайтудың әдістерін [94].

Қорытынды ретінде сыртқы көздер есебінен капитал тарту терең қаржылық талдау негізінде жасалу керек деп санаймыз. Ал реттеу органдары аудиторлық ұйымдардан екінші деңгейдегі банктердің жарғылық капиталының акционерлері есебінен қалыптасуы қаншалықты заңдарға сай келетінін жаппай тексеруді талап етеді. Бұл мәселе диссертациялық зерттеудің келесі бөлімдерінде толығырақ қарастырылады.

Екінші деңгейдегі банктердің капитализациялануының сыртқы көздерінің ерекшеліктері 9-кестеде көрсетілген.

Банктің қызмет етуінің негізгі ішкі көздерінің бірі – банк пайдасы. Банктің пайдасын бөлудегі негізгі мәселе – банк иелеріне төленетін пайданың үлесі

және капитал құрау мақсаттарына қолданылатын пайданың үлесі оның пайдасы жатады. Тәжірибеде екінші деңгейдегі банктер құрылтайшыларға төленетін пайданың үлесін жаңа акционерлерді тартуға ықпал пайданың бөлігімен шектеуге тырысады, яғни меншікті капитал көбеюінің сыртқы көздерін кеңейтуге әсер ететін бөлігімен.

Кесте 9 – Капитализацияланудың сыртқы көздерінің ерекшеліктері немесе талдауы

Капитализациялау тәсілі	Артықшылықтары	Кемшіліктері
Акцияларға жабық түрде жазылу	Банкті басқару мүмкіндігі сақталады Қаржылық тәуекел аз ғана өседі Акцияларды дайындау және орналастыру шығындарын болдырмау	Қаржыландыру көлемі шектеулі. Қаражаттарды тарту құны жоғары болып келеді. Монополияға қарсы сипаттағы шектеулер орын алады
Акцияларға ашық түрде жазылу	Ірі көлемдегі қаражаттарды шектеусіз мерзімге мобилизациялау мүмкіндігі Қаржылық тәуекел өспейді.	Банкті басқару мүмкіндігінің жойылуы. Қаражаттарды тарту құны жоғары
Субординациялық қарыздар	Банкті басқару мүмкіндігі сақталады. Қаражаттарды тарту құны салыстырмалы түрде төмен (конвертацияланатын облигацияларды ескермегенде)	Қаржылық тәуекел жоғары. Қайтару мерзімі қатаң белгіленген
Ескерту – әдебиеттер негізінде автормен жасақталды		

Капиталды ішкі көздер арқылы тарту шығындары төмен, сонымен қатар нақты акционерлер банкті бақылау-басқару мүмкіндіктерін сақтап қалады, яғни олардың меншік үлесі мен акцияларының табыстылығы өзгермейді. Мысалы, банк қаржыландыру көзі ретінде акцияларды сатуды таңдап, акциялардың бір бөлігін жаңа акционерлерге сатты. Бұл акционерлер банктің болашақ табысы мен саясатын белгілеу құқына ие болады.

Ішкі көздердің кемшілігі - банк пайдасына салық салынады, сонымен қатар пайданың көлемі проценттік ставкалардың және басқа да көптеген болжауға келмейтін факторлардың өзгерістеріне тәуелді болады.

Елдер арасындағы экономикалық қатынастарда қазіргі орын алып жатқан өзгерістер және халықаралық капитал нарығына қаржылық жаһанданудың ықпалының күшеюі экономикалық ақпаратқа сұраныстың жоғарылауына әкелуде. Экономикалық ақпарат қалыптастырудың көзі ретінде тәжірибеде бухгалтерлік есеп жүйесімен дайындалатын есептік ақпарат қолданылады. Бұл деректердің көлемі ішкі және сыртқы нарықтардағы өзгерістерге байланысты әрдайым көбейіп келеді. Екінші деңгейдегі банктер, сонымен қатар басқа да

кәсіпорындар мен ұйымдарда қалыптасатын жалпы есептік-талдау ақпаратының негізі болып табылатын бухгалтерлік есептің маңызы зор деп айтуға болады. Мемлекеттің рейтингі, инвестициялар, банкаралық несиелердің көлемі, екінші деңгейдегі банктердің меншікті құралдарының көлемі мен сапасы аталған ақпарат, деректердің айқындылығына, толықтығына тікелей байланысты.

Қаржылық жүйенің жалпы тұрақтылығы мен сенімділігі салымшылар мен басқа кредиторлардың банктерге және банк жүйесіне деген сенімділігіне тікелей байланысты. Осы сенімділікті анықтайтын негізгі факторлар келесі:

- меншікті капиталдың нарықтық құны немесе банктің нақты меншікті капиталы;
- табыстардың немесе ақшалай қаражаттар ағындарының тұрақтылығы;
- ақпараттың сапасы;
- мемлекеттік кепілдердің нарықтық құны [95].

Банктік қызмет көптеген тәуекелдермен байланысты, себебі олар өздерінің қызметтерін ұсынатын ерекше коммерциялық ұйымдар. Осы тәуекелдердің негізгілерінің бірі - қаржылық есеп және есептілікпен байланысты тәуекел, яғни банктің жалпы ақпараттық ағынына мәліметтердің қате енгізілуі, ары қарай қате өңделуі және рәсімделуі. Банктік тәуекелдердің жиі кездесетін себептеріне келесілер жатады:

- қажетті мәліметтердің банктің ақпараттық ағынына мүлдем енгізілмеуі;
- ақпараттық ағынға жалған деректердің енгізілуі;
- бастапқы дұрыс мәліметтер қате талданып, бұрмалануы;
- банк иелігіндегі немесе банк жауапкершілігіндегі тауарлар, қызметтер, материалдық мүліктерге байланысты мәліметтердің оларға сәйкес келмеуі;
- ақпарат дұрыс талданып, өңделгенімен есептілік мәліметтерінің дұрыс рәсімделмеуі. Қаржылық есеп және есептілікпен байланысты тәуекелдерді бақылап, алдын алу үшін қаржылық және басқа да ақпарат жайлы деректердің толықтығы, дер кездігі және олардың есептерде дұрыс рәсімделуі маңызды.

Екінші деңгейдегі банктердің өнімдері құндық сипатта төлемдік, меншікті және тартылған қаражаттардан тұрады. Демек, төлем айналымының міндеті қолма-қол және қолма-қолсыз формаларда бухгалтерлік есепте салымдар, несиелеу, кепілдіктер, кеңестер және басқа да банктік қызметтер арқылы осы қаражаттардың жағдайын көрсету болып табылады. Банктік қызметтер ұлғаймалы құн қасиетімен ерекшеленеді, яғни банкпен көрсетілген әрбір қызмет табыс алуға және капиталдың келесі айналымға қатысуы үшін құнды көбейтуге ықпал ету керек. Сондықтан, екінші деңгейдегі банк – қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыратын және жарғылық қызмет нәтижесінде пайда табатын ерекше ұйым деп айтуға болады. Екінші деңгейдегі банктің меншікті капиталы және оның пайдасы бухгалтерлік есептегі ақшалай қаражаттармен байланысты негізгі түсініктердің бірі. Сондықтан банк қызметін талдауда ақшалай қаражаттардың түсуі мен шығуы шаруашылық іс-әрекеттің негізгі деректері болып табылады. Осы деректер арқылы бухгалтерлік есеп объектілері бағаланады және басқарушылық шешімдер қабылданады.

Ақшалай қаражаттар капиталға қатысты ерекше мәнге ие болады, себебі сатып алу құны ретінде жеке немесе заңды тұлғамен өзінің тауарлар мен қызметтердегі қажеттерін қанағаттандыру үшін қолданылады [33, с 99].

Екінші деңгейдегі банктің *меншікті капиталына* оның қаржылық тұрақтылығын, коммерциялық және шаруашылық қызметін қамтамасыз ететін әр түрлі қорлары, сонымен қатар ағымдық қызметінің нәтижелері және алдыңғы жылдардағы бөлінбеген пайдасы жатады.

Банктің резервтік капиталы – банктік операциялар орындау үдерісінде пайда болатын зияндар орнын толтыру үшін қажет болатын қаражаттар

Резервтік капиталды құру мақсаты акциялар құнының түсу қауіпі туған жағдайда жарғылық капиталдың белгіленген мөлшерін қолдау болып табылады, себебі осы резервтер есебінен жарғылық капитал толықтырылады. Резервтік капиталды құрау міндетті болу мүмкін, егер бұл қолданыстағы заңдармен қарастырылса; ерікті болуы мүмкін, егер ол құрылтайшылық құжаттарда (жарғыда, құрылтайшылық шартта) белгіленген тәртіпте мекеменің өз ынтасы бойынша құрылса, резервтік капитал мекеменің мемлекеттік тіркеу сәтінен бастап екі жыл ішінде қалыптасуы керек [96].

Екінші деңгейдегі банктің *резервтік капиталы*ның таза табысының есебінен қалыптасатын меншікті капиталының негізгі және маңызды бөлігі. Резервтік капитал қаражаттары банк қызметінде кездесетін күтілмеген зияндардың орнын жабуға және ағымдағы табыс жеткіліксіз болған жағдайда дивидендтерді төлеуге қолданылады. Резервтік капитал банк акционерлерінің жалпы жиналысы жылдық бухгалтерлік есеп және пайданы бөлу жайлы есепті бекіткеннен кейін таза пайдадан аударымдар арқылы құралады.

Банктің резервтік капиталы банк жарғысында белгіленеді. Әр жылдағы алынған таза табыстан аудару мәселесі жалпы акционерлер жиналысымен қабылданады. Оның мөлшері жария етілген жарғылық капитал көлемінің 15%-нен төмен болмауға тиіс [62, с. 594].

Резервтік капитал көлемі заңды түрде Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің талаптарына сәйкес жарғылық капитал көлемінен белгілі бір процент мөлшерінде құрылады. Резервтік капитал банктің ағымды жылдағы пайдасынан қалыптастырылады. Банк қызметінің нәтижесінде акционерлер алдындағы міндеттемелерін орындауға қаражаттары жеткіліксіз болса, онда резервтік капитал қаражаттары арқылы артықшылықты акциялар ұстаушыларына дивидендтер төленеді. Кейбір жағдайларда банк шығындары резервтік капитал есебінен жабылады. Резервтік капитал банктің тұрақты қызмет етуін қамтамасыз етеді. Резервтік капитал шамасы жарғылық капитал көлеміне жеткенде толық жарғылық капиталға аударылады. Екінші деңгейдегі банктердің қызметтері көптеген тәуекел түрлерімен байланысты, атап айтқанда несиелік, өтімділік, нарықтық, валюталық, проценттік, жүйелік және басқа да тәуекелдермен. Банктің резервтік капиталы меншікті капиталының негізгі элементі ретінде банктік қызметтегі тәуекелдердің алдын-алу мүмкіндіктерін кеңейтеді. Егер банктің резервтік капиталының көлемі жеткілікті болса, банктің мүмкін болатын шығындарға төзімділігі жоғары болады. Сол себептен реттеу

органдары тарапынан екінші деңгейдегі банктердің меншікті капиталының көлемі және құрылымына қойылатын талаптар жылдан жылға күшейтілуде.

Алайда, нормативтік реттеу және қаржы нарығы саласындағы өзгерістер екінші деңгейдегі банктерге қабылданып жатқан басқару шешімдерінің нәтижелерін толық бағалауға мүмкіндік бермейді. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде капитал басқару негізінен қадағалау органдарының нұсқауларын орындаумен шектеледі. Банктердің меншікті капиталын көбейтуге байланысты талаптар екінші деңгейдегі банктерді ұзақ мерзімдік жоспарлауда капитал көлемін ұлғайтудың жолдарын қарастыруға мәжбүрлейді. Резервтік капитал меншікті капиталдың негізгі элементтерінің бірі. Резервтік капитал зияндарды жабу, сонымен қатар басқа қаражаттар болмағанда акцияларды сатып алуға құралады. Резервтік капитал бөлінбеген пайда есебінен қалыптастырылады.

Резервтік капиталды қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес қолдану бағыттары келесі 10-кестемен көрсетіледі.

Кесте 10 – Резервтік капитал қаражаттарын қолдану бағыттары

Нормативті құжаттар	Қолдану бағыттары
1	2
13.05.2003ж. Қазақстан Республикасының Заңы «Акционерлік қоғамдар туралы» № 415-II Заңы (27.10.2015.ж. берілген өзгерістері мен толықтырулармен) [89]	- зияндардың орнын жабу; - облигацияларды өтеу; - акцияларды сатып алу.
Екінші деңгейдегі банктердің мен «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамының бухгалтерлік есепті жүргізуі жайлы нұсқаулықты бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2007 жылғы 24 желтоқсандағы № 152 Қаулысы [97]	- зияндардың орнын жабу; - облигацияларды өтеу; - акцияларды сатып алу.
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Екінші деңгейлі банктердегі, ипотекалық ұйымдарда және «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту жайлы» 2011 жылғы 31 қаңтардағы (27.07.13ж толықтыруларымен) № 3 қаулысы [77]	- зияндардың орнын жабу; - облигацияларды өтеу.
Ескерту – [77, 89, 97] әдебиеттер негізінде автормен құрастырылған	

Кестедегі мәліметтерден бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы қаулысымен резервтік капиталдың меншікті акцияларды сатып алуға қолданылуы қарастырылмағандығын көруге болады.

Біздің ойымызша, резервтік капитал қаражаттарын зияндардың орнын толтыруға жіберген дұрыс. Сондықтан нормативтік-құқықтық актілерге келесі 11-кестедегідей өзгерістер еңгізу керек деп санаймыз.

3510 «Резервтік капитал» шоты бойынша аналитикалық есептің

ерекшеліктері келесідей көрсетіледі:

- резервтік капитал есебінен қаражаттардың мақсатты қолданылуын бақылау мүмкіндігі;

- 3599 «Бөлінбеген таза табыс (жабылмаған зиян)» шотында резервтер қалыптасуы.

Банктің резервтік капиталының алдыңғы жылдардағы сомасы жайлы ақпаратты «Бөлінбеген таза пайда (жабылмаған зиян)» шотынан алуға болады.

Кесте 11 – Резервтік капитал қолданылуының бағыттары

Құжаттың атауы	Құжаттың өзгерістер енгізуге дейінгі шарттары	Құжаттың өзгерістер енгізілгеннен кейінгі шарттары
1	2	3
13.05.2003ж. № 415-П Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (2015.27.10 ж берілген өзгерістері мен толықтырулармен) [89]	Қоғамның резервтік капиталы оның зияндарын жабуға, сонымен қатар басқа қаражаттар болмағанда қоғамның облигацияларын және акцияларын сатып алуға арналған	Қоғамның резервтік капиталы оның зияндарын жабуға арналған
	Қолданыстағы заңдарға сәйкес зияндарды жабуға арналған резервтік капитал акциялар мен облигацияларды сатып алу үшін бухгалтерлік баланста арнайы көрсетіледі	Заңдарға сәйкес ұйымның зияндарын жабуға арналған резервтік капитал бухгалтерлік баланста бөлек көрсетіледі
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Екінші деңгейлі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы және «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту жайлы» 2011 жылғы 31 қаңтардағы (27.07.13ж толықтыруларымен) № 3 Қаулысы [77]	Резервтік капитал қаражаттарын «Резервтік капитал» шотының дебеті және «Бөлінбеген пайда (жабылмаған зиян)» шотының кредиті бойынша - банктің ағымды жылдағы зияндарын жабуға жіберу сомалары бойынша	Резервтік капитал қаражаттарын «Резервтік капитал» шотының дебеті және «Бөлінбеген пайда (жабылмаған зиян)» шотының кредиті бойынша - банктің ағымды жылдағы зияндарын жабуға жіберу сомалары бойынша
Ескерту – [77, 89] әдебиеттері негізінде автормен құрастырылды		

Банктің ағымды және болашақтағы табыстарының бөлінуі банк акционерлері жиналысының шешімі бойынша жүргізіледі.

Екінші деңгейдегі банктердегі негізгі құралдарды және тағыда басқа активтерді қайта бағалаумен байланысты айырмалар қосымша төленбеген

немесе қайта бағалау резервтері болып табылады.

Екінші деңгейдегі банктің пайдасынан акцияларды ұстаушыларға дивиденттер төленіп, резервтік капиталға аударымдар жасалғаннан кейін қалған қаражаттар банктің *бөлінбеген таза пайдасы* болып табылады.

Резервтік капитал банктің бөлінбеген таза пайдасы есебінен көбейеді және әртүрлі күтілмеген шығындарды жабуға пайдаланылады, мысалы, егер банк қаржылық жылды зиянмен аяқтайтын болса, артықшылығы бар акциялар иелеріне дивиденттер резервтік капитал есебінен есептеледі (кесте 12).

Кесте 12 – Резервтік капитал шоты бойынша бухгалтерлік есепте ақпаратты көрсету тәртібі

Операциялардың мазмұны	Шоттар корреспонденциясы	
	Дебет	Кредит
1	2	3
Банктің бөлінбеген таза пайдасы қаражаттары есебінен резервтік капиталдың қалыптастыруы немесе көбеюі	3599 «Бөлінбеген таза табыс (жабылмаған шығын)»	3510 «Резервтік капитал»
Резервтік капитал есебінен артықшылығы бар акциялар иелеріне дивиденттердің есептелуі	3510 «Резервтік капитал»	2853 «Акционерлермен есеп айырысулар (дивиденттер бойынша)»
Банк зияндарының резервтік капитал қаражаттары есебінен жабылуы	3510 «Резервтік капитал»	3599 «Бөлінбеген таза табыс (жабылмаған шығын)»
Ескерту – [77] негізінде автормен жасакталған		

Жалпы, банктің меншікті капиталы келесі элементтер арқылы көбейтіледі:

- ағымды жылдың пайдасы;
- акциялардың эмиссиясы;
- жаңа акционерлер тарту;
- облигациялар шығару.

Меншікті капитал банктік қызметтер орындауда кездесетін несиелік, проценттік, валюталық және жүйелік тәуекелдердің алдын алуға ықпал етіп, банктің тұрақты қызметін қамтамасыз етеді.

2.3 Банктің бухгалтерлік есептілігінде және бақылауында меншікті капитал жайлы ақпаратты көрсету тәртібі

Екінші деңгейдегі банктердегі бухгалтерлік есеп қаражаттар мен олардың көздерінің қозғалысы жайлы ақпарат жиынтығы болып табылады. Банктерде қабылданатын басқарушылық шешімдерінің тиімділігі көп жағдайларда қолданылған ақпараттың сапасы мен санына тікелей байланысты болып келеді.

Екінші деңгейдегі банктерде бухгалтерлік есеп және бақылаудың табысты жүргізілуі олардың ақпараттық қамтамасыз етілуімен тікелей байланысты.

Дәлірек айтқанда, бүгінгі таңда ақпараттық қамтамасыз етілуді дамыту банктің меншікті капиталының есебі мен бақылауын жетілдірудің объективті және қажетті шарттарының бірі болып табылады.

Толық, шынайы және дер кездегі ақпарат банкті басқарудағы күрделі міндеттердің орындалуы және банктің заманауи жоғары технологиялық қызметтер атқаруы үшін өте қажет. Басқарушылық шешімдерді қабылдаудың сапасы, негізгі басқарушылық шешімдердің жүзеге асырылу тиімділігі, сонымен қатар есеп пен бақылаудың тиімділігі ақпаратты жинау, өңдеу және бөлу үдерістерінің ұйымдастырылу деңгейіне байланысты болады.

Ақпараттық база қалыптастырудағы негізгі мәселе – бухгалтерлік есеп көзқарасынан меншік капиталымен байланысты ақпаратқа қойылатын негізі талаптарды анықтау. Аталған талаптардың мәнін, біздің ойымызша, келесідей түсіндіруге болады.

Меншікті капитал жайлы ақпарат *сенімді* және *толық* болу керек. Ақпарат *толық*, егер ол меншік капиталымен байланысты операцияларды жан жақты бұрмаламай шынайы көрсететін болса. Тәжірибеде бұл талаптың орындалуы мәліметтерді жинаудың әдіснамалық дұрыс механизмін қолдану арқылы жүзеге асырылады. Меншікті капиталдың қалыптасуы мен адекваттылығы жайлы күмәнді ақпарат негізінде қабылданған басқарушылық шешімдер көп жағдайларда кеткен қателіктерге байланысты көптеген шығындарға әкеліп соғады.

Ақпараттың *деркездігі* деген меншік капиталы қалыптасу мен пайдаланылуы бойынша оны қолдануға қол жеткізген кездегі мәліметтердің өзектілігі. Мәліметтердің өзектілігіне қойылатын талаптар болжауға келмейтін өзгермелі жағдайларда бірнеше есе артады. Бухгалтерлік есепте көбінесе ақпараттың жеделдігіне жоғары талаптар қойылады, себебі меншікті капитал бойынша операциялар жүргізу үшін нақты уақыт режиміндегі мәліметтер қол жетімді болу керек.

Меншікті капитал бойынша операциялар жайлы деректер алудың толықтығы мен реттігі мәліметтердің қажетті көлемінің уақытылы түсуі, сонымен қатар олардың сақталу деңгейін көрсетеді.

Банктің меншікті капиталымен байланысты үдерістерді түсінуге және оның негізінде дұрыс басқару шешімдерін қабылдауға жеткілікті ақпарат толық болып саналады. Толық емес ақпарат шешімдердің қабылдануын тежеумен қатар, басқарудағы қателіктердің негізгі себептері болады.


Ақпараттың салыстырмалылығы да маңызды, себебі бұл талап орындалмаған жағдайда банктің меншікті капиталы бойынша мәліметтерді өңдеудің мәні болмайды. Деректердің салыстырмалылығы банктің барлық бөлімшелеріндегі және оның филиалдарындағы меншікті капитал жеткіліктілігінің көрсеткіштерін бақылау және тіркеудің бірыңғай әдіснамалық базасын қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Екінші деңгейдегі банктерде меншікті капитал бойынша операцияларды есептіліктерде көрсету үшін ақпараттық қамтамасыздық жүйесі келесі негізгі элементтерден тұрады (сурет 5).

Бухгалтерлік ақпараттың ішкі қолданушыларына банктің басшылары, менеджерлері, иелері, акционерлері; сыртқы қолданушыларға – инвесторлар, банк клиенттері, сақтандыру және аудиторлық компаниялары, мемлекеттік қадағалау және реттеу органдары жатады.

Банктің меншікті қаражаттарының негізгі элементтері:

- акционерлік капитал;
- арнайы резервтер - келешектегі болуы мүмкін зияндардың орнын толтыруға арналған ұйымның таза пайдасынан (табысынан) бөлінген меншікті капиталдың бір бөлігі;
- бөлінбеген пайда (табыс) [98].



Сурет 5 - Меншікті капитал бойынша есептілік дайындау үшін ақпараттық қамтамасыз ету жүйесін қалыптастырудың жалпы сызбасы

Ескерту – автормен жасақталған

Қазақстандық екінші деңгейдегі банктер бухгалтерлік есепті Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің талаптарына, нұсқауларына, сонымен қатар Қазақстан Республикасының нормативті-құқықтық құжаттарына сәйкес жүргізуге міндетті.

Қазіргі таңда екінші деңгейдегі банктердің қаржылық есептіліктерін қалыптастыру, сонымен қатар банктердегі есептік үдерістің, яғни бухгалтерлік есеп жүргізу нұсқауларының да қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сай болуы талап етіледі.

Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарының (IAS) 1-ші стандарты «Қаржылық есептілікті ұсыну» бойынша капитал – банктің барлық міндеттемелері шегерілгеннен кейінгі оның активтерінде қалған үлесі (equity) болып табылады.

Банктің қаржылық есептілік элементтерінің мазмұнын сипаттауда ҚЕХС қағидалары капиталды *таза активтер* деп атайды, сондықтан банк капиталының екі есептік мерзімдер арасындағы өзгерісі таза активтердің көбеюін немесе азаюын көрсетеді. Капиталдың жалпы өзгеруі, акционерлердің операцияларын есептегенде (капитал еңгізу және дивидендтер), банктің ағымды мерзімдегі қызметінің нәтижесіндегі пайдалары мен залалдарының жиынтығы болып табылады.

Жалпы айтылғанда, капитал және оның көлемі активтер мен міндеттемелердің бухгалтерлік бағаларының айырмасы түрінде анықталады. Аталған көзқарас банктің балансын ағымды мерзімдегі шоттар бойынша жазулар салдары деп қана қоймай, сонымен қатар банктің ағымды мерзімдегі қаржылық жағдайының элементтерін өлшеу нәтижесі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді [99].

Банктердің есептілігі Қазақстан Республикасының заңдары мен Ұлттық Банктің нормативті актілерінде қарастырылатын екінші деңгейдегі банк қызметі жайлы ақпаратты қабылдау нысаны, яғни құжаттардағы ақпараттың айқындылығына жауапты тұлғалармен қол қойылған ресми бекітілген есептік құжаттар немесе есептілік нысандары.

Банктің қаржылық есептері жасалатын мәмілелер және бекітілетін келісім шарттардың нәтижелерін экономикалық мазмұнына қарай әр түрлі категориялар арқылы сипаттайды. Ауқымдылығы кең болып келетін аталған категориялар қаржылық есептердің элементтері болып табылады.

Ұйымның қаржы жағдайын бағалаумен тікелей байланысты қаржылық есеп-қисабының элементтеріне бухгалтерлік баланста көрсетілетін активтер, міндеттемелер және меншікті капиталы жатады.

Активтер дегеніміз алдыңғы уақыттарда табыс әкелетін, өткен кезеңдегі операциялар мен оқиғалар есебінен алынған мүліктік немесе мүліктік емес құндылықтар мен құқықтар.

Міндеттеме – өткен оқиғалар нәтижесінде пайда болатын ұйымның міндеттері, бұлардың орындалуы ұйымның ресурстарының кемуіне әкеледі.

Меншікті капитал (таза активтер) – барлық міндеттемелерді шегергендегі ұйымға тиесілі активтер үлесі [100].

Қаржылық есеп беру қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарының (IAS) 1-ші «Қаржылық есеп беруді ұсыну» стандартының талаптарына сәйкес банк қызметінің қаржылық жағдайы мен қаржы нәтижелерінің көрсеткіштерін құрылымдары бойынша ұсынудың үлгісі.

Қаржылық есептілік берудегі негізгі мақсат – банк акционерлерін, салымшылар мен клиенттерді, сонымен қатар банк қызметін қадағалау органдарына басқару шешімдерін қабылдау үшін банктің тұрақтылығы, өтімділігі, табыстылығы, сонымен қатар меншікті капиталды қолдану жайлы мәліметтерді ұсыну деп қарастыруға болады.

ҚЕХС сәйкес екінші деңгейдегі банктер қаржылық есеп берудің келесі нысандарын қолданады:

1. ағымды мерзімдегі қаржылық жағдай туралы есептілік немесе бухгалтерлік баланс (№1 нысаны) - банктің күндегі активтер мен пассивтер сомаларын көрсетеді;

2. ағымды мерзімдегі пайда және залалдар туралы есептілігі (№2 нысаны)– банктің кірістері мен шығыстарын көрсетеді;

3. ақшалай қаражаттар қозғалысы туралы есептілігі (№3 нысаны) – банктің кассаларындағы және корреспонденциялық шоттарындағы қаражаттарының қозғалысын көрсетеді;

4. меншікті капитал өзгерістері туралы есептілігі (№4 нысаны) – ағымды мерзімдегі банк капиталының өзгерістері таза активтердің көбеюін немесе азаюын көрсетеді;

5. қаржылық есептерге ескертпелер – есептілік нысандарындағы мәліметтерді нақтылап сипаттау арқылы толықтыру және мойындалуға тиіс элементтер жайлы мәлімдеу, сонымен қатар банктің есептік саясатының негізгі қағидалары қамтылған.

Есеп саясаты – ұйымда бухгалтерлік есеп жүргізудің тәсілдері, әдістері және ережелерінің жиынтығы болып табылады. Екінші деңгейдегі банктер есептік саясатты ҚР ҰБ нормативтік актілері мен нұсқауларына, сонымен қатар ҚЕХС-ның шарттарына сәйкес дайындап, бекітеді.

Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес қаржылық есептілік басқа ақпарат түрлерінен ерекше және есептіліктің әр компоненті нақты, анық болу талабы қойылады [101].

Екінші деңгейдегі банктердің меншікті капитал өзгерістері туралы есептілігі (№ 4 нысаны) банк балансында жылдың басы мен соңындағы көрсетілген меншікті капиталының құрамы жайлы толық ақпаратпен қамтамасыз етеді. Талаптар бойынша есепте ағымды мерзімдегі капитал өзгерістерін элементтер бойынша және олардың бастапқы мен соңғы қалдықтарын салыстырмалы түрде көрсету керек.

Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарының (IAS) 1-стандартына сәйкес банктердің меншікті капиталының өзгерістері туралы есебі банк қызметінің негізгі операцияларының нәтижесі болып табылатын келесі негізгі баптарын қамтуы керек:

- пайдалар мен зияндар есебінде мойындалмайтын табыстар мен залалдар;
- кезеңдегі таза табыс (зиян);
- төленген дивидендтер;
- қосымша капиталдағы өзгерістер;

- банктің акционерлерімен мәмілелер жүргізу нәтижелері.
- есептік саясатта жасалған өзгерістердің әсері және ҚЕХС (IAS) «Есеп саясаты, бухгалтерлік есеп айырысулардағы өзгерістер және қателер» 8-ші стандарты талап ететін іргелі қателердің түзетулері.

Екінші деңгейдегі банктердің меншікті капитал қалыптастыру ерекшеліктерін айқындау үшін диссертацияда «Еуразиялық банк» АҚ меншікті капиталының 13-кестедегі құрылымына талдау жасалды.

Кестедегі мәліметтер бойынша 2015 жылы «Еуразиялық банк» АҚ меншікті капиталының құрамында өткен жылдардың бөлінбеген нормативтік бекітілген пайдасының үлесі 73,06% және гудвиллды қосқандағы материалдық емес активтер үлесі 10,5% алатынын көруге болады.

Кесте 13 – «Еуразиялық банк» АҚ-ның соңғы екі жылдағы меншікті капиталының құрамы, құрылымы және серпіні

Көрсеткіштер	2014 ж.		2015 ж.		Өзгеріс (+; -)	
	Мың тенге	Үлес салмағы, %	Мың тенге	Үлес салмағы, %	Мың тенге	Үлес салмағы, %
Жай акциялар негізіндегі акционерлік капитал	30110207	34,2	36110211	40,3	600004	3,9
Қосымша төленген капитал	2025632	2,3	2025632	2,8	0	-
Өткен жылдардың бөлінбеген нормативтік бекітілген пайдасы	10231524	11,6	21246598	30,05	11015074	73,06
Ағымды кезеңдегі бөлінбеген пайда	-	-	3548260	5,01	3548260	23,5
Өткен жылдардың бөлінбеген нормативтік бекітілген пайдасы есебінен құрылған резервтер	8234 923	14,8	8234923	11,6	0	-
Динамикалық резерв	6719532	12,08	6719532	9,5	0	-
Қолда бар сатуға арналған қаржылық активтерді қайта бағалау резерві	-	-	(183462)	-0,26	(183462)	1,22
Гудвиллды қосқандағы материалдық емес активтер	(1703394)	3,06	(7006939)	-9,9	(5303545)	35,1
Барлығы	55618424	100	70694755	100	15076331	100
Ескерту – «Еуразиялық банк» АҚ шоғырландырылған жылдық есептері мәліметтері негізінде автормен жасақталды [124]						

Екінші деңгейдегі банктің меншікті капиталының өзгерістері жайлы есебі таза табыс алу, алынған таза табысты бөлу, банк акцияларын шығару және сатып алу, активтер мен міндеттемелерді қайта бағалау нәтижесіндегі банктің меншікті капиталы өзгерістерінің баптар бойынша мәні мен сомасын ашып көрсетеді.

Меншікті капитал өзгерістері туралы есептілікте келесі ақпараттар ұсынылады:

- есептік кезең басындағы меншікті капитал көлемі;
- алынған таза табыс және оны бөлу;
- банк акцияларын шығару (сатып) алу;
- қайта бағалау көлемі;
- есептік кезең соңындағы меншікті капиталдың басқа да өзгерістері.

Меншікті капиталдың екі есептік кезең арасындағы өзгерістері банктің ағымды мерзімдегі таза активтерінің көбеюі немесе азаюын көрсетеді. Меншікті капитал иелерімен жүргізілген операциялар әсерінен болған өзгерістерден тыс, мысалы капиталға салынған жарналар, банктің меншікті үлестік құралдары мен дивидендтерін сатып алу.

Қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттары бойынша есептілікті дайындау және жасау қағидаларында капитал жайлы екі тұжырымдама бар: қаржылық және физикалық. Қаржылық тұжырымдама инвестицияланған ақша немесе инвестицияланған сатып алу құны ретіндегі капиталды таза активтер деп алады. Ал физикалық тұжырымдама капиталды кәсіпорынның өндірістік күші, яғни бір күнде шығарылған өнім бірлігі ретінде қарастырады. Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарының қағидалары бойынша несиелік ұйымдарға тұжырымдаманы өз беттерінше таңдау мүмкіндігі берілген. Негізінен екінші деңгейдегі банктер қаржылық есептілікті жүргізу үшін капиталдың қаржылық тұжырымдамасын қолданады.

Осы жерде қазақстандағы екінші деңгейдегі банктердің бухгалтерлік тәжірибесінің әдістемелік негіздерінің ҚЕХС бойынша есеп жүргізу әдістемелігінен ерекшелігі ретіндегі пайданы бағалау және есептілікте капиталға байланысты тұжырымдамаға сәйкес капитал өзгерістерін көрсету айырмашылықтарын айта кету керек. Негізгі айырмашылық – банк пайдасының мәмілілер жасау кезінде пайда болатын міндеттемелердің номиналды сомаларының арасындағы айырма ретінде емес, акционерлердің банк қызметіне салған қаражаттарынан алған табыстары ретіндегі банктің экономикалық теория тұрғысынан нақты өсуі ретінде қарастырылатындығында. Бұл жерде капитал экономикалық теориядағы анықтамаға сәйкес «иесіне табыс табуға мүмкіндік беретін игіліктер, мүліктер жиынтығы» болып табылады.

Екінші бөлім бойынша тұжырым

Сонымен, екінші деңгейдегі банктерде меншікті капиталдың бухгалтерлік есебі мен бақылауын ұйымдастыру мәселелерін зерттеу нәтижесінде келесі қорытындылар жасалды.

Банк капиталы ең күрделі болып саналатын бухгалтерлік категориялардың бірі. Екінші деңгейдегі банктің саны мен сапасы жағынан жеткілікті меншікті капиталының болуы банктік реттеу және қадағалау органдары тарапынан талап етілетін негізгі көрсеткіш. Банктік қызметті қадағалаудың Базель комитетінің құжаттарында келесі қағида бекітілген: «банктік қадағалау органдары барлық банктер үшін капитал жеткіліктілігі талаптарына сәйкестілікті анықтау керек. Осы талаптардың банктің тәуекелдер деңгейіне сәйкес келуі, сонымен қатар капиталдың мүмкін болатын шығындарды жабу қабілетін ескере отырып оның нақты құрамдас бөліктерін анықтай алуы маңызды.

Зерттеу жұмысында жарғылық капиталдың трансформациялануымен байланысты шығындардың жіктелуі және есебінің ерекшеліктері берілді. Олар жарғылық капиталдың қалыптасуымен, көбеюі және азаюымен, акциялардың орналастырылуы және қозғалысымен, сонымен қатар банк акционерлеріне жарғылық капитал бойынша қызмет көрсету шығындары ретінде жіктеледі. Жоспарланған шығындар 1793 «Алдыңғы уақыттағы шығындар» баланстық шотына жиналып, 5921 «Негізгі емес қызметтің басқа да шығындары» баланстық шот бойынша есептен шығарылады. Осындай көзқарас шығындар сомаларын реттеуге және төмендетуге мүмкіндік береді.

Банктердің қаржылық жағдайлармен байланысты мәселелері қиындауының негізгі себептерінің бірі – меншікті капиталды басқарудың төмен сапасы. Біздің ойымызша, капитал жеткіліктілігі сандық параметрлермен қатар, банктің тәуекелдердің ішкі және сыртқы факторларға адекватты әсер ету қабілетін сипаттайтын сапалық көрсеткіштермен де анықталады.

Екінші деңгейдегі банктің саны мен сапасы жағынан жеткілікті меншікті капиталының болуы банктік реттеу және қадағалау органдары тарапынан талап етілетін негізгі көрсеткіш. Банктік қызметті қадағалаудың Базель комитетінің құжаттарында келесі қағида бекітілген: «банктік қадағалау органдары барлық банктер үшін капитал жеткіліктілігі талаптарына сәйкестілікті анықтау керек. Осы талаптардың банктің тәуекелдер деңгейіне сәйкес келуі, сонымен қатар капиталдың мүмкін болатын шығындарды жабу қабілетін ескере отырып оның нақты құрамдас бөліктерін анықтай алуы маңызды». Демек, ең бастысы кенеттен болатын күтілмейтін банктік тәуекелдерді анықтап, орын алатын шығындар деңгейін дұрыс бағалай білу, яғни олардың банк тарифтерінде және резервтерде толық есептелуінің маңызы зор. Сондықтан банктің экономикалық капиталы бір жағдайда реттеуіш капиталдан аз немесе көп талап етіледі.

Аталған банктік тәуекелдердің дұрыс бағалануы банктің ақпараттар жүйесінің және банктегі есеп пен есептіліктің ұйымдастырылу деңгейіне, яғни меншікті капитал жайлы есептілік мәліметтерінің айқындылығы мен толықтылығына тікелей байланысты.

Мәселенің дұрыс шешілуіне келесі шаралардың орындалуы өз септігін тигізеді:

- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде, сонымен қатар екінші деңгейдегі банктерде қызмет ететін жетекші мамандармен банктердің қаржылық жағдайын сапалы талдаудың жетік технологияларын меңгеру;

- қадағалау органдары және банктер тарапынан банктік тәуекелдерді бақылау, талдау жүйесін жетілдіру, яғни тәуекелдердің әрбір жеке банк үшін ең жоғарғы деп есептелетін деңгейлерін анықтау;

- екінші деңгейдегі банктердің қаржылық жағдайының тұрақтылығын қамтамасыз ететін резервтер құру тәртібін өзгерту;

- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің мамандарымен екінші деңгейдегі банктерді басқару сапасын бағалаудың әдістемелігін дайындау және оны меңгеру. Аталған құжат банктің қаржылық жағдайының төмендеуінің алдын-алу шараларын айқындау үшін маңызы зор.

- отандық екінші деңгейдегі банктер қаржылық есептіліктеріндегі меншікті капитал жайлы ақпараттың халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес терең және толық болуын қамтамасыз ету керек.

Осы жағдайда банктердің меншікті капиталының бухгалтерлік есебі мен бақылауының мәліметтерін қолданып банктің несиелік портфелі, оның табыстары мен шығыстары жайлы реттеу органдарына, сонымен қатар басқару шешімдерін қабылдау үшін акционерлерге ұсынуға болады.

Екінші деңгейдегі банктердің меншікті капиталының құрылымы оның негізгі элементтерінің есебін жүргізуге тікелей әсер етеді, яғни банк капиталының есебі ұйымдастырылулық-техникалық көзқарастан капитал құрылымына сәйкес келу керек.

Басқару есебінің көзқарасынан банк капиталы активтердің пассивтерден асып кетуін көрсетеді. Бухгалтерлік есептілік негізіндегі баланстық капитал банктің ағымды жағдайын жеткілікті мәлімдейді, бірақ банктің қаржылық тұрақтылығын, яғни оның тәуекелдерге төтеп беру мүмкіндіктерін сипаттай алмайды.

3 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙДЕГІ БАНКТЕРІНІҢ МЕНШІКТІ КАПИТАЛЫНЫҢ БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕБИ МЕН БАҚЫЛАУЫН ЖЕТІЛДІРУДІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

3.1 ҚР екінші деңгейдегі банктерінің меншікті капиталының есебі мен аудитіне қазіргі кездегі қойылатын талаптар

Екінші деңгейдегі банктердегі бухгалтерлік есептің негізгі міндеттерінің бірі банк қызметі, оның мүлдіктік және қаржылық жағдайы туралы толық және шынайы ақпарат қалыптастыру болып табылады. Банктің бухгалтерлік балансының мәліметтері банктің белгілі мерзімдегі мүлдіктік жағдайын толық көрсетеді, яғни баланста банк активтері мен пассивтері жайлы толық мәліметтер берілген. Бухгалтерлік баланс көрсеткіштері банктің жалпы қаржылық жағдайын сипаттайды. Екінші деңгейдегі банктің қаржылық есептілігі келесі құжаттардан тұрады: бухгалтерлік баланс; пайдалар мен залалдар жайлы есеп; ақшалай қаражаттардың қозғалысы жайлы есеп; капитал өзгерістері жайлы есеп; түсініктеме хаттама. Қаржылық есептілік қалыптастыру тәртібі және есептілікке қойылатын талаптар негізінен ҚЕХС және Қазақстанда бухгалтерлік есебін және есептілікті жүргізуді реттейтін заңдарымен бекітіледі.

Қаржылық есептіліктің негізгі сапалық сипаттамалары ретінде түсініктілігі, орындылығы, сенімділігі және салыстырмалылығы алға тартылады [102].

Банктік операциялар жүргізілу нәтижесіндегі активтердің өсуі немесе шығуы, міндеттемелердің көбеюі немесе өтелуі нәтижесінде меншікті капитал көлемі өзгереді не бір қалыпта қалады. Шаруашылық жүргізудің қазіргі жағдайларында, сонымен қатар банктік қызметте ұйымның күрделі экономикалық механизмін басқару үшін анық қалыптасқын есеп жүйесімен қамтамасыз етілетін толық және айқын экономикалық ақпараттың маңызы зор.

Бәсекелік орта екінші деңгейдегі банктерді бәсекеге қабілетті банктік қызметтер өндіріп, әрдайым олардың сапасын жоғарылатып, өзіндік құнын төмендетіп тұруға мәжбүрлейді. Осы жерде бухгалтерлік есептің басымды рөлі және мәні арта түседі, себебі ол шаруашылық қызметті көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар оған әсер етеді. Бухгалтерлік есеп басқару үдерісінің бір бөлігі ретінде банктің ағымды қызметін бақылауға мүмкіндік беретін маңызды ақпаратпен бірге, банктің стратегиясы мен тактикасын жоспарлауға, банк ресурстарын тиімді қолдануға, қызмет нәтижелерін бағалау және өлшеуге, банктік тәуекелдер мен басқарушылық шешімдер қабылдаудағы субъективтілікті төмендетуге жағдайлар жасайды. Екінші деңгейдегі банктің меншікті капиталын қалыптастыру Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының заңымен, сонымен қатар басқа да Қазақстан Республикасының заңдары мен нормативті актілерімен реттеледі.

Меншікті капитал несие мекемелерінің қалыпты жұмыс істеуі үшін ерекше маңызға ие. Екінші деңгейдегі банктің ашылуы кезінде меншікті капитал оның қалыптасу көзі және өз жұмысын бастауының негізі болып

табылады. Капиталдың құны активтер мен міндеттемелерді бағалауға байланысты анықталады және ол бухгалтерлік баланста көрініс табады. Осылайша меншікті капитал екінші деңгейдегі банктердің өз жұмысын сәтті бастап кетуі үшін аса маңызға ие, сондықтан ол банк капиталының бухгалтерлік есебі мен аудитінің ерекшеліктерін зерттеу үшін өзекті болып табылады.

Екінші деңгейдегі банктің баланстық, реттеуіш және экономикалық капиталдары жалпы меншікті капитал ретінде банктің табысты қызметінің міндетті шарттарының бірі. Дегенмен банктік қызметтің ерекше аспектілері көзқарасынан екінші деңгейдегі банктің қызметін басқару, реттеу және қаржылық есеп беру мақсатында оның меншікті капиталы баланстық, реттеулік және экономикалық деп бөлінеді [103].

Аудит қаржылық бақылаудың жеке бір функциясы ретінде уақытылы түрде қаржылық ақпараттың дәлдігін, толықтығын, дұрыстығын, нақтылығын анықтай отыра банк операцияларының Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес орындалғандығын тәуелсіз бақылайды. Басқаша айтқанда, аудит – бұл шаруашылық жүргізуші субъектінің бухгалтерлік және қаржылық есептіліктерін, есеп-айырысу құжаттарын, салықтар төлеу жайлы және өзге де міндеттемелер жиынтығын, ұйымның қаржылық есептілігін дайындау, бухгалтерлік есеп жүргізуі, активтері мен пассивтерін бағалау, сонымен қатар қаржы, салық, банк саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттарды қолдану арқылы аудиторлар тобының немесе аудиторлық ұйымның кәсіпкерлік қызметінің түрі. Аудитор сарапшының қызметін орындай отыра ұйымның қаржылық есептілігін аудиттелетін объектінің аудиторлық есебін қамтамасыз ету мақсатында және сол аудиттелген кезең ішіндегі ұйымның қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелерін білдіретін ақпараттардың қаншалықты дәрежеде шынайылығы мен талапқа сай екендігін тексере отырып өз қорытындысын шығарады. Бұл функцияны жүзеге асыру кезінде аудитор басты назарын ішкі бақылау мен бухгалтерлік есепті ұйымдастыру жағдайына аударады [104].

Ішкі аудит бухгалтерлік есеп пен ішкі бақылаудың ұйым есебінде заң бұзу және бұрмалаушылықтардың алдын алуға ықпал ететін тиімділігі жоғары жүйесінің қалыптасуына себеп болады [105].

Банктің есеп саясатында меншікті капитал субъектінің активтері мен міндеттемелері арасындағы айырма ретінде анықталады және акционерлік (жарғылық) капитал, банктік резервтер, қосымша төленген капитал, активтерді қайта бағалаудан түскен қосымша төленбеген капитал мен бөлінбеген пайдадан тұрады [64,с. 313].

Банктің меншікті капиталы – бұл оның «таза құны», яғни жиынтық активтерінен барлық кредиторлық міндеттемелерін шегергендегі таза активтері болып табылады. Банк активтері баланста бағаланған құнынан төмен сатылатын болса, онда барлық шығындар меншікті капитал есебінен қамтылады және сол себепті банк акционерлері акциядан түсетін пайдасын баланста көрсетілген сомадан аз алады [106].

Меншікті капитал екінші деңгейдегі банктің күнделікті қызметінде оның ұзақ мерзімді өміршеңдігін қамтамасыз ету үшін аса маңызды рөл атқарады. Банктің меншікті капиталы, жалпы айтқанда, кездейсоқ шығындардың орнын жабуға арналған және банкроттықтан сақтануға арналған ақшалай құралдар.

Банктің меншікті капиталы банкті құру үшін қажетті құралдары мен ұйымдастыру сияқты оның жұмыс істеуі үшін депозиттердің жеткілікті санын тарту тағы бір маңызды функциясы қатарына жатады. Банктік операцияларды жүргізуге лицензия алу үшін банктің ресми түрде ашылуына дейін жеткілікті ақшалай қаражаттарының болуы міндетті талаптардың бірі болып табылады.

Банктің меншікті капиталының көлемі қаншалықты жоғарылаған сайын оның клиенттерінің сенімі де жоғарылай түседі және банктің ағымдағы шығындары мен залалдарын жабуына кепіл бола алады. Меншікті капитал жаңа банктік қызметтер мен бағдарламаларды жүзеге асыруға және жабдықтарды сатып алуға сонымен қатар институционалдық өсуі үшін қаражат көзі болып табылады.

Банктің өсуі үшін, яғни жаңа қызметтерін ұсынуы мен дамуы барысында пайда болатын тәуекелдерді және сондай-ақ филиалдарын құруға қолдау жасау мақсатында қосымша капитал қажет болып табылады [107, с. 71].

Қадағалау органдары банкте шамадан тыс қаржылық тұрақсыздық пен тәуекел деңгейін болдырмау мақсатында капитал көлеміне экономикалық талаптар қояды. Сондықтан, банктің меншікті капиталы оның қызметінің бақыланатын көрсеткіштерін анықтайтын, сонымен қатар реттеуші органдар стандарттарын белгілеу үшін негіз болып табылады. Екінші деңгейдегі банктердің меншікті капиталының негізі - акционерлердің қосқан үлестері ретіндегі акционерлік капитал. Қаржы нарығында қызмет ету шарттарымен екінші деңгейдегі банктердің акционерлік капиталының тұрақты өсуі талап етіледі. Банктің меншікті капиталының қажетті мөлшерін анықтау үшін бірінші кезекте реттеуші органдарымен бекітілген ең төменгі рұқсат етілетін банктің капитал көлемі және банктің меншікті қаражаттар көрсеткіштерін есептеуде қолданылатын нормативтері ескеріледі. Осындай нормативтердің бірі банк капиталы мен оның тәуекел дәрежесі бойынша еселенген баланстық және баланстан тыс активтерінің ең төменгі ара қатынасын бекітеді [108].

Екінші деңгейдегі банктердің қаржылық есептілігінің аудитінде меншікті капитал аудиті ең маңызды орындардың бірін алып отыр, өйткені меншікті капитал банктің мүлкін қалыптастырудың негізгі көздерінің бірі болып табылады.

Банктің меншікті капиталының аудиті келесідей ретпен жүзеге асырылады:

- жарғылық (акционерлік) капитал аудиті;
- резервтік капитал аудиті;
- қосымша төленген капитал аудиті;
- қосымша төленбеген капитал аудиті;
- бөлінбеген пайданың аудиті [109].

Банктің жарғылық капиталы акционерлердің (банк иелерінің) банкті

құрып, оның қызметін одан ары жалғастыру үшін қосқан жарналары есебінен қалыптасатын меншікті капиталдың негізгі элементі болып табылады.

Жарғылық капиталдың аудиті сарапшылардың пікірінше, өз бағдарламасын жүзеге асыру үшін келесідей болып рәсімделеді (кесте 14):

Кесте 14 – Жарғылық капитал аудитінің бағдарламасы

Аудиттің процедуралары	Ақпарат көздері
Баланс көрсеткіштерінің Бас кітап мәліметтеріне сәйкес келуі	Банк балансы. 3001, 3003, 3025, 3027 шоттар топтары бойынша банктің Бас кітабы
Капитал жылжуының синтетикалық және аналитикалық есебінің сауатты жүргізілуін тексеру	Бас кітап, акционерлер реестрі, акционерлерді есепке алу карточкалары, құрылтайлық құжаттар, төлем тапсырмалары, кассалық кіріс ордерлері және т.б.
Жарғылық капиталдың талаптарға сай қалыптастырылуын тексеру	Нормативтік – заңдық актілері, құрылтайлық құжаттар, бухгалтерлік анықтамалар
Төлемдердің (акционерлердің салымдарының) толық және дер кезінде есепке алынуын тексеру	Накладнойлар, төлем тапсырмалары, кассалық кіріс ордерлері, бухгалтерлік есеп шоттарындағы жазулар
Акционерлік капитал өзгерістерінің негізділігін және дер кездігін, сонымен қатар осы өзгерістердің құрылтайлық құжаттарға дер кезде еңгізілуін тексеру	Құрылтайшылар мен акционерлердің жалпы жиналысы шешімдерінің хаттамалары, эмиссиялау жобасы және құрылтайшылар келісімі
Банктің жарғылық капиталына төлемдер ретінде салынған мүлікті және өзге де мүліктік құқықтарды инвентаризациялау (түгендеу)	Инвентаризациялау (түгендеу) актілері, инвентаризациялық тізім, салыстыру ведомості және т.б.
Қолданыстағы заңдармен салыстырғандағы банктің жарғылық капитал есебіндегі анықталған ауытқуларды жою бойынша ұсыныстарды дайындау және негіздеу	Қорытындылар, есептер және аудитордың ұсыныстары
Ескерту – [110] әдебиет негізінде жасақталған	

Сонымен, жарғылық капитал аудиті баланста көрсетілген жарғылық капитал көлемінің құралтайлық құжаттар және Бас кітаптың «Жай акциялар», «Артықшылықты акциялар» шоттарының мәліметтеріне сәйкестігін тексеруден басталады. Бұнда құрылтайшылар қарыздарының және қатысушылардың жарғылық капиталға салымдары сомаларын көрсететін осы шоттардың кредиті бойынша айналымдары бейнеленген. Содан кейін айналымдар бойынша жазуларды аналитикалық есеп мәліметтерімен салыстыру керек, яғни жарғылық капитал қалыптастырудағы шоттар корреспонденциясының дұрыстығы тексеріледі. Акционерлік қоғамның жарғылық капиталын қалыптастыру және өзгерту тәртібі Қазақстан Республикасының 13.05.2003 жылғы (24.11.2015 ж. толықтырулар мен өзгертулерімен) «Акционерлік

қоғамдар туралы» заңымен бекітілген және осы заңда «жарияланған капитал», «шығарылған жарғылық капитал» анықтамасы қолданысқа енгізілді.

Компанияның жарғылық капиталының мөлшері барлық акцияларының жалпы номиналды құнына тең және ортақ біркелкі валютамен көрсетіледі. Жоғарыда айтылғандай қаржылық ұйымның жария етілген жарғылық капиталы құрылтайшылардың жалпы жиналысының шешіміне қарай көбейтіледі және төмендетіледі. Егер басқа жағдайлар заңмен қарастырылмағанда. Бірақ жаңа акцияларды шығаруға рұқсат жарияланған акциялар орналастырылып, төленгеннен кейін ғана беріледі. Дегенмен, жарияланған жарғылық капиталдың көлемі акционерлік қоғамдар үшін заңмен бекітілген көлемнен кем болмауы керек [111].

Егер есептік кезеңде жарғылық капитал шамасы өзгертін болса, аудитордың міндеті орын алған өзгерістердің заңдылығы мен дер кездігін түсіндіру, сондай-ақ бухгалтерлік есеп жазбаларының дұрыстығын және заңдылығын тексеру. Жарғылық капиталдың акционерлік қоғамның меншікті капиталының құрылымы ретіндегі қалыптасу ерекшеліктері акциялар төленуінің дер кездігін және олардың жылжуы бойынша операциялардың заңдылығын тексеруде аудитордың ерекше назар аударатын мәселелерінің бірі. Сондай-ақ, банктің акционерлері арнайы реестрде тіркеледі. «Төленбеген капитал» шотына байланысты аналитикалық есеп акционерлік карталар немесе айналым ведомостісі бойынша жүргізіледі. Бұл құжаттарда жарғылық капиталға салымдардың берешек сомасы, оны өтеу мерзімі, қарыздарды өтеуге қолданылатын активтер құнының сомалары көрсетіледі. Банк құрылтайшыларының құжаттары, негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді қабылдау және тапсыру актілері, төлем тапсырмалары, кассалық кіріс ордерлері және басқа да анықтамалар аналитикалық есеп жүргізудің негізі болып табылады. Акционерлер реестрінің мәліметтері мен «Төленбеген капитал» шоты бойынша есептік деректерді салыстыру арқылы акцияларды төлеудің дер кездігі және олардың жылжу операцияларының заңдылығын бақылау қажет. Аудитор жарғылық капиталын тексеру кезінде, ең алдымен, «Жай акциялар» және «Артықшылықты акциялар» шоттары бойынша соманы «Төленбеген капитал» шотындағы сомамен салыстыруы керек. Аталған сома жарғылық капиталға салымдар бойынша құрылтайшылар және акционерлердің берешектерінің сомаларын көрсетеді. Егер сомалардың айырмашылықтары елеулі болса, әр құрылтайшымен жарғылық капиталға салынған салымның толықтығы тексеруден өтеді. Аудитор құрылтайшылар мен акционерлер, жарғылық капиталға жарияланған салым және нақты салынған салым құжатына сілтеме жасап кесте дайындайды. Жарғылық капиталына кепілге, сондай-ақ іс жүзінде құжатқа сілтеме жасап таныстыруы тиіс. Бір құрылтайшының қордағы салымының ең жоғарғы үлесі 35% - тен аспауы тиіс. Акционерлік қоғам жалпы жиналыстың шешімі бойынша жарғылық капиталды акциялардың номиналдық құнын жоғарылату немесе қосымша акциялар шығару арқылы көбейте алады. Алайда, жарияланған жарғылық капитал толық төленгеннен кейін ғана оны көбейтуге болады. Банктің шеккен залалдарын жабу үшін акциялар шығару

және олардың номиналды құнын көбейтуге тыйым салынады. Жарғылық капиталды ұлғайту туралы шешім акционерлердің жалпы санының кем дегенде 2/3 дауысымен акционерлердің жалпы жиналысында қабылданады. Жарғылық капиталдың тексеру сапасын жоғарылату үшін аудитор мүлікті және ұйымның жарғылық капиталына жарналар ретінде енгізілген басқа да мүліктік құқықтарды түгендеуді ұйымдастырғаны жөн. Жарғылық капиталдың талаптарға сай қалыптастырылуын банктің құрылтайлық құжаттарын тексеруден бастаған жөн. Банктің жарғысын, құрылтайшылар келісім шартын, банктің жалпы жиналыс және директорлар кеңесінің шешімдерін, эмиссиялау проспектісін, эмиссиялау қорытындыларын, банктік қызмет жүргізу лицензиясын, есептік саясатты зерттеу негізінен жоспарлау мен ары қарай аудиторлық процедуралар жүргізу үшін банк және оның жарғылық капиталының құрылымы жайлы көзқарас қалыптастыруға қажетті аудиторлық дәлелдерді алу болып табылады. Аудиторлық тексеру жарғылық капиталды қалыптастырудың дұрыстығын, жарғылық капиталдың төленуімен байланысты операциялардың бухгалтерлік есепте көрсетілуін, соның ішінде басқа да меншікті қаражаттардың капитализациялануы бойынша операцияларды растау қажет.

Жарғылық капиталға аударылған жарналардың толықтығын және дер кезділігін талдау жарғылық капитал көрсеткішінің сенімділігін растаудың маңызды алғышарты және соған байланысты меншікті капитал көрсеткіші ретінде есептеу үшін негіз болып табылады [112].

«ҚР банктер және банктік қызмет жайлы» заңының талаптарына сәйкес жаңадан құрылған банктің жарғылық капиталы тіркеу кезінде банк акционерлерімен елу процент көлемде және тіркелгеннен кейін бір жыл ішінде толық төленуі керек [90].

Жарғылық капитал қалыптастыру заңдылығының аудиті жүргізілгенде аудитор банктің жарғылық капиталы акционерлердің меншікті құралдары есебінен төленуіне, сонымен қатар жарғылық капиталға салымдар және сатып алынған банк акцияларына қаражаттарды заңды тұлғалармен қолма-қолсыз түрде төленуіне аса назар аудару керек. Банктің бухгалтерлік есептілігі мен ағымды өтімділік көрсеткішін талдау банк акционерлерінің қаржылық жағдайын анықтауға мүмкіндік береді, өз кезегінде бұл жарғылық капитал жарналарының құқықтылығының қажетті алғышарты болып табылады. Бухгалтерлік балансының өтімділігі және төлем қабілеті нашар деп табылған ұйымдар банк акционері бола алмайды және акцияларды бірінші реттік орналастырылу кезінде оларды сатып алуға құқылары жоқ. Аудиторлар банктің меншікті акцияларының акционерлерден қайта сатып алумен байланысты операцияларды тексерулері тиіс. Бұнда аудиторлармен аталған операциялардың жүргізілу негіздерін анықтауға және құжаттардың түгел болуына аса назар аударылады. Банк өз акцияларын өз еркімен, акционерлердің талаптары бойынша және заңмен белгіленген жағдайларды сатып алады. Атап айтқанда, орналастырылған акцияларын банк акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша жарғылық капиталды азайту мақсатында орналастырылған

акциялардың бір бөлігін кері сатып алу жолымен жүргізуге құқылы, егер бұндай жағдай банк жарғысында бекітілген болса. Банк өз акционерлерінен акцияларды қайта сату мақсатында да сатып алуы мүмкін. Бұл жағдайда банк меншігіне түскен акциялар бір жыл ішінде сатылуы керек, сатылмаған жағдайда акционерлердің жалпы жиналысымен жарғылық капиталды азайту туралы шешім қабылдануы қажет. Аудиторлар осы жағдайларды міндетті түрде тексеруі керек. *Банктің жарғылық капиталының кемуі орын алған жағдайларда* аудитор бұл үрдіске назар аударуы керек. Банктің жарғылық капиталы екі жолмен азайтылады: банк акцияларының жалпы санын (үлесін) қысқарту немесе акциялардың номиналды құнын төмендету. Жарғылық капиталдың азаюын талдауда аудитор ҚР ҰБ акционерлерден сатып алынған банкке тиесілі меншікті акциялар есебінен жүргізілуі тиіс деген талабын ескеру керек. Алайда, жарғылық капиталды акциялардың бір бөлігін өтеу арқылы азайту шаралары, бұл туралы банктің жарғысында бекітілген болған жағдайда ғана рұқсат етіледі. Жарғылық капитал акциялардың номиналды құнын төмендету арқылы жүргізілгенде, банк ҚР ҰБ барлық талаптарын ескере отырып, номиналды құны азайтылған акциялар шығару керек.

Жарғылық капиталды көбейту жарияланған акциялардың номиналды құнын (үлесін) жоғарылату немесе қосымша акциялар орналастыру (қосымша үлестер енгізу) есебінен жүргізіледі. Банктің меншікті қаражаттары есебінен жарғылық капиталдың көбею сомасы, банктің таза активтерінің құны (меншікті қаражаттары) мен оның жарғылық капитал және резервтік капиталы сомасының айырмасынан артық болмау керек. Банктің жарғылық капиталын қалыптастыру және оның көлемінің өзгеруі бойынша операциялардың бухгалтерлік есепте дұрыс көрсетілуі, сонымен қатар жарғылық капитал мәнінің банктің меншікті капиталының жалпы көлемінде дұрыс есептелуі тексерілуі керек.

Бұл жерде аудиторлар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2016 жылдың 30-шы мамырындағы №144 «Ислам банктері үшін пруденциалдық нормативтерді және өзге де сақтауға міндетті нормалар мен лимиттерді, олардың нормативтік мәнін және ислам банктері үшін пруденциалдық нормативтерді және өзге де сақтауға міндетті нормалар мен лимиттерді есеп айырысу әдістемесін белгілеу туралы» Қаулысы бойынша шешім қабылдайды [113].

Бір жыл ішіндегі жарғылық капиталдың барлық өзгерістері хаттамалар, шешімдер, келісім шарттармен және т.с.с. міндетті түрде салыстырылуы керек. Ары қарай аудиторлар резервтік капиталдың дұрыс қалыптастырылуын тексерулері тиіс. Ол үшін резервтік капиталдың нақты көлемі нақты төленген жарғылық капитал көлемімен салыстыру арқылы ҚР ҰБ – мен белгіленген талаптарына сәйкестілігі талданады. Банк кеңесінің шешімдері және 3510 «Резервтік капитал» шотының көшірмелері негізінде аудиторлар резервтік капиталдың қалыптасуы мен пайдаланылуын реттейтін қолданыстағы нормативтік актілердің орындалуын және резервтік капитал есебінен жүзеге асырылған шығыстардың өкілетті орган шешімдеріне сәйкестілігін анықтайды.

Одан кейін ол резервтік капитал қалыптастыру және оның қаражаттарының қолданылуы бойынша операциялардың бухгалтерлік есепте көрсетілу ережелерінің сақталуын анықтайды. Резервтік капиталға және басқа резервтерге аударымдар жасалғаннан кейін акционерлердің иелігінде бөлінбеген пайда қалады. Бөлінбеген пайда аудитінің мақсаты – бухгалтерлік есептілік сенімділігін және пайданың дұрыс анықталуы мен бөлінуін тексеру болып табылады. Ол үшін келесі құжаттар қолданылады:

- 3580 «Өткен жылдардағы бөлінбеген таза пайда (жабылмаған зиян)» және 3599 «Бөлінбеген таза пайда (жабылмаған зиян)» шоттары бойынша беттік шоттың көшірмелері, сонымен қатар олармен корреспонденттелетін шоттар бойынша беттік шоттар көшірмелері;

- баланстық мәліметтер және мемориалды ордерлер.

Банктің соңғы қаржылық нәтижесі (пайда немесе зиян) ағымды кезеңдегі банкпен алынған және өндірілген табыстар мен шығыстарды салыстыру арқылы анықталады. Жыл бойы банк қолдағы ағымды пайда сомасы шектерінде аванстық аударымдар жасай алады. Аталған сомалар 3580 «Өткен жылдардағы бөлінбеген таза пайда (жабылмаған зиян)» шотында көрсетіледі.

Екінші деңгейдегі банктер пайдасын бөлудің өз ерекшеліктері бар. Банк пайдасының шоттарында жинақталатын таза пайда екі бағыт бойынша бөлінеді:

- резервтік капиталды, басқа да резервтерді қалыптастыру және толықтыру, сонымен қатар жарғылық капиталды толықтыру;


- дивидендтерді төлеу.

Банктің өткен жылдардағы жабылмаған зияндары болған жағдайда ағымды жылдың пайдасы осы зияндарды өтеуге кетеді.

Дивидендтердің есебін ұйымдастыру және төленуін аудиторлық тексерудің маңызы үлкен. Банк жарияланған акциялардың әр категориясы (түрі) бойынша дивидендтер төлеуге міндетті. Жылдық дивидендтерді төлеу және олардың мерзімі, әр категориядағы акциялар бойынша дивиденд көлемі мен оны төлеу нысаны жайлы шешімдер банктің Жарғысы негізінде директорлар кеңесінің ұсынысы бойынша акционерлердің жалпы жиналысымен қабылданады. Акционерлердің жалпы жиналысы акциялардың кейбір категориялары (түрлері) бойынша дивидендтер төлемеуге немесе банк жарғысында дивиденд көлемі анықталған артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді толық көлемде төлемеуге құқылы. Яғни, жиналыс шешімі бойынша дивидендтер банктік қызметті дамытуға жіберілуі мүмкін.

Аудитті жүргізудегі маңызды мезеттердің бірі - *салықтар және басқа да міндетті төлемдердің* есептелуі мен төленуін тексеру. Банк пайдасының анықталу тәртібіне, оның бөлінуіне және қолданылуына аудитор ерекше назар аударуға міндетті. Бұл операциялардың барлығы үздіксіз әдіс арқылы тексерілу керек. Сонымен қатар, пайданы бөлу және қолдану есебі бойынша бухгалтерлік есепте көрсетілген операцияларға байланысты жалпы жиналыс хаттамаларынан үзінділерді салыстыру керек. Аудиторлық тексеру жүргізу үдерісінде анықталған барлық заңды бұзушылықтар аудитордың жұмыс құжаттарында бастапқы құжаттар мен регистрлер көшірмелеріне сілтемесімен қоса тіркелуі тиіс. Осы құжаттардың барлығы аудитордың есептілік құжаттарында қосымша ретінде

беріледі. Екінші деңгейдегі банктің меншікті капиталын аудиторлық тексеру әдістемелігі 6- суреттегі сызбамен ұсынылады:



Сурет 6 – Екінші деңгейдегі банктің меншікті капиталын аудиторлық тексеру әдістемелігі

Ескерту – автормен жасақталған

Акционерлік қоғамның резервтік капиталын пайдалану тәртібі

директорлар кеңесінің айрықша құзыретінде болады, бірақ оны құру және оның көлемі заңмен бекітілмеген. Сондықтан аудитор резервтік капиталды қолдануға қатысты қоғам құжаттарын қарастыру керек. Резервтерді құру және пайдалану тәртібі құрылтайшылар құжаттарымен және акционерлік қоғамның есеп саясатымен қарастырылуы керек [114].

Аудиторлық тексеру барысында аудитор тексерілетін тұлғаның қызметін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ақпараттың қол жетімділігі мен толықтығын қамтамасыз ететін құрылтайшылық құжаттарына сараптама жүргізу керек. Бұл деректер есептеулерді жасауға; міндеттемелерді орындауға; жарғылық капиталды, қорлар мен резервтерді қалыптастыруға; құрылтайшылармен есеп-айырысуларды нақтылауға, сонымен қатар мәмілелердің құқықтық және салықтық салдарын анықтауға мүмкіндік береді.

Банктің құрылтайшылар құжаттарының экспертизасы нәтижесінде келесілер бекітіледі:

- аудит жүргізілетін субъектінің басқару құрылымы және барлық деңгейдегі басшылардың басқарушылық шешімдер қабылдаудағы құзыреттері;
- құрылтайшылар құжаттарына өзгерістер енгізудің дер кездігі;
- аудит жүргізілетін банктің қызмет түрлері мен құрылтайшылары;
- акционерлік капитал көлемі және әр акционердің үлесі;
- жылдың соңында міндетті төлемдер төленгеннен кейінгі банктің өзінде қалатын пайданы бөлу тәртібі;

- банктің жарғылық капиталын қалыптастыру бойынша бухгалтерлік құжаттарды рәсімдеуді және бухгалтерлік проводкаларды құруды талаптарға сай орындау;

- бастапқы құжаттардағы жазулардың «Құрылтайшылармен есеп айырысулар» және «Жарғылық капитал» шоттары бойынша бухгалтерлік есеп регистрлеріндегі жазуларға сәйкес келуі [115].

Егер аудитормен құрылтайшылар құжаттарында, сонымен қатар жарғылық капитал есебінде банк қызметінің заңдылығына күмән келтіретін немесе мемлекетке зиян болатын елеулі қателер анықталатын болса, онда аудитор банк басшыларына осыларды жоюға уақыт беру керек.

Қолданыстағы заңдармен салыстыртырғандағы жарғылық капитал есебіндегі анықталған ауытқуларды белгілеп, оларды жою бойынша ұсыныстар дайындау аудиттің қорытынды процедурасы болып табылады. Егер аудитормен анықталған ауытқулар банктің алдыңғы ауқыттағы қызметінің заңдылығына әсер етпейтін және мемлекет, акционерлер мен кредиторлар мүдделеріне қайшы келмейтін болса, онда аудитор өзінің оң қорытындысын бере алады.

Аудиторлық есеп жүргізілген аудит нәтижелері бойынша құрастырылады және аудиторлық қызмет туралы заң мен аудит стандарттарына сай келуі керек [116].

Банктің қызметі табысты, рентабельділігі жоғары болып, оның активтерін көбейту үшін банкті басқарудың толық қалыптасқан механизмі қажет. Күнделікті ішкі банктік бақылау және аудит осындай басқару механизмінің негізгі элементтерінің бірі болып табылады [117].

Екінші деңгейдегі банктерде аталған қызметтерді аудиторлық комитет атқарады. Банктің аудиторлық комитетінің негізгі қызметтері:

- банк басшыларына, директорлар Кеңесіне және банктің сыртқы ұйымдарына ұсынылатын қаржылық есептіліктің толықтығы мен сенімділігін қамтамасыз ету;

- ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің сенімділігі мен тиімділігін қамтамасыз ету;

- сыртқы аудиторлар тәуелсіздігін қамтамасыз ету;

- ішкі аудит қызметінің тәуелсіздігін қамтамасыз ету.

Аудиторлық комитет банктің ішкі тәуекелдерін басқарады, сондықтан сыртқы аудиторлармен, ішкі аудит қызметімен, комплаенс қызметімен және тәуекел-менеджменті департаментімен белсенді түрде бірігіп қызмет жүргізеді.

Ішкі аудит қызметі банктің шаралары мен процедуралары кешенінің сақталуын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар егер олар банктің тәуекелдерден қорғалуын қамтамасыз ете алмайтын болса ішкі аудит қызметі осы шараларға өзгерістер енгізеді. Бақылау, аудит және есептілік жүйелерінің тиімділігі банктің әр түрлі филиалдарына, департаменттеріне және еншілес ұйымдарына толық аудитті ішінара жүргізу есебінен қамтамасыз етіледі. Ішкі аудит қызметі сыртқы аудиторлық компаниялармен және реттеу органдарымен байланыста жұмыстар атқарады.

Банк басшылығы банк бөлімдері мен бөлімшелерінің тиімді қызметтерін бақылауда және қызметкелердің өз міндеттемелерін тыңғылықты орындауында мүдделі. Өз кезегінде бұл банк басшыларымен басқарылатын меншікті капиталдың сақталуына, оның тиімді қолданылуына және көбеюіне ықпал етеді.

3.2 ҚР екінші деңгейдегі банктерінің меншікті капиталының динамикасын талдау және модельдеу

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері нарық жағдайларында өз ресурстарын мемлекет, заңды және жеке тұлғалардың уақытша бос ақшалай құралдарынан қалыптастырады. Жинақталған ресурстарды пайда табу мақсатында орналастырады. Банктің ресурстық базасының құрамы меншікті, сонымен қатар тартылған қаражаттардан тұрады және банктік операциялардың ерекшеліктерімен анықталады. Осы қаражаттардың басым көпшілігі тартылған және қарыз, ал қалғаны – банктің меншікті құралдары болып табылады [107,с. 54].

Банктің меншікті капиталын басқарудың негізгі шарттарының бірі – капиталдың қажетті көлемін анықтау және оны бекітілген шектерде болуын қамтамасыз ету. Банктің меншікті капиталының көлемі банктің тәуекел дәрежесіне еселенген активтеріне сәйкес келу керек. Сол себептен, қазіргі жағдайларда екінші деңгейдегі банкті басқару дегеніміз - банктің меншікті капиталының құрылымы мен көлемін үнемі талдау.

Екінші деңгейдегі банктің меншікті капиталының көлемі оның активтерінің көлемін, құрамын және құрылымын, сонымен қатар банктің

табыстарының көлемін де анықтайды. Демек, банктің меншікті капиталын талдау банк қызметін бағалаудың негізгі міндеттерінің бірі.

Меншікті капиталды талдаудың басты міндеттеріне келесілер жатады:

- меншікті капиталдың жағдайын бағалау;
- банкті басқару сапасын бағалау мақсатында меншікті капитал құрылымы өзгерістерінің тенденцияларын айқындау;
- таза меншікті капиталды, яғни нетто-капиталды бағалау;
- меншікті капиталдың өсу резервтерін анықтау.

Есептің халықаралық тәжірибесінде меншікті капитал акционерлік капитал және банктің тиімді қызметі нәтижесінің бөлінбеген пайдасынан тұратын банк иелерімен салынған капитал ретінде қарастырылады. Сәйкесінше бөлінбеген пайданың теріс көлемі залал болып табылады және қаржылық есептілікте «минус» таңбасымен көрсетіледі.

Отандық банктік тәжірибеде меншікті капитал экономикалық мазмұны және қолданылуы бойынша қаржылай қаражаттардың әр түрлі көздері ретінде қарастырылады: жарғылық капитал, қосымша капитал, резервтік капитал, бөлінбеген пайда [118].

Екінші деңгейдегі банктің меншікті капиталы тарту жағынан қарапайымдылығымен, қаржылық жағдай тұрақтылығын қамтамасыз етумен және банкроттылық тәуекелін төмендетумен сипатталады. Меншікті капитал банктің өз бетінше тәуелсіз қызмет етуінің негізі болып табылады. Оның ерекшелігі – ұзақ мерзімді негізде инвестицияланады және жоғары деңгейдегі тәуекелге бейім болып келеді. Банктің жалпы капиталындағы меншікті капитал сомасының жоғары және қарыз қаражаттардың үлесі төмен болған сайын, кредиторларды залалдардан және капиталды шығасылар тәуекелінен қорғайтын буфер жоғары болады [119].

Екінші деңгейдегі банктер қызметтерін талдау үшін база ретінде келесі құжаттар қолданылады: баланстық мәліметтер, пайдалар мен залалдар туралы есептер, жалпы қаржылық есептілік, экономикалық нормативтер ретіндегі пруденциалдық нормативтердің орындалуы, дебиторлық-кредиторлық берешек расшифровкалары, сонымен қатар ақпарат құралдарындағы басылымдар [120].

Банктік ресурстарды талдаудың әдістемелік негіздері келесі бағыттардан тұрады:

- банктің ресурстық базасын талдау үшін ақпараттық қамтамасыздықты таңдау және жүйелеу;
- банктік ресурстар жайлы ақпаратты, сонымен қатар олардың қалыптасуы және қолданылуы жайлы ақпаратты өңдеу;
- екінші деңгейдегі банктің меншікті капиталын қалыптастыру көздерін және оның жеткіліктілік деңгейін зерттеу;
- капитал жеткіліктілігінің көрсеткіштерін талдау, капиталдың жеткіліксіздігін және құрамын анықтау, сонымен қатар негізгі және қосымша капиталдар көздерінің құрылымын белгілеу;
- тәуекелдері бойынша еселенген активтерді талдау және активтерді тәуекелдер топтарына байланысты талдау;

– банктің тартылған және қарыз қаражаттарын, мерзімді банктік ресурстар мен талап етуге дейінгі ресурстарды және олардың табысты банктік операцияларға салымдарын айқындау;

– банктің ресурстық базасының оперативті, ағымды және стратегиялық басқаруда қолдану мақсаттарында қалыптасуын талдау;

– банктің ресурстық базасының құрамдас бөліктерінің банк пайдасы мен тұрақтылығына әсер етуін зерттеу.

Банктің ресурстық базасын талдау негізі ретінде ресурстарды тұрақтылық дәрежесі бойынша жіктеу алыну керек. Талдаудың аталған көзқарасы банк өтімділігін қамтамасыз етуге арналған қаражаттар қалдықтарының ең төмен көлемін қолдануға мүмкіндік беріп, табысты активтерге салымдарды көбейтеді. Осының салдарынан банктің рентабельділігінің артуы жалпы банк ресурстарын басқару деңгейінің жоғарылауына әкеледі [121].

Екінші деңгейдегі банктер ресурстық базаның құрылымын талдау үшін бірнеше әдістерді қолданады:

1) банктің қаржылық жағдайын талдау әдістемелігі;

2) Қазақстан республикасының Ұлттық Банкінің меншікті капитал және оның негізгі элементтері – тұрақтылығы жоғары негізгі капитал және тұрақтылығы төмен қосымша капиталды есептеу әдістемелігі;

3) банктік қадағалау бойынша Базель комитетінің капиталдың халықаралық стандарттары ретіндегі әдістемелігі;

4) CAMELS банктік рейтингтер жүйесін есептеу әдістемелігі;

5) ресурстық база қалыптастырудың және қолданудың, сонымен қатар ресурстық базаның банк қызметінің тиімділігіне әсерінің экономикалық-статистикалық әдістері.

Банк қызметтерін зерттейтін мамандардың айтуынша екінші деңгейдегі банктер қызметінің тиімділігі мен тұрақтылығын бағалау үшін негізгі көрсеткіш ретінде меншікті капиталды қолданған дұрыс. Банк үшін бұл меншікті капитал көлемін көбейтуге қосымша себеп болады.

Халықаралық стандарттар бойынша меншікті капитал және тәуекелі есептелгендегі активтер көлемдерінің ең төменгі ара қатынасы 8% болып саналады, ал отандық банктік тәжірибедегі меншікті капитал адекваттылығының жаңа халықаралық стандарттарына сәйкес пруденциалдық нормативтердің нақты орындалуын қадағалау органдарының ресми мәліметтерінен көруге болады [122].

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің капитализациялануын арттыру елдің экономикалық өсуінің тұрақтылығын қолдаудың міндетті шарттарының бірі болып табылады. Алайда, отандық екінші деңгейдегі банктердің ресурстық базасын қалыптастыру үдерісі тәжірибеде пасивтердің сапасы мен құрылымындағы проблемалармен байланысты. Табысты қызмет үшін қазақстандық екінші деңгейдегі банктері әр банктің жеке ерекшеліктеріне сәйкес пасивтерді басқарудың тиімді әдістерін дайындауы маңызды. Қазіргі кезде банктердің табыстылығы мен тұрақтылығы ҚР ҰБ бекітілген экономикалық нормативтерді сақтай отырып банктің

пайдасын ұлғайту қағидаларына негізделеді. Банк капиталының құрылымын оңтайландырудың негізгі концепциясы банк иелерінің мүдделеріне сай және банктік тәуекелдерге байланысты капитал нормативтерінің негізінде активтер табыстылығы мен банктің төлем қабілеттілігін қамтамасыз ету.

Екінші деңгейдегі банктер тәжірибеде басты назарларын пайда табуға салады, сондықтан өтімділік деңгейін төмендетіп көрсетеді. Осындай жағдай қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуде көптеген түйінді мәселелердің пайда болуына әкеледі. Сондықтан екінші деңгейдегі банктер үшін рентабельділіктің белгілі деңгейіндегі ең жоғарғы өтімділік қажет.

Екінші деңгейдегі банктің активтері мен ресурстық базасының арасындағы байланысты келесі көрсеткіштер арқылы анықтауға болады:

спрэд – орналастыру және қаражаттарды тартудың пайыздық мөлшерлемелері арасындағы айырмасы;

жалпы пайыздық маржа – пайыздық табыстар мен пайыздық шығыстар айырмасының жиынтық активтерге қатынасы;

таза пайыздық маржа – пайыздық табыстар мен шығыстар арасындағы айырманың қызмет ететін активтерге қатынасы;

сезімталдық – активтер мен пассивтердің ағымды құнының пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне тәуелділігі.

Ұйымның «Капиталдағы өзгерістері жайлы есебінің» мәліметтерін талдағанда ең бастысы капитал құрамын, құрылымын бағалап, оны қалыптастырудың негізгі көздерін анықтап алу керек. Содан соң капиталдың жалпы көлеміне және құрамдас бөліктері бойынша өзгерістеріне талдау жүргізген дұрыс [34, с. 224].

Талдау барысында ең алдымен банктің меншікті капиталын басқару тиімділігі бағаланады. Екінші деңгейдегі банктердің меншікті капиталының тұрақты элементтерінің бірі жарғылық капитал. Банктер жарғылық капиталды жаңа акциялар шығару немесе бөлінбеген пайданың бір бөлігін капитализациялау жолымен көбейтеді.

Екінші деңгейдегі банктердің резервтік капиталы банктің басқармасының шешіміне байланысты оның міндеттемелерін қамтамасыз ету және банктік операциялар бойынша жалпы шығасылардың орнын жабу үшін пайдаланылады. Екінші деңгейдегі банктің меншікті капиталының көлемі мен оның жеткіліктілігі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің нормативті актілерімен реттеліп отырады.

Қазақстан Республикасының банк секторының қорлану құрылымының 2013-2016 жылдар бойынша динамикасы келесі 15- кестеде берілген.

Кестедегі мәліметтер бойынша Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің қорлану құрылымындағы пассивтердің негізгі үлесін, яғни 65,6%-зы клиенттер салымдары және 10,5%-зы басқа пассивтер алатынын көруге болады.

Кесте 15 – ҚР банк секторының қорлану құрылымы (қорытынды айналымымен)

Көрсеткіштің атауы	01.01.2013ж.		01.01.2014ж.		01.01.2015ж.		01.01.2016ж.	
	Сума	Үлес салмағы, %	Сума	Үлес салмағы, %	Сума	Үлес салмағы, %	Сума	Үлес салмағы, %
Банкаралық салымдар	161,9	1,2	283,0	1,8	384,4	2,1	501,7	2,1
Алынған қарыздар	614,8	4,4	585,6	3,8	993,0	5,4	1 014,8	4,3
1 Клиенттердің салымдары	8 532,9	61,5	9 844,9	63,7	11 351,0	62,2	15 605,1	65,6
Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар	996,5	7,2	978,2	6,3	1 215,1	6,7	2 100,9	8,8
Жарғылық капитал	2 788,2	20,1	2 821,6	18,2	2 892,4	15,9	1 565,1	6,6
Резервтік капитал	443,7	3,2	506,1	3,3	465,1	2,6	275,6	1,2
Ағымды жылдың бөлінбеген таза пайдасы (орны толтырылмаған шығын)	-199,3	-1,4	236,9	1,5	291,2	1,6	224,3	0,9
Басқа пассивтер	541,3	3,8	205,4	1,3	646,7	3,5	2 492,5	10,5
Барлық пассивтер	13880,0	100,0	15 461,7	100,0	18 239,0	100,0	23 780,3	100,0
Ескерту – автормен ҚР ҰБ мәліметтері бойынша құрастырылған [72]								

Үш жыл ішінде банктердің жарғылық капиталы өсіп 2788,2 млрд. тенгеден 2892,4 млрд. тенгеге жеткен, бірақ ағымды жылы жарғылық капитал азайып 1565,1 млрд. тенге болған. Алайда, жарғылық капиталдың үлес салмағы төрт жыл ішінде 13,5%-ға төмендеп, 2015 жылы - 6,6% болды. Сонымен қатар, екінші деңгейдегі банктердің клиенттерінің салымдары осы жылдары көбейіп 8532,9 млрд. тенгеден 15 605,1 млрд. тенге сомасында болды.

Банк капиталының жеткіліктілігі отандық, сонымен қатар халықаралық тәжірибеде әр түрлі түсіндіріледі. Көптеген ғалымдардың айтуынша екінші деңгейдегі банктердің меншікті капиталының жеткіліктілігі олардың тұрақтылығын, сенімділігін және көптеген банктік тәуекелдерге бейімділік дәрежесін көрсетеді.

Дегенмен, банктің меншікті капиталының жеткіліктілік көрсеткіші тәжірибе көрсеткендей, екінші деңгейдегі банктер қызметтерін кешенді жүйелі талдау нәтижесі ретінде ғана нақты деп айтуға болады, яғни өзге де талдау көрсеткіштері жиынтығында. Банкрот деп танылған екінші деңгейдегі банктердің меншікті капиталдарының көлемі жеткілікті болғаны белгілі. Сондықтан, біздің ойымызша, тек қана капитал жеткіліктілігі бойынша банк сенімділігін объективті бағалау мүмкін емес деп айтуға болады

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің мәліметтері бойынша 2016 жылдың 1-қаңтарында банк секторының реттеуіш капиталының көлемі 3057,6 млрд. тенге (2015 жылдың басында – 2 629,2 млрд. тенге) болды. Ағымды мерзімдегі капитал жеткіліктілік коэффициенттері келесідей: к1-1 – 12,5%; к1-2 – 13,1%; к2–15,9%. Жылдың басындағы капитал жеткіліктілік коэффициенттері: к1-1- 11,00%; к1-2 – 13,20%; к2 – 17,30%. (кесте 16).

Кесте 16 – ҚР банк секторының меншікті капиталының жеткіліктілігі

Көрсеткіштер атауы	01.01.2013 ж.		01.01.2014 ж.		01.01.2015 ж.	
	сомасы	үлес салмағы, %	сомасы	үлес салмағы, %	сомасы	үлес салмағы, %
Бірінші деңгейдегі капитал	1561,4	75,2	1691,1	72,0	2 063,0	78,5
Екінші деңгейдегі капитал	510,1	24,5	663,0	28,3	640,7	24,5
Үшінші деңгейдегі капитал	1,0	0,0	1,7	0,1	2,0	0,1
Барлық есептелген меншікті капитал	2 072,3	100,0	2 347,4	100,0	2 629,2	100,0
Меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенттері						
Меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті к1-1	-	11,6	-	11,0	-	11,0
Меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті к1-2	-	13,6	-	13,5	-	13,2
Меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті к2	-	18,1	-	18,7	-	17,3
Ескерту – автормен ҚР ҰБ мәліметтері бойынша құрастырылған [72]						

Мәліметтерді зерттеу арқылы ҚР банк секторының меншікті капиталының өзгерісіндегі анықталған оң өсімі жалпы банк секторының дамуын позитивті сипаттауға негіз болады. Есептік меншікті капиталдың өсім қарқыны ағымды жылы 16,2 % (428,4 млрд. тенге) құрады. Бұл бірінші деңгейдегі капиталдың көбеюімен байланысты. Бірінші деңгейдегі капиталдың ағымды жылғы өсу қарқыны 21,9% (2516,8млрд. тенге - 2063,0 млрд. тенге = 453,8 млрд. тенге). Өз кезегінде бұған әсер еткен отандық екінші деңгейдегі банктер клиенттерінің салымдары мен өзге де пассивтерінің өсуі. Аталған өзгерістерді он бесінші кестедегі мәліметтерден көруге болады.

Қазақстан Республикасының банк секторының меншікті капиталының құрылымында 1-ші деңгейдегі капитал үлесі жоғары, 2016 жылдың 1-ші қаңтарында ол 82,3% болған. Ол ҚР ЕДБ меншікті капиталының сапасы жоғары, бірақ қымбат болып келетін көздер есебінен қалыптастырылғанын көрсетеді. Демек, отандық екінші деңгейдегі банктердің қаржылық тұрақтылығы жеткілікті. Алайда, екінші деңгейдегі банктердің меншікті капиталының бөлінбеген пайда, жарғылық капитал есебінен қалыптасуы ЕДБ

активті операцияларының табыстылығын төмендетеді.

Пайданы меншікті капитал қалыптастырудың көзі ретінде талдай отырып, ҚР ЕДБ ағымды жылдағы бөлінбеген 224,3 млрд. тенге пайдасы отандық екінші деңгейдегі банктерді қорландыру құрылымының 0,9%-зын құрайтынын және тиімді банктік қызмет нәтижесінде пайда алынғанын айта кетуге болады.

Жоғарыда айтылып өткендей, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің қорлану құрылымындағы жарғылық капиталдың үлесінің төмендеу тенденциясы байқалады (2015 жылы 6,6%-ды құрады).

Жарғылық капиталдың жеткілікті үлес салмағы капиталдың жоғары сапасын сипаттайды. Ол акционерлерге пайданы дивиденд ретінде иемденуге мүмкіндік береді, бірақ банк қызметінің ары қарай дамуын шектейді.

Банктің жарғылық капиталын толығырақ талдау үшін, мамандардың айтуынша, келесі бағалау коэффициенттерін есептеу керек:

- жарғылық капитал және банк активтері көлемінің ара қатынасының коэффициенті

- жарғылық капитал және банктің меншікті капиталының ара қатынасының коэффициенті;

- жарғылық капитал және банктің тартылған қаражаттары ара қатынасының коэффициенті;

- жарғылық капитал және банктің таза несиелік салымдарының ара қатынасының коэффициенті;

- жарғылық капитал рентабельділігінің коэффициенті.

Жалпы айтқанда, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің капиталдық базасы оң сипатталғанымен, меншікті капиталды көбейту және капитал рентабельділігінің өсуі – өзекті мәселелердің бірі болып қала береді. Алайда, несиелік белсенділіктің жоғары деңгейі тәуекелдердің көбейіп, күмәнді және үмітсіз банктік активтер бойынша резервтер құруға шығыстардың артуына әкеледі. Жүйелі тәуекелдерден қорғану үшін қазақстандық екінші деңгейдегі банктерге меншікті капиталдың жеткілікті көлемі қажет [123].

Меншікті капитал ресурстары екінші деңгейдегі банктердің ішкі және сыртқы капитал нарықтарындағы бәсекелік позициясын (жағдайын) белгілейді. Сонымен қатар, бұл қазақстандық екінші деңгейдегі банктерге 2019 жылы капитал жеткіліктілігінің Базель III халықаралық стандарттарына толық көшу талаптары қойылып отырғанда өте маңызды мәселердің бірі деп айтуға болады.

Келесі кезекте қазақстандық екінші деңгейдегі банкі «Еуразиялық банк» акционерлік қоғамының қаржылық көрсеткіштері динамикасына модельдеу және болжау жасалады.

«Еуразиялық банк» ҚР нормативтік құжаттарындағы талаптарға сәйкес өз қызметін акционерлік қоғам формасында 1994 жылы Қазақстанда орындай бастады. Аталған саладағы заңдар өзгерістеріне байланысты банк 2003 жылы қайта тіркелді. Еуразиялық банк операцияларын 2007 жылы 28 желтоқсанда ҚР ҰБ берілген № 237-ші лицензия негізінде жүргізеді. Сондай-ақ банк брокерлік-дилерлік, сонымен қатар кастодиандық қызметтер орындайды. Аталған

қызметтерді жүргізу үшін банктің арнайы №0401100623, №0407100189 лицензиялары бар. «Еуразиялық банк» акционерлік қоғамы келесі қызмет түрлерін жүргізе алады: жеке және заңды тұлғалардың депозиттерін тарту, клиенттердің шоттары бойынша қызметтер, есеп-йырысу қызметтері, кастодиандық қызмет, шетел валютасындағы операциялар және бағалы қағаздармен операциялар жүргізу. «Еуразиялық банк» акционерлік қоғамының қызметі Ұлттық банкпен қадағаланып, реттеледі. Банктің ұйымдастырылу құрылымы және шоғырландырылған қаржылық есептілігі «Еуразиялық банк» акционерлік қоғамының қаржылық есептілігі және Ресей Федерациясының Мәскеу қаласындағы еншілес банкінің есептілігінен тұрады.

2015 жылдың 31 желтоқсанындағы мәліметтер бойынша банктің 20 аймақтық филиалдары (2014 жылы – 19 филиалдары болған) және и 143 есептік – кассалық бөлімшелері (2014 жылдағы саны - 99) бар. Осы бөлімшелер арқылы «Еуразиялық банк» акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының территориясында өз қызметін жүзеге асырады [124].

Жалпы 2011-2015 жылдар аралығындағы «Еуразиялық банк» акционерлік қоғамының қаржылық есептілігінің негізгі көрсеткіштерін төмендегі 17-кестеден көруге болады.

Кесте 17 – «Еуразиялық банк» акционерлік қоғамының негізгі қаржылық көрсеткіштері

млрд тенге

Көрсеткіштер атауы	Жылдар				
	2011 ж	2012 ж	2013 ж	2014 ж	2015 ж
Жиынтық активтер	369,4	470,5	588,6	808,6	989,0
Клиенттерге берілген қарыздар	256,0	354,6	432,5	588,2	682,3
Клиенттер депозиттері	245,6	314,7	404,7	548,5	654,6
Меншікті капитал	31,9	47,8	58,8	66,7	79,1
Операциондық табыс	25,6	38,4	51,5	54,5	55,0
Шығыстар	17,6	25,4	35,4	39,9	50,0
Таза пайда	6,0	9,8	13,1	11,4	4,0
Қолма-қол қаражаттар түріндегі табысы	11,0	15,9	18,2	12,1	1,1
Капитал жеткіліктілігінің коэффициенттері, %					
Бірінші деңгейдегі капитал жеткіліктілігі	6,6	8,0	8,6	7,4	8,1
Жалпы капитал жеткіліктілігінің коэффициенті	11,8	13,0	15,9	11,7	10,3
Ескерту – «Еуразиялық банк» АҚ жылдық есептері мәліметтері бойынша [124]					

Кестеден бес жыл ішінде банктің негізгі қаржылық көрсеткіштерінің өсу тенденциясы тұрақты сақталғанын көруге болады.

Меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенттері реттеу органдарының талаптарына сәйкес банк капиталының бірінші деңгейі үшін 5%-тен төмен емес

және жалпы капитал жеткіліктілігі 10%-тен төмен болмауы керек.

«Еуразиялық банк» акционерлік қоғамының көрсеткіштері аталған талаптарға сай келеді. Банктің бірінші деңгейдегі капитал жеткіліктілігі (k1.2) 2014 жылы – 7,4%, ал 2015 жылы – 8,1% болды. Жалпы капитал жеткіліктілігінің коэффициенттері (k2) 2014 жылы – 11,7%; 2015 жылы - 10,3% құрады.

Банктің 2014 жылдағы айналыстағы акциялар саны 16 211 133 болды (2010 жылдан бастап мәліметтер айтарлықтай өзгермеген). Банктің тікелей акционері «Еуразиялық қаржылық компания» АҚ акциялардың - 100,00%-тін иеленеді. Банктің акционерлері банкке салынған өз үлестеріне сәйкес пропорционалды 2014 жылдың акцияларын шығаруға жазылған. Банктің бенефициарлы меншік иелері А. Машкевич, А. Ибрагимов және П.Шодиев.

Банктің тіркелген акционерлі капиталы 33000000 жәй акциялардан (31.12.2014 жылы – 33 000 000) және 3000000 сатып алуға жатпайтын кумулятивті артықшылығы бар акцияларынан тұрады (2014 жылы 3000000 акция болған). Банкпен шығарылған бағалы қағаздары бойынша ақпарат келесі 18-кестеде беріледі.

Кесте 18 – «Еуразиялық банк» АҚ айналысқа шығарылған акцияларының құрамы

Шығарылған акциялар номиналы	Жылдар	
	2014ж	2015ж
955,98 тенге	8 368 300	8 368 300
1523,90 тенге	2 631 500	2 631 500
1092,00тенге	2 930 452	2 930 452
6532,60тенге	2 280 881	3199 352
Шығарылған және айналымдағы акциялардың барлығы	16 211 133	17 129 604
Ескерту – «Еуразиялық банк» АҚ жылдық есептері мәліметтері бойынша [124]		

2015 жылдың 31 желтоқсанындағы мәліметтері бойынша 2 000 129 мың тенге сомасындағы дивидендтер немесе бір акцияға 123,38 тенге жарияланғаны және төленген (2014 жылы 1,5 млрд. тенге көлемде дивидендтер төленді).

Акцияға келетін баланстық құн. Қазақстан қор биржасының листингінің ережелері бойынша банк шоғырландырылған қаржылық есебінде акцияға келетін баланстық құн көлемін көрсету керек. Ақцияға келетін баланстық құн материалдық активтерден тыс таза активтерді айналыстағы жәй акциялар санына бөлумен есептеледі. 2015 жылдың 31 қаңтарындағы акцияға келетін баланстық құн 6532,60 тенге болды.

2015 жылы айналыстағы банк акцияларының саны 17 129 604 акцияға жетті. 2015 қаржылық жылы 918 471 дана жаңа акциялар шығару нәтижесінде банктің меншікті капиталы 79,1 млрд тенгеге көбейді.

«Еуразиялық банк» АҚ қаржылық көрсеткіштерінің динамикасын модельдеу және болжау үшін 2009-2016 жылдардағы тоқсандық мәліметтер алынды (Қосымша А, Б).

Көрсеткіштер арасындағы өзара байланыстылықты талдауда корреляциялық матрицаны және басты компоненттер жүктемелері қолданылды.

Математикалық-статистикалық әдістерді қолданып көрсеткіштер динамикасын талдау мақсатында келесі міндеттер қойылды:

- көрсеткіштер арасындағы өзара байланыстылықты талдау;
- меншікті капиталдың құрылымын талдау арқылы өзгерістерін болжау.
- негізгі көрсеткіштердің тенденциясын анықтап, қорытынды болжам жасау.

«Еуразиялық банк» АҚ-ның меншікті капиталы және негізгі көрсеткіштер арасындағы өзара байланыстарды талдауда корреляциялық талдау әдісі қолданылды. Талдауға алынған көрсеткіштер тізімі 19-кестеде берілген.

Кесте 19 – «Еуразиялық банк» АҚ қаржылық көрсеткіштері

Белгілеу	Көрсеткіш атауы
X1	Активтер
X2	90 күннен асатын төлем мерзімі өткен кредиттер
X3	ҚЕХС несие портфелі бойынша қалыптасқан провизиялар
X4	Жеке тұлғалардың салымдары
X5	Заңды тұлғалардың салымдары
X6	Табыс салығы төленгеннен кейінгі ағымдағы кірістердің (шығыстардың) ағымдағы шығыстардан (кірістерден) асып кетуі
X7	Кіріс әкелетін активтер
X8	Пайыздық маржа (Сыйақы алумен байланысты таза кіріс /Кіріс әкелетін активтер), (%-пен)
X9	Пайыздық спрэд (Сыйақы алумен байланысты кірістер/Кіріс әкелетін активтер- Сыйақы төлеумен байланысты шығыстар/Сыйақы төлеумен байланысты міндеттемелер),%-пен
X10	Ссудалық портфель
X11	ROA - Активтер рентабельділігі, (%-пен)
X12	ROE - Капитал рентабельділігі, (%-пен)
X13	Банктің жиынтық несиелерінің жиынтық депозиттер көлеміне қатынасы, (%-пен)
У	Баланс бойынша меншікті капитал
Ескерту – автормен жүйеленді [124]	

Көрсеткіштер арасындағы өзара байланыстылықты талдауда жұптық корреляция коэффициенттері есептелінді (кесте 20).

Кестедегі есептеу нәтижелері бойынша меншікті капитал мен басқа көрсеткіштердің басым көпшілігінің арасында тығыз байланыс бар екендігін көреміз. Бұдан банк көрсеткіштерінің өзгеруі негізінен меншікті капиталдың өзгеруімен байланысты екенін байқаймыз.

Кесте 20 – Корреляция матрицасы

	X1	X2	X3	X4	X5	X6	X7	X8	X9	X10	X11	X12	X13	У
X1	1,00													
X2	0,96	1,00												
X3	0,75	0,79	1,00											
X4	0,96	0,94	0,70	1,00										
X5	0,97	0,94	0,82	0,90	1,00									
X6	0,38	0,33	0,45	0,21	0,45	1,00								
X7	0,98	0,97	0,81	0,93	0,96	0,39	1,00							
X8	0,64	0,66	0,84	0,51	0,74	0,68	0,69	1,00						
X9	0,69	0,70	0,86	0,57	0,78	0,68	0,73	0,99	1,00					
X10	0,97	0,96	0,85	0,89	0,97	0,49	0,98	0,79	0,82	1,00				
X11	0,22	0,20	0,33	0,04	0,29	0,95	0,25	0,60	0,59	0,34	1,00			
X12	0,24	0,22	0,31	0,07	0,30	0,93	0,27	0,57	0,56	0,35	0,99	1,00		
X13	0,35	0,38	0,59	0,17	0,40	0,64	0,45	0,78	0,75	0,55	0,67	0,65	1,00	
У	0,96	0,94	0,79	0,88	0,96	0,51	0,96	0,80	0,83	0,98	0,36	0,37	0,53	1,00

Ескерту – автормен мәліметтер негізінде құрастырылған [72]

Сонымен бірге меншікті капитал мен капитал рентабельдігі (ROE) және активтер рентабельдігі (ROA) арасындағы корреляциялық байланыс тығыздығы орташадан төмендеу екендігін көреміз. Оның себебі бұл көрсеткіштердің өзгеруіне басқа да факторлардың елеулі әсері бар екендігінде болуы мүмкін.

Ұйым қызметін табысты басқару мақсатында жиі қолданылатын әдістердің бірі - меншікті капитал рентабельділігінің көрсеткіші (ROE), яғни меншікті капитал рентабельділігі компанияның ұзақ мерзімді инвестициялық тартымдылығын бағалаудың негізгі коэффициенті болып табылады. Сонымен қатар, акционерлердің ұйымға салған қаражаттарының әр бірлігінің қанша табыс әкелетінін анықтайды. Бұл коэффициенттің жоғары мәні ұйым қызметінің өзін-өзі қаржыландыру мүмкіндігін және акционерлермен салынған капиталдың табыстылығын көрсетеді [125].

Меншікті капитал рентабельділігіне әсер ететін факторларды талдауда Дюпон моделін қолдануға болады.

Дюпон моделі ұйымның негізгі көрсеткіштері негізіндегі оның пайдаға байланысты көрсеткіштерін модельдеу мүмкіндіктерін көрсетеді, сонымен қатар ұйым қаржыларын стратегиялық басқару бойынша ауқымды мүмкіндіктерді ашып береді. Бұл модель ұйымның қаржылық жағдайына ықшамдалған көзқарасты қалыптастыруға әсер етеді және қаржыландырудың әр түрлі көздерінің өзара байланыстарын сипаттайды.

Аталған модель ұйымды басқарудың келесі негізгі мәселелерін біріктіреді:

- меншікті капиталдың, активтердің табыстылығын;
- операциялық, инвестициялық және қаржылық шешімдер қабылдау тиімділігін.

Дюпон моделін қолдану арқылы ұйым қызметінің тиімділігін сипаттайтын факторларды айқындауға болады, сонымен қатар модель осы факторлардың нәтижеге әсер ету дәрежесін сандық бағалауға және оларды жақсарту резервтерін анықтауға мүкіндік береді [126].

Диссертациялық зерттеуде меншікті капиталдың құрылымындағы ұсынылған өзгерістерге сәйкес, яғни меншікті капиталдың жинақталған және инвестицияланған құрамдас бөліктерін көрсетуге бағытталған Дюпонның бес факторлы моделі ұсынылады,

Ұсынылатын меншікті капиталдың бес факторлы моделі келесідей математикалық түрде көрсетіледі:

$$P_{МК} = a \cdot b \cdot c \cdot d \cdot e, \quad (9)$$

мұндағы:

a – таза пайда коэффициенті (таза пайданың салық салуға дейінгі пайдаға қатынасы);

b – активтер рентабельділігі (салық салуға дейінгі пайданың активтерге қатынасы);

c – жинақталған меншікті капитал айналымдылығының коэффициенті (активтердің жинақталған меншікті капиталға қатынасы);

d – меншікті капитал құрылымының коэффициенті (жинақталған меншікті капиталдың инвестицияланған капиталға қатынасы);

e – меншікті капиталдың жалпы көлеміндегі инвестицияланған меншікті капиталдың үлес салмағы (инвестицияланған капиталдың меншікті капиталдың орташа жылдық шамасына қатынасы).

Ұйымның таза пайдасы маңызды көрсеткіш ретінде пайдаға салықты шегергеннен кейінгі табыстар мен шығындар арасындағы айырманы білдіреді. Оның есебінен резервтер құрылады, дивидендтер төленеді және басқа да мақсаттарда аударымдар жүргізіледі [127].

Таза пайда коэффициенті жалпы пайдадағы таза пайданың үлесін сипаттайды. Жинақталған меншікті капитал айналымдылығының коэффициенті жинақталған меншікті капиталдың қолданылу жиілігін (айналым жылдамдығы) көрсетеді.

Банк табыстылығын ұлғайтудың резерві ретінде активтер пайдалылығының дәрежесін арттыру қолданылады. Аталған көрсеткіш активті операциялардың рентабельділігін сипаттайды және активтердің 1 теңгесіне келетін пайда көлемін бағалайды [20, с. 330].

Меншікті капитал құрылымының коэффициенті жинақталған және инвестицияланған меншікті капитал қатынасын сипаттайды. Меншікті капиталдың жалпы көлеміндегі инвестицияланған меншікті капиталдың үлес салмағы капиталдың құрылымын сипаттайды, яғни жалпы меншікті капиталдағы инвестицияланған капиталдың үлесін көрсетеді.

«Еуразиялық банк» АҚ 2014-2015 жылдардағы қаржылық есептіліктілігінің ақпараттық мәліметтері бойынша ұсынылатын модель

арқылы меншікті капитал қолданылуына әсер ететін факторларды талдау жүргізілді. Дюпон моделіндегі меншікті капитал рентабельділігіне факторлар әсері индекстік әдіспен анықталды. Ұсынылған модельде меншікті капитал рентабельділігіне әсер ететін факторлардың сандық әсерін бағалау үшін тізбекті әдіс қолданылды. Аталған факторлар ықпалын талдау үшін қолданылған көрсеткіштер жиынтығы келесі 21-кестеде берілген.

Кесте 21 – «Еуразиялық банк» АҚ негізгі қаржылық көрсеткіштері (мың теңге)

Көрсеткіш	2014 ж.	2015 ж.
1. Активтер	835 968 000	1038700000
2. Салық салуға дейінгі пайда	14609549	4997981
3. Таза пайда	11015000	3548000
4. Инвестицияланған меншікті капитал	30110207	36110211
5. Жинақталған меншікті капитал	68263000	77702000
Ескерту – «Еуразиялық банк» АҚ жылдық есептері мәліметтері бойынша [124]		

Банкте меншікті капитал қолданылуына әсер ететін факторларды талдау жүргізудің нәтижелері 22-кестеде берілген. Кестедегі мәліметтерден «Еуразиялық банк» АҚ-да меншікті капитал рентабельділігінің көрсеткіші соңғы екі жыл ішінде өзгеріп отырғанын көруге болады. 2014 жылы банктің меншікті капиталының рентабельділігі 16,1 % болса, 2015 жылы 4,6%-ке төмендеп кеткен, яғни меншікті капитал рентабельділігінің төмендеу тренді орындалған.

Кесте 22 – «Еуразиялық банк» АҚ-да меншікті капиталды қолдану факторларын талдау

Меншікті капитал өзгерістеріне әсер ететін фактор	Көрсеткіштер мәні		Абсолютті ауытқуы, пункт	Фактордың әсер ету шамасы, %
	2014 ж.	2015 ж.		
Таза пайда коэффициенті	0,7539	0,7098	- 0,0441	-0,95
Активтер рентабельділігі	0,0175	0,0048	-0,0127	-11,04
Жинақталған меншікті капитал айналымдылығы	12,2463	13,3677	1,1214	0,38
Меншікті капитал құрылымының коэффициенті	2,2671	2,1518	-0,1153	-0,23
Акционерлік капиталдың меншікті капиталдағы үлесі	0,4411	0,4647	0,0236	0,23
Меншікті капиталдың рентабельділігі, %	16,14	4,57	- 11,57	- 11,60
Ескерту – автормен мәліметтер негізінде құрастырылған [72]				

Кесте мәліметтерінен банктің қаржылық көрсеткіштерінің өсу тенденциясын байқауға болады. Алайда, өткен жылмен салыстырғанда 2015 жылы банктің салық салуға дейінгі пайдасы 9611568 мың теңгеге, ал таза пайдасы 7467000 теңгеге

азайған.

Меншікті капиталды факторлық талдау нәтижесі бойынша капитал рентабельділігіне кері әсерін тигізген негізгі факторлар: активтер рентабельділігі және таза пайда коэффициенті.

Сонымен қатар, жинақталған меншікті капитал айналымдылығының банктің меншікті капиталының рентабельділігіне теріс ықпалын айта кетуге болады.

Қарастырып отырған факторлардың әсерінен меншікті капитал рентабельділігі жалпы алғанда 11,60 проценттік пунктке азайды. Оның ішінде таза пайда коэффициентінің әсерінен -0,95%-ке кеміді. Ал активтер рентабельділігінің өзгеруіне байланысты -11,04% төмендеді. Меншікті капиталдың рентабельділігі екі факторға байланысты өсті: жинақталған меншікті капитал айналымдылығының өзгеруіне (өсуіне) байланысты 0,38%-ке және акционерлік капиталдың меншікті капиталдағы үлесі бойынша 0,23%-ке.

Демек, біздің ойымызша, меншікті капиталдың рентабельділігін арттыру үшін келесі шаралар қолдану қажет:

- активтер рентабельділігін жоғарылату;
- меншікті капитал құрылымының оңтайландыру, яғни жалпы меншікті капиталдағы жинақталған меншікті капиталдың үлесін арттыру;
- жинақталған және инвестицияланған капиталдардың өзара қатынасының үйлесімділігін қамтамасыз ету.

Зерттеу жұмысында «Еуразиялық банк» АҚ мәліметтері бойынша меншікті капитал элементтеріне статистикалық талдау мен болжау жасалынды. 23-кестедегі мәліметтер 2014 жылмен салыстырғандағы «Еуразиялық банк» акционерлік қоғамының негізгі капитал құрылымындағы 2015 жылы орын алған өзгерістерді көрсетеді: мәсіметтерді көрсету валютасына ауыстыру бойынша жинақталған резерв үлесі 3,74 проценттік пунктке, бөлінбеген пайда үлесі 1,69 проценттік пунктке жоғарылаған, өзге көрсеткіштер үлесінің азайғанын көруге болады (кесте 23):

Кесте 23 – «Еуразиялық банк» АҚ қаржылық жағдайы жайлы шоғырландырылған есебі бойынша меншікті капитал құрамы (мың теңге)

КАПИТАЛ	2015ж	%-пен	2014ж	%-пен
Акционерлік капитал	36 110 211	45,66	30 110 207	45,15
Эмиссиялық табыс	25 632	0,03	25 632	0,04
Жалпы банктік тәуекелдер бойынша резерв	8 234 923	10,41	8 234 923	12,35
Динамикалық резерв	7 594 546	9,6	6 733 233	10,10
Қолда бар сатуға арналған қаржы активтерін қайта бағалау резерві	(183 462)	- 0,23	(74 143)	-0,11
Мәліметтерді көрсету валютасына ауыстыру бойынша жинақталған резерв	330 636	0,42	(2 213 707)	-3,32
Бөлінбеген пайда	26 979 226	34,11	23 871 887	35,80
Барлық капитал	79 091 712	100,00	66 688 032	100
Ескерту – «Еуразиялық банк» АҚ жылдық есептері мәліметтері бойынша [124]				

«Еуразиялық банк» АҚ-дағы негізгі капитал бөліктерінің өзгерістерін талдау арқылы болжам жасау мақсатында алмасу матрицасын қолдандық [128].

Бастапқы жиынтық және қорытынды мәліметтер негізінде алмасу матрицасы құрылады.

Алмасу матрицасы әдісінің алгоритмі бойынша келесі қадамдар жасалады:

1. Банктің негізгі капиталы құрылымының бастапқы (2014жыл) және соңғы (2015жыл) мәліметтеріне сәйкес алмасу матрицасын құруға қажетті S^0 және S^1 арқылы осы жылдардағы меншікті капитал құрылымын белгілейміз.

$$\sum_{i=1}^m S_i^0 = \sum_{i=1}^m S_i^1 = 100\%. \quad (10)$$

2. Негізгі кестеге көмекші кесте арқылы оның басты диагоналінің элементтерін келесідей есептейміз:

$$P'_{ii} = \min\{S_i^0, S_i^1\}, i = 1, \dots, m. \quad (11)$$

3. Алғашқы құрылымның қолданылмаған элементтерінің айырмасы есептеледі (кестенің бір жолының екіншісінен айырмашылығын анықтау)

$$\Delta_i = S_i^0 - P'_{ii} \quad (12)$$

4. Соңғы құрылым элементтерінің бағаналар бойынша айырмашылықтарын келесі формула арқылы анықталады:

$$\varepsilon_j = S_j^1 - P'_{jj}, j = 1, \dots, m. \quad (13)$$

5. Құрылымның кесте жолдары бойынша қолданылмаған бөлігі (Δ) бағаналар (ε) бойынша пропорционалды бөлінеді.

$$P'_{ij} = \Delta_i \frac{\varepsilon_j}{\sum \varepsilon_j}, i, j = 1, \dots, m. \quad (14)$$

6. Ендігі кезекте алмасу матрицасының элементтерін есептейміз:

$$P_{ij} = \frac{P'_{ij}}{S_i^0} \quad (15)$$

7. Болжамды құрылымды келесі формула арқылы анықтаймыз:

$$S_{t+1} = S_t \cdot P \quad (16)$$

Жоғарыда келтірілген алгоритм бойынша жүргізілген есептеулер нәтижесінде «Еуразиялық банк» АҚ-дағы меншікті капитал құрылымының 2016 жылға болжамы анықталды. Болжам көрсеткіштері 24 - кестеде берілген.


Кесте 24 –«Еуразиялық банк» АҚ-дағы меншікті капитал құрылымы

Көрсеткіштер	2014	2015	2016
Меншікті капитал	100	100	100
1. Акционерлік капитал	45,15	45,66	45,661
2. Эмиссиялық табыс	0,04	0,03	0,03
3. Жалпы банктік тәуекелдер бойынша резерв	12,35	10,41	10,41
4. Динамикалық резерв	10,10	9,6	9,6
5. Қолда бар сатуға арналған қаржы активтерін қайта бағалау резерві	-0,11	- 0,23	-0,308
6. Мәліметтерді көрсету валютасына ауыстыру бойынша жинақталған резерв	-3,32	0,42	3,429
7. Бөлінбеген пайда	35,80	34,11	34,11
Ескерту – автормен мәліметтер негізінде жасақталған [72]			

Болжам нәтижелері бойынша «Еуразиялық банк» АҚ-дағы меншікті капитал құрылымында 2016 жылы келесідей өзгеріс болуы мүмкін: Акционерлік капитал, Эмиссиялық табыс, Жалпы банктік тәуекелдер бойынша резерв, Динамикалық резерв, Бөлінбеген пайда үлестерінде айтарлықтай өзгеріс бола қоймайды, ал Қолда бар сатуға арналған қаржы активтерін қайта бағалау резервінің үлесі - 0,23%-тен (2015ж.) -0,308%-ке дейін (2016ж.), Мәліметтерді көрсету валютасына ауыстыру бойынша жинақталған резерв үлесі +0,42%-тен (2015ж.) +3,429%-ке дейін (2016ж.) – өзгеруі мүмкін.

Банктің меншікті капиталы мен активтерінің өзгеру тенденциясын анықтап, болжам жасау динамикалық қатарларды талдау әдістері арқылы жүргізілді. Есептеулер Excel және Statex қолданбалы пакеттері арқылы жүзеге асырылды.

«Еуразиялық банк» АҚ активтері мен меншікті капиталының динамикасын талдау және болжау нәтижесінде келесі қорытындылар жасалды: банк активтері мен меншікті капиталы 2009-2016 жылдар аралығында монотонды өскенін байқалады. Монотонды өсу тенденциясын бірнеше тренд түрі теңдеуімен сипаттауға болады. Олардың негізгілері: түзу, парабола, гипербола, экспоненциалдық тренд. Банк мәліметтері бойынша тренд теңдеулері анықталды (сурет 7,8):



Сурет 7 – «Еуразиялық банк» АҚ меншікті капиталының тренд теңдеулері

Ескерту – «Еуразиялық банк» АҚ жылдық есептері негізінде автормен жасақталған


Банктің меншікті капиталы бойынша тренд теңдеулері төмендегідей болады:

- Түзу: $y = 44598,5 + 1060,7 \cdot t$ (17)

- Парабола: $y = 40829,8 + 1060,7 \cdot t + 14,4 \cdot t^2$ (18)

- Гипербола: $y = 38787 - 14323/t$; (19)

- Экспоненциалдық: $y = 41049,71 + 1,05^t$ (20)



Сурет 8 – «Еуразиялық банк» АҚ активтерінің тренд теңдеулері

Ескерту – «Еуразиялық банк» АҚ жылдық есептері негізінде автормен жасакталған

Банктің активтері бойынша тренд теңдеулері төмендегідей болады:

$$\text{Түзу: } y = 515584,9 + 11570,4 \cdot t; \quad (21)$$

$$\text{Парабола: } y = 436538,6 + 11570,4 \cdot t + 302,9 \cdot t^2; \quad (22)$$

$$\text{Гипербола } y = 434563 - 113743/t; \quad (23)$$

$$\text{Экспоненциялдық: } y = 481239,76 + 1,04^t \quad (24)$$

Аталған көрсеткіштердің динамикасындағы тенденцияларды белгілейтін тренд түрлерін анықтау үшін тренд пен тербелістің шамаларын анықтадық (кесте 25).

Кесте 25 – Трендтің тербеліс көрсеткіштері

Көрсеткіштер	$y_t=a+b*t$	$y_t= a+b*t+ct^2$	$y_t=a+b/t$	$y_t=a*k^t$
Орташа квадраттық қате	81484,0	33269,7	228676,3	58715,8
Еркіндік дәрежесі	28-2-1=25	28-3-1=24	28-2-1=25	28-2-1=25
F ретіндегі критерий F есептелген	11,00	42,90	11,40	48,10
F теориялық	4,00	3,20	4,00	4,00
Автокорреляциялық коэффициент	0,8	0,1	0,87	0,54
Ауытқу амплитудасы R	304417	154720	693242	241793
Орташа сызықтық ауытқу a(t)	62001	21817	151081	42592
Орташа стандарттық ауытқу s(t)	79902	32598	224236	57576
Тербеліс коэффициенті	15	6	42	11
Ескерту - автормен мәліметтер негізінде құрастырылған [72]				

Тренд көрсеткіштері талдаудың қорытындысы ретінде парабола теңдеуі алынды. Парабола теңдеуінің F-критерийге байланысты маңыздылық деңгейі $\alpha= 0,05$, еркіндік дәрежесі $\nu = 25$ болса, онда $F_{есеп} > F_{теор}$. Демек, қатар деңгейлерінің трендпен салыстырғандағы кездейсоқ ықтималдылығы жоғары болады.

Барлық трендтердің, мысалы түзу, парабола, гиперболола, экспоненциалдық тербелістерінің көрсеткіштерін салыстырғанда парабола бойынша мәндері ең төмен болып шықты. Тренд параметрлері маңыздылығын анықтау үшін Стьюденттің t-критерий кестесі қолданылды. Сонда есептелген критерийдің мәні теориялық критерий мәнінен жоғары болып шықты, яғни келесідей: есептелген t-критерий (8,5) > кестедегі t-критерий (2,0). Осыған байланысты трендтің есептелген параметрлері маңызды деп қорытынды жасауға болады.

Ендігі кезекте болжам жасауға орташа стандарттық қатені $m_u=676,5$ деп аламыз. Болжам ықтималдылығының мәнін 0,95 деп алғанда, қатенің шекті мәні 1353,04 болып шықты.

Еуразиялық банк» АҚ меншікті капиталы және активтерін болжамдау нәтижесінде анықталған мәндері 26-кестемен беріледі.

Кесте 26 – Еуразиялық банк» АҚ активтері мен меншікті капиталының 2016 жылдағы екінші, үшінші, төртінші тоқсандар басына жасалған болжамы

Көрсеткіштер	Мерзімдер	Тренд	min	max
1	2	3	4	5
Активтер, млн теңге	1 сәуір 2016	1026784,190	1000945,469	1052622,911
	1 шілде 2016	1086268,062	1059058,859	1113477,264
	1 қазан 2016	1148174,808	1119576,055	1176773,561
Меншікті капитал, млн теңге	1 сәуір 2016	83732,743	80861,240	86604,246
	1 шілде 2016	87586,817	84563,010	90610,625
	1 қазан 2016	91556,408	88378,177	94734,638

26 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
Меншікті капиталдың активтерге қатынасы, %	1 сәуір 2016	8,155	8,078	8,227
	1 шілде 2016	8,063	7,985	8,138
	1 қазан 2016	7,974	7,894	8,050
Ескерту – автормен мәліметтер негізінде құрастырылған [72]				

Есептеу нәтижелері бойынша меншікті капиталдың активтерге қатынасы 8%-дан төмен емес. Алынған болжау мәліметтерінің ҚР ҰБ ресми сайтындағы статистикалық мәліметтерге жақын болғаны анықталды. Сондықтан, ұсынылған модельді банктің меншікті капиталы мен активтерін болжауға қолдануға болады.

Зерттеудегі құрылған модель нәтижесінде банктің меншікті капиталының рентабельділігі активтер рентабельділігі мен таза пайда коэффициентіне байланысты болатыны белгілі болды. Банктің меншікті капитал рентабельділігіне жинақталған меншікті капитал айналымдылығының кері әсері айқындалды.

Демек, активтерді қолдану тиімділігі жоғарылағанда банктің табысының да жоғарылауы – банктік тәжірибеде ескерілетін негізгі мәселелердің бірі болып табылады.

3.3 Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің меншікті капиталының бухгалтерлік есебі мен бақылауының даму перспективалары, олардың банктік тәуекелдердің салдарын төмендетуге әсері

Әлемдік экономиканың жаһандану үдерісі нарықтың барлық бөліктері жайлы толық шынайы ақпарат қажеттілігін туғызды. Бұл талап барлық ұйымдар қаржылық есептілік қалыптастыру үшін бірінғай ережелер қолданса ғана орындалатыны сөзсіз. ҚЕХС-ның талаптарына сай құрастырылған есептілікті қолданатын елдердегі қолданушыларға бірдей түсінікті, сонымен қатар бұндай есептілік салыстырмалы болып келеді, яғни әлеуетті акционерге компания акцияларын сатып алу, өз ақшалай құралдарын инвестициялау және т.б. шешімдерін қабылдауын жеңілдетеді.

Шаруашылық жүргізуші субъектілер арасындағы отандық экономиканың интенсификациялануы, капитал және шаруашылық қызметтің интернационализациялануы негізінде экономикалық қатынастардың дамуы бизнесте жаңа ұйымдастыру құрылымдарының және бәсекелік қабілеттілікті сақтап, қызмет тиімділігін жоғарылату мақсатында компанияларды басқарудың жетілдірілген әдістерінің қалыптасуына ықпал етті. Көптеген отандық кәсіпорындардың қазіргі қаржылық жағдайы шет елдегі дамыған корпоративті желісімен сипатталады. Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес есептілікті құрастыру отандық компанияларға шетелдік инвесторлардың қызығушылығын арттырады және шоғырландырылған есептілік құрастыруды

жеңілдетіп, стандарттандырады.

Алайда, әлемдік экономикадағы көптеген өзгерістерге байланысты «Базель I» стандарттарының банктік жүйелерді басқаруға, әлемдік және ұлттық қаржы жүйелерінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндіктері күрт төмендеді. Себебі банктік бизнес жүргізу тәжірибесінде көптеген өзгерістер орын алды, әсіресе банктік тәуекелдер сипатында. Екінші деңгейдегі банктер қаржылық құралдардың дәстүрлі емес жаңа түрлерін кең қолдана бастады. Қаржылық қызметтің әр түрлі салаларындағы қаржылық тәуекелдер деңгейі өсе түсті [129].

Халықаралық қаржылық есептіліктің келесідей негізгі қағидаттары бар:

- 1) есептеу қағидаты (accrual basis);
- 2) қызметтің үздіксіздігі (going concern);
- 3) қырағылық (prudence);
- 4) ақпараттың орынды болуы (relevance) және т.б.

Айта кететін бір ерекшелік – халықаралық қаржылық стандарттар қатаң міндетті заң немесе құқық ретінде емес, ұсыныс ретінде талап етіледі.

Сонымен, қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарының міндеттерін келесідей көрсетуге болады:

- сыртқы қолданушыларға ақпараттың пайдалылығын қамтамасыз ететін есеп пен есептілік стандарттар жүйесін қалыптастыру;
- отандық бухгалтерлік есеп стандарттарын халықаралық деңгейде үйлестірудің негізгі тенденцияларымен байланыстыру;
- шаруашылық субъектілерге бухгалтерлік есеп жүйелерін түсінуге және енгізуге әдіснамалық көмек көрсету.

Халықаралық стандарттар бухгалтерлік баланс, табыстар мен шығыстар жайлы есеп, ақшалай құралдардың қозғалысы жайлы, капиталдағы өзгерістер жайлы есеп және түсіндірмелерден тұратын қаржылық есептілік дайындауға қолданылады [130].

9-шы қаржылық есептіліктің халықаралық стандартына (IFRS 9) амортизациялық немесе әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелерді тану және бағалау бойынша өзгерістер енгізілді. Бұл өзгерістер пайда немесе залалдар құрамында көрсетіледі [131].

Халықаралық қаржылық есептілік стандарттар әдістемелігінің басты бөлігі терминология (латын тілінен «Terminus-шек, шекара») құрайды және бұл стандартты қолданушы есеп берер кезіндегі қызметін жеңілдетіп, әрі түсінікті болу үшін стандарттың мазмұнын ашады. Олардың белгіленуі тәжірибелік қызметте стандарттардың қолдануын жеңілдетеді [43, б. 28].

Халықаралық қаржылық есептіліктің 39-стандартының (IAS 39) мақсаты – қаржылық активтерді, қаржылық міндеттемелерді және қаржылық емес баптарды сатып алу және сату бойынша кейбір келісімдерді тану және бағалау қағидаларын бекіту [132].

Аталған қаржылық құралдар эмитенттің, сонымен қатар инвестордың қаржылық есептілігінде толық ашылып көрсетілуі керек [133].

Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары бойынша Кеңесі (International Accounting Standards Board – IASB) қаржылық құралдар есебін жетілдірудің маңызды бухгалтерлік реформасын 2008 жылдағы әлемдік

дағдарыстан кейін аяқтады. Жаңа ережелер банктік тәжірибедегі «проблемалық» активтер залалдарын кешіктіріп мойындау салдарынан болған дағдарыс жағдайларының қайталанбауын болдырмау мақсатында бекітілді.

Аталған реформаның нәтижелері ретінде 2009 жылдың қарашасында қаржылық құралдарды есептеудің «Қаржы құралдары» деп аталатын Халықаралық Қаржылық Есептіліктің жаңа 9-шы Стандартының (IFRS 9) бірінші бөлімі басылымға шығарылды. Бұл стандарт Халықаралық Қаржылық Есептіліктің 39-шы (IAS 39) «Қаржы құралдары: тану және бағалау» стандартының орнына қолданылады деп жоспарланған.

Жаңадан қалыптасатын 9-шы ХҚЕС-ң (IFRS 9) мақсаты - ұйымның ақша айналымының сомасы, уақыт мерзімі және болашақ қаржы айналымының өзгергіштігін бағалау үшін қаржылық есептілікті пайдаланушыларға маңызды және пайдалы ақпаратты ұсынатын *қаржы активтерін* қаржылық есептілігінің қағидаттарын қалыптастыру болып табылады.

Сонымен қатар ұйымдар 9-шы ҚЕХС 39-шы «Қаржы құралдары: тану және бағалау» ХҚЕС-ты (IAS 39) аясындағы барлық активтерге қатысты қолдануы тиіс [134].

2014 жылдың 24 шілдесінде «Қаржы құралдары» 9-шы ХҚЕС-ның (IFRS 9) толық аяқталған соңғы нұсқасы басылымға шығарылды. Сонымен, 2018 жылдан бастап халықаралық қаржылық есептілік стандарттары бойынша есеп беретін екінші деңгейдегі банктер қаржылық активтердің құнсыздануының жаңа моделі – күтілетін жоғалтулар моделіне (expected loss model) көшеді. Олар несиелердің балансқа қойылған күнінен бастап, несиелік жағдай болмай жатып, күтілетін жоғалтуларды көрсетуге міндетті. Жоғалтулар бойынша резервтер де активтің қолдану уақытына толық қалыптастырылады. Жаңа талаптар активтердің құнсыздалуының өте кеш мойындалу қауіпінен қорғайды. Бұл инвесторларды тарту үшін де өте маңызды.

Қаржылық инновациялар зеттеу орталығы «Centre for the Study of Financial Innovation» (CSFI) және «PricewaterhouseCoopers» компаниясы (PwC) бірігіп әлемдегі екінші деңгейдегі банктердің тәуекелдердің қандай түрлеріне бейім екендігін анықтау үшін зерттеулер жүргізгенде келесі деректер анықталды. Барлығы 58 елдің 700 жауаптары бойынша 2012 жылы банктік тәуекелдердің ішінде несиелік тәуекелдер екінші орында болатындығы анықталды [135].

Жаңадан қабылданған 9-стандартты халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын қолданатын, соның ішінде Еуропалық Кеңес елдерінің жариялы компанияларының барлығы қолдануға міндетті. Ал Америка Құрама Штаттарында сол елде бекітілген арнайы US GAAP стандарттары қолданылады.

9-шы ҚЕХС еңгізілуіне байланысты ұйымдарға көптеген қосымша міндеттер жүктеледі. Бұл міндеттер тек қана құнсыздану есебі, пайдалар мен зияндар есебіне әсер етумен шектелмейді. Аталған міндеттердің ұйымның акционерлік құнына ықпалын тигізетін жанама факторларды толық қамтып, қызметінің барлық салаларына әсер ететіні айтылады (сурет 9).



Сурет 9 – Стандартты енгізудің жалпы корпоративті әсері

Ескерту – www.deloitte.kz [136] әдебиет көзінен алынған

Халықаралық қаржылық есептіліктің стандарттары реформасының жаңа шарттары нәтижесінде, яғни «Қаржы құралдары» 9-шы ХҚЕС-ның (IFRS 9) талаптары бойынша несиелер залалдарының орнын толтырудың банктік резервтерінің орта шамамен 50%-ке өсетінін Англия мен Уэльстің бухгалтерлер Институты (ICAEW) бағалаған болатын.

Қабылданатын ережелердің негізгі мәні – екінші деңгейдегі банктердің күтілетін несиелік залалдарын ертерек кезеңдерде мойындауы. Соңғы уақыттағы Deloitte компаниясының сауалнамасына сәйкес банк қарыздары бойынша жоғалтулардың орнын жабу резервтері 50%-ке өсетіндігі айтылады. Бұл дегеніміз, екінші деңгейдегі банктер реттеу талаптарына сай келу үшін оларға 2018 жылдан бастап қосымша капитал қажеттілігі міндетті шарттардың бірі болады деген сөз.

Осының салдарынан екінші деңгейдегі банктердің меншікті капиталының көлемі азайтып, тіпті теріс мәнді, яғни «минус» таңбалы капиталға әкелуі мүмкін.

Аталған ХҚЕС 9-стандарының ерекшелігі – кәсіпорынның қаржылық активтерін жіктеу, бағалау, құнсыздандыру және хеджирлеу есебінің жаңа қағидаттары бойынша қайта қарастырылған нұсқауларын анықтайды.

Нақтылап айтатын болсақ, халықаралық қаржылық есептіліктің 9-шы стандарты (IFRS 9) қаржылық активтерді, соның ішінде кейбір қоспалы келісімдерді жіктеудің және бағалаудың келесі тәртібін бекітеді:

1) барлық қаржылық активтерді кәсіпорынның қаржылық активтерін басқаруға қолданылатын бизнес үлгісі және келісімде бекітілген ақшалай қаражаттар ағындарымен байланысты қаржылық активтер сипаттамалары негізінде жіктеу (сыныптау) керек;

2) барлық активтер бастапқы танылғанда (мойындалғанда) әділ құны бойынша бағаланады, сонымен қатар жасалған мәмілелер шығындары болған жағдайда олар да қосылады (пайда немесе залал арқылы әділ құнымен бағаланатын қаржылық активтерден тыс);

3) барлық қаржылық активтерді соңында әділ құны немесе амортизациялық құны бойынша бағалау керек;

4) қаржылық міндеттемелер есебі өзгеріссіз бұрынғы 39-шы халықаралық қаржылық (IAS 39) стандартындағыдай жүргізіледі, бірақ несиелік тәуекел құны бойынша түзетулер басқа жиынтық табыс (OCI) арқылы көрсетіледі.

Банкпен шығарылған қаржы құралы капитал ретінде жіктеледі, егер ол банк активтерінен міндеттемелерін шегергендегі құнның қалдық үлесіне ие болатын болса [137].

Қаржылық активтің немесе қаржылық міндеттемесінің амортизацияланған құны ретінде қаржылық активі және қаржылық міндеттеме бастапқы танылу кезінде «оң» не «теріс» жинақталған амортизациялық негізгі сома шегеріліп немесе қосылып, пайыздық тиімді мөлшерлеме әдісін қолдану арқылы есептеледі, бастапқы құн және өтелу кезіндегі айырма, құнсыздандуды не болмаса үмітсіз берешектерді ішінаралық есептен шығаруға қолданылады (тікелей шотты, резервтік шотты пайдалану арқылы жүреді) [138].

Халықаралық қаржылық есептіліктің 39-шы және 9-шы стандарттарын

салыстыру арқылы олардың негізгі шарттарындағы айырмашылықтарын анықтауға болады (кесте 27):

Кесте 27 - ХҚЕС 39-шы «Қаржылық құралдары: мойындау және бағалау» (IAS 39) және 9-шы «Қаржы құралдары» (IFRS 9) стандарттары шарттарын салыстыру

Негізгі көрсеткіштері	Айырмашылықтары	
	39-шы ҚЕХС	9-шы ҚЕХС
1	2	3
1. Провизиялар портфелі	1. Ағымды портфель IBNR (Incurent not defolted lost) – дефолттық емес қарыздар бойынша құрылатын провизиялар 2. NPL портфелі CR exposure – Exp (DCF) провизиялар қарыз және дисконтталған ақшалай ағындар арасындағы айырманы жабу керек	1. Non Defaulted портфелі 12 month losses - қарыз берілген уақыттан бастап 12 ай ішіндегі күтілетін ақшалай жоғалтулар немесе ағымды мерзімге провизиялар құру (қарыздың бастапқы бағалануында) 2. Defaulted портфелі CR exposure – Exp (DCF) провизиялар қарыз және дисконтталған ақшалай ағындар арасындағы айырманы жабу керек
2. Қаржылық активтерді сыныптау	Тәжірибеде күрделі және қиын болып есептелетін ережелер негізінде жүргізіледі	Ақшалай ағындар сипаттамасында және активті басқарудың бизнес- моделіне негізделеді
3. Қаржылық активті бағалау тәсілдері	«өтелу мерзіміне дейін ұсталынатын», «алынатын займдар мен сомалар», «қолдағы сатуға арналған»	амортизациялық немесе әділ құны бағаланатын
4. Кейбір бағамы белгіленбеген үлестік құралдар және сәйкесті деривативтерді бағалау	Өзіндік құны бойынша	Әділ құны бойынша
5. Қолда бар сатуға арналған үлестік құралдардың құнсыздану залалдары, егер олардың әділ құны өссе	қате жазулар алып тасталынбайды, яғни қызылмен жазылмайды	қате жазулар алып тасталынады, яғни алып тасталынады
6. Қаржылық активтердің құнсыздануы	Күтілетін жоғалтулар несиелік жағдай болған жағдайда көрсету	Күтілетін жоғалтулар несиелік баланса қойылған күннен бастап көрсетілуі тиіс
7. Банктік несиелер жоғалтулары бойынша құрылатын резервтер		Жаңа талаптар бойынша несиелер залалдарының орнын толтырудың банктік резервтері орта шамамен 50%-ке өседі
Ескерту – [138] және [134] негізінде автормен жасалған		

Халықаралық қаржылық есептіліктің 39-шы «Қаржы құралдары: тану және бағалау» (IAS 39) және 9-шы «Қаржы құралдары» (IFRS 9) стандарттарының шарттарын салыстыру арқылы келесі қорытындылар жасауға болады:

- Халықаралық қаржылық есептіліктің 39-шы «Қаржы құралдары: тану және бағалау» (IAS 39) стандартында активтер құнсыздану алғышарттарын орындайтын және орындамайтын болып бөлінеді;

- Халықаралық қаржылық есептіліктің 9-шы «Қаржы құралдары» (IFRS 9) стандартында активтер дефолтты және дефолтсыз. Дефолт түсінігі 39-шы «Қаржы құралдары: тану және бағалау» (IAS 39) стандартында қабылданған құнсыздану қарыздың дефолтқа шығуына әсер еткен алғышарттарынан өзгеше;

- жоғалтулар көзқарасынан IFRS 9 стандартының моделі IAS 39 стандартынан айырмашылығы көп емес. Негізгі өзгеріс – жоғалтуларды мойындау мерзімінде:

а) IFRS 9 жоғалтуларды активтің бастапқы танылуында мойындайды;

б) IAS 39 жоғалтуларды актив дефолтқа шыққанда мойындайды, яғни IFRS 9 стандарты моделінде жоғалтулар ертерек мойындалады және IBNR деңгейі де IAS 39 стандартында қабылданған деңгейден жоғары болуы ықтималды;

- IFRS 9 стандартына сәйкес қарыз бойынша резервтер құру қарыздың берілу мерзімінен бастап көрсетілетін күтілген жоғалтуларға байланысты болады, яғни IAS 39 стандартындағыдан өзгеше қарыз нашарлауының объективті алғышарттары орындалуын күтілмейді (кесте 28);

- провизиялар деңгейі көбінесе несие тәуекеліне байланысты болады, себебі қарыз құнсыздану алғышарттарын орындамаған жағдайда да, қарыздың статусы несиелік тәуекелдердің жалпы деңгейі бойынша анықталады.

Кесте 28 – ХҚЕС 39-шы «Қаржы құралдары: тану және бағалау» (IAS 39) және 9-шы «Қаржы құралдары» (IFRS 9) стандарттары бойынша қарыз берілу кезіндегі провизиялар деңгейіне әсерін талдау

Тәуекелі төмен қарыз Несиелеу шарттары : Сомасы – 1,000 млн. теңге Өтелу мерзімі – 12 ай PD – 0,1% (дефолттың тәуекелі төмен, жақсы несиелік рейтинг) LGD – 10% (жақсы кепіл) IBNR – 0,32%	Тәуекелі жоғары қарыз Несиелеу шарттары : Сомасы – 1,000 млн. теңге Өтелу мерзімі – 12 ай PD – 3% (дефолттың тәуекелі жоғары, төмен несиелік рейтинг) LGD – 100% (кепілсіз немесе кепіл қамтамасыздығы әлсіз) IBNR – 0,32%
IAS 39 Провизиялар – 3,2 млн. теңге	IAS 39 Провизиялар – 3, 2млн. теңге
IFRS 9 Қарыз берілу кезінде EL ₁₂ – 0,01% Провизиялар – 0,1млн. теңге	IFRS 9 EL – 3% Провизиялар – 30 млн. теңге
Ескерту–[134,138] бойынша автормен құрастырылды - http://online.zakon.kz	

Сонымен, IAS 39 стандартына сәйкес құнсыздану алғышарттары болмағанда төмен және жоғары тәуекелді активтер бойынша резервтер бір деңгейде болады (0,32% немесе 3, 2млн. теңге). Бұл жердегі айта кететін жайт – жоғары тәуекелді активтер құнсыздануы мүмкін және провизиялар уақыт өте жылдам көбейеді, ал тәуекелі төмен қарыздар өтелу мерзіміне дейін бастапқы деңгейде қала береді. Осының салдарынан жақсы қарыз алушылар бойынша провизиялар деңгейі жоғары және тәуекелді қарыздар бойынша керісінше, провизиялар деңгейі төмен жағдайға соқтығамыз.


Жаңа IFRS 9 стандартын қолданғанда тәуекелі төмен қарыздар үшін құрылатын резервтер минималды, бірақ тәуекелі жоғары қарыз алушылар бойынша жоғары деңгейдегі провизиялардың қарыз беру кезіндегі қаржылық нәтижеге ықпалы қарыздар бойынша теріс мәндегі табыстылық қалыптастырады. Бұндай жағдай банк тиімді проценттік ставка бойынша проценттік табыс алғанша сақталады. Мысалы, EL-3% болғандағы тиімді 12%-тік ставкамен берілген жоғары тәуекелді қарыз бойынша банк зиянсыздық нүктесіне қарыз берілгеннен кейінгі бірінші тоқсанның яғында ғана жетеді (айына 1%-пен).

Жоғарыда айтылғандардан екінші деңгейдегі банктер өз клиенттеріне қаржылық нәтиже көзқарасынан тәуекелді және қамтамасыз етілмеген қарыздарды қосымша табыс көздерінсіз беруі қиындықтармен байланысты болып келетінін тұжырымдауға болады.

Осындай көзқарасты бөлшек несиелерді беруде де қолдану керек. Бұнда несиелік рейтинг рөлін дефолттың күтілетін ықтималдылығы атқарады (PD), ал LGD өтелу және кепіл болуына байланысты болады.

Қаржылық дағдарыс кезінде несиелер (басқа да қаржылық құралдар бойынша) бойынша жоғалтулардың кейінге қалдырылып мойындалуы бухгалтерлік есептің қолданыстағы стандарттарының кемшіліктеріне байланысты болған. Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары бойынша Кеңесі 9-шы ҚЕХС (IFRS 9) шегінде күтілетін (әлі болмаған) құнсызданудың жаңа үлгісін ұсынды. Осы үлгі екінші деңгейдегі банктерге несиелер бойынша күтілетін жоғалтуларды дер кезінде мойындап, тануға ықпал ету керек. Жаңа стандарт кәсіпорындардан қаржы құралдарын бастапқы тану сәтінен күтілетін несиелік жоғалтуларды есептеуді талап етеді. Кейінгі уақытта да тұрақты негізде жоғалтуларды есептеу талап етіледі (сурет 10).

Осы саладағы мамандардың айтуынша халықаралық қаржылық есептіліктің 9-шы «Қаржы құралдары» (IFRS 9) стандартымен еңгізілетін реформалардың есептіліктегі қаржылық құралдарды ұсыну әдістемелігін жақсартудағы маңызы зор. Сонымен қатар, аталған стандарт қаржылық тұрақтылық Кеңесінің (Financial Stability Board) және басқа да ұйымдардың несиелер мен қарыздар бойынша мүмкін болатын жоғалтуларының орнын толтыру резервтерін құру талаптарына сәйкес келеді.



Сурет 10 – Несиелік тәуекелдің өзгеруіне байланысты қаржылық құралды құнсыздандыру есебінің тәртібі

Ескерту – www.deloitte.kz [136] әдебиет көзінен алынған

ҚЕХС 9 (IFRS 9) стандартына көшу резервтердің көбеюіне байланысты банк секторының қаржылық тұрақтылығының жоғарылауына әкеледі.

Сонымен қатар қаржылық ұйымдар бірнеше қиындықтарды басынан кешеді. Мәліметтердің ірі базалары негізінде іріленген есептеулер үшін жүйелер құру, ЕДБ ұйымдастыру құрылымының өзгеруі және резервтердің көбеюі банктердің негізгі нәтижелік көрсеткіштеріне кері әсер етеді. Осының салдарынан көптеген ЕДБ бизнес-модельдерінің табыстылығы төмендеп, зияндары көбейіп банкрот болу ықтималдылығы жоғарылайды.

Екінші деңгейдегі банктердің қаржы құралдарының сапасы төмен болуына байланысты құрылатын резервтер банктің табыстылығын төмендетеді. Бұның салдары ретінде банктің меншікті капиталының көлемі күрт төмендеп, тіпті теріс мәнді болып қалуы да мүмкін. Банктің қаржылық жағдай нашарлап, қызмет етуіне қауіп төнеді.

Халықаралық стандарттардың енгізілуі бухгалтерлік баланстарды қайта құрылымдау, тиімсіз капиталды шегеру және активтерді азайту есебінен өтімділікті жоғарылатуға байланысты ЕДБ табыстарының төмендеуіне ықпал етеді. Сонымен қатар, мамандардың айтуынша, банктік қызметтер құны жоғарылап және несиелеу көлемдері де төмендейді, себебі қаржылындыру талаптары да бірнеше есе көбейеді.

Осылардың барлығы банк жүйесінің қаржылық нәтижелерінің және экономикалық өсу қарқынының төмендеуіне, сонымен қатар капитал мен өтімділікке қойылатын қатаң талаптарға байланысты банктер санының да азаюына әсер етеді [139].

XX-ғасырдың 70-80-шы жылдары көптеген екінші деңгейдегі банктердің банкроттылығы банктік қадағалаудың Базель комитетінің несиелік тәуекелдерді шектеу бойынша ұсыныстарын дайындауға негізгі себептердің бірі болды.

Халықаралық тәжірибе көрсетіп отырғандай банктік жүйе тұрақтылығын қамтамасыз етудің негізгі құралы ретінде реттеу органдарымен екінші деңгейдегі банктерден кенеттен болатын шығындардың орнын жабуға арналған резервтерді құру талаптары жатады. Банк капиталының тәуекел есептелгендегі деңгейін тұрақты түрде талдап тұру тәуекелді басқару үдерісінің негізгі элементі болып табылады. Капитал жеткіліктілігінің нормативын орындау талаптарын ұлттық реттеу органдарының тәжірибесіне енгізу ең алғашқы рет банктік қызметті қадағалаудың Базель комитетімен жүзеге асырылды. Банктік қызметтің интернационалдық сипаты ұлттық қадағалау органдарының бірігіп, банктік қадағалаудың халықаралық жүйесін құрудың қажеттілігін туғызды. Базель комитетімен барлық елдерде пруденциалдық банктік қадағалауды күшейту мүмкіндіктері көптеген жылдар бойы зерттеліп жатқан мәселердің бірі.

Банктік қызметті қадағалаудың Базель комитетінің халықаралық стандарттары бірнеше шарттардан тұрады. Осы шарттардың банктермен орындалуы олардың тұрақты қызмет етуінің кепілі және халықаралық қадағалау органдары тарапынынан банктердің қызметтерін тексеруге мүмкіндік береді.

Банк қызметін қадағалаудың Базель комитетінің келісімінің шарттары бойынша екінші деңгейдегі банктер капиталдың нормативті көлемін есептеу үшін келесі 29-кестедегі көзқарастарды қолдана алады.

Кесте 29 – Екінші деңгейдегі банктер капиталының нормативті көлемін есептеу әдістері

Нормативті капитал есептеу әдісі	Әдістің мазмұны
1	2
Стандартталған көзқарас	Екінші деңгейдегі банктер реттеу органымен бекітілген тәуекелдердің салмақталған коэффициенттерін қолдануға міндетті, сондықтан 9-шы ҚЕХС (IFRS 9) талаптарына сәйкес келетін мәліметтерді алу үшін реттеу есептерін шектеулі дәрежеде ғана қолдана алады
Негізгі (базалық) көзқарас IRB (FIRB)	Екінші деңгейдегі банктер PD бағалау үшін ішкі модельдерді қолданады, реттеу органы LGD және EAD параметрлерін бекітеді. Мүмкін банктер реттеуші PD бағалау үшін қолданылатын деректер мен жүйелермен қолдана алатын шығар. Бухгалтерлік есеп мақсаттары үшін түзетулер есебінен 9-шы ҚЕХС (IFRS 9) талаптарына сәйкес келтіру үшін
Ілгеріленген көзқарас IRB (AIRB)	Екінші деңгейдегі банктерге капитал көлеміне реттеу талаптарын сақтау мақсатында PD, LGD және EAD параметрлерін есептеу үшін өздерінің модельдерін қолдануға рұқсат беріледі. Аталған банктердің 9-шы ҚЕХС (IFRS 9) талаптарына сәйкес күтілетін несиелік зияндарды есептеуге арналған ішкі модельдер және жүйелерді, өздеріндегі мәліметтерді қолданудағы еріктері шектелмейді. Алайда, қосымша көптеген түзетулер талап етіледі.
Ескерту– «Қаржы құралдары» стандарты бойынша автормен жасалған [134]	

Жаңа келісімдегі стандартталған көзқарастың кейінгі нұсқасы несиелік тәуекелдерді ірі танымал рейтингтік агенттіктермен, орталық банктермен берілетін сыртқы рейтингтер арқылы жіктеуге негізделген. Банктер активтерді оларға берілген рейтингтерге сәйкес топтар немесе категорияларға бөледі.

Несиелік тәуекелдерді төмендету мақсатында жаңа келісімде несиелерді қамсыздандыру ретінде кепілдер мен бағалы қағаздарды кеңінен қолдануға рұқсат беріледі. Атап айтқанда, қолма-қол ақша қаражаттары, мемлекеттік бағалы қағаздармен қатар ВВ-; ВВВ- және одан жоғары рейтингтегі қор биржаларында тіркелген бағалы қағаздар, сонымен қатар алтынды қолдануға болады.

Біздің ойымызша, стандартталған көзқарастың кемшіліктеріне әр түрлі жергілікті рейтингтік агенттіктермен бекітілетін сыртқы рейтингтердің сәйкессіздіктерін жатқызуға болады. Кейбір елдердің рейтингтік агенттіктері жергілікті үкімет органдарының бағалы қағаздарына ең жоғарғы ААА рейтингін белгілейді. Ал халықаралық рейтингтік агенттіктер бұл заемдарына А немесе ВВВ рейтингін береді.

Сондықтан көптеген мамандардың айтуынша бұл көзқарас несиелік тәуекелдерді дұрыс анықтай алмайды, себебі рейтингтік агенттіктердің банктерге қарағанда қарыз алушылардың төлем қабілеттілігі жайлы ақпаратпен қамтамасыз етілуі төмен. Стандартталған көзқарастың тағы да бір аталатын кемшілігі – көптеген елдерде рейтинг санаулы компанияларға ғана беріледі, сондықтан осы елдердің заемдары «рейтингсіз» банктік активтер болып қалады және капитал жеткіліктігінің нормативі олардан 8% деңгейінде талап етіледі. Осыған байланысты мамандар тәуекелдерді бағалап, қажетті капитал көлемін есептеуді банктердің өздеріне ұсынады, яғни арнайы стандарттар мен процедуралар негізінде банктер қарыз алушыларға рейтингтерді өздері бекітеді.

Ішкі рейтингтерге негізделген көзқарастың негізгі нұсқасын қолданғанда екінші деңгейдегі банктер инвестициялық портфельдің әр бөлімі бойынша дефолт ықтималдылығына сәйкес тәуекелдер жіктеуін жүргізеді.

Банктің инвестициялық портфелінің құрамы келесі бөлімдерден тұрады:

- үкіметке және жергілікті үкімет органдарына берілетін несиелер мен заемдар;
- екінші деңгейдегі банктер мен инвестициялық компанияларға берілетін несиелер;
- сауда және өнеркәсіпке берілетін несиелер;
- жеке тұлғаларға берілетін несиелер;
- жобалық қаржыландыру;
- секьюритизацияланған активтер;
- акциялар.

Егер екінші деңгейдегі банктердің тәуекелдерді бағалау жүйелері қадағалау органдарының талаптарына сәйкес келетін болса, онда банктер дефолт жағдайының шығындарын өз беттерінше анықтай алады. Банктік тәжірибеде ол ішкі рейтингтерге негізделген көзқарастың екінші нұсқасы, яғни прогрессивті әдіс деп аталады. Екінші деңгейдегі банктердің капитал жеткіліктілігін есептегенде ішкі рейтингтерге негізделген көзқарастың негізгі нұсқасын қолданған дұрыс деп есептейміз.

Банктің қарыз алушылардың банкроттылық ықтималдылығын бағалау жүйесі (үш жылдан кем емес уақытта қолданылған) ұлттық қадағалау органымен дұрыс деп табылатын болса, онда банкке өз ішкі рейтингтерін дефолт болу ықтималдылығының дәрежесіне сәйкес тәуекелдер бойынша несиелерді жіктеуге қолдануға рұқсат беріледі (probability-of-default bands). Банк орналастырылған активтердің әр категориясы бойынша капитал жеткіліктілігін анықтау үшін қажетті тәуекел аралықтарының (зоны риска) санын бекітуге құқылы.

Меншікті капитал жеткіліктілігінің нормативы ішкі рейтингтерге негізделген көзқарасқа сәйкес есептелгенде дефолт нәтижесінде болатын шығындар факторы (Loss-given-default factor, LGD faktor) ескеріледі. Бұл фактор тәуекел көлеміне және несиелер камтамасыздығының түріне байланысты қарыз алушының қаржылық жағдайын жақсарту ықтималдылығын

қарастырады. Кепіл затпен қамтамасыз етілмеген несиелік тәуекелдер бойынша LGD факторы (дефолт нәтижесінде болатын шығындар факторы) 50% көлемінде бекітіледі.

Жаңа келісімде несиелердің, кепілдердің, деривативті құралдарды қамсыздандырудың әр түрлерін қолдану мүмкіндіктерін жіктеуге, сипаттауға және бағалауға маңызды назар аударылған. Олар бір жағынан банктің балансының орындалуы үшін, ал екінші жағынан – активтерді секьюритизациялау операцияларын жүргізу үшін қолданылады. Бұның негізгі мақсаты – несиелік тәуекелдерді бағалау жүйесін нарықтық тәжірибеге мейлінше жақындату. Жаңа келісім жоғары тәуекелді секьюритизацияланған несиелерге сәйкес капитал жеткіліктілігін есептеудің маңыздылығын көрсетеді. Банктік тәуекелдерді бағалау механизміндегі негізгі өзгеріс – операциялық тәуекелдерді арнайы категорияға жатқызу және капиталдың минималды талаптарының есебіне олардың жалпы сомасының 20% көлемінде тәуекелдер жиынтығына қосу. Осындай мақсатта операциялық тәуекелдерді бағалау (ақпараттық технологиялар жүйелеріндегі ақаулар немесе алаяқтықпен байланысты шығындар) барлық екінші деңгейдегі банктермен үш түрлі көзқарастар негізінде жүргізілуі керек.

Базалық индикатор негізіндегі бірінші жай көзқарас операциялық тәуекелдер бойынша капитал жеткіліктілігіне талаптарды банк капиталының жалпы сомасының 20% көлемінде бекітеді.

Стандартталған екінші көзқарас банктік қызметтің әр түріне байланысты тәуекелдердің дифференциацияланған индикаторларын бекітеді. Банктік қызметтің бағыттарына сәйкес капитал жеткіліктілігінің талабы тәуекел индикаторының жалпы сала бойынша аталған қызмет бағытының тәуекелділігін бағалау негізінде Комитетпен бекітілетін проценттік үлесін құрайды. Банктер үшін операциялық тәуекелдер бойынша капитал жеткіліктілігі талаптарының жалпы көлемі банктік қызметтің барлық бағыттарындағы тәуекелдерді ескеретін агрегатталған жиынтық көрсеткіш болып табылады.

Үшінші көзқарасқа сәйкес екінші деңгейдегі банктер тәуекелдердің әр түрі бойынша (алаяқтық, құқықтық тәуекелдер, операциялық жүйелер жұмысындағы ақаулар және т.б.) операциялық тәуекелдердің күтілетін шығындарын қадағалау органымен дайындалған әдістемелікті қолдану арқылы ішкі мәліметтер негізінде бағалайды. Бұл әдісті қолдану операциялық тәуекелдерді басқару және мәліметтерді жинақтау әдістемелігінің жүйелері реттеу органдарының талаптарына сай келетін банктерге рұқсат етіледі. Біздің ойымызша, отандық екінші деңгейдегі банктерге болашақ тәжірибелерінде операциялық тәуекелдерді бағалаудың күрделірек және сенімді әдістерін қолданған тиімді.

Аталған келісімнің екінші компоненті банктік қадағалау мәселелерін қарастырады. «Базель 2» банктік қадағалаудың төрт негізгі қағидаларын бекітеді:

- 1) екінші деңгейдегі банктердің ерекше тәуекелдеріне байланысты

капитал жеткіліктілігін бағалау процедуралары болу керек;

2) қадағалау органдары банктің капитал жеткіліктілігін бағалау үшін қажетті ішкі мүмкіндіктерін бағалау керек және олар қанағаттанарлықсыз болған жағдайда сәйкес шаралар қабылдау керек;

3) қадағалау органдары банктерді капиталдың ең төменгі міндетті деңгейден артық қалыптастыруға ынталандыру қажет. Себебі несиелік, нарықтық және операциялық тәуекелдер есептелгенде күтілмеген төтенше жағдайларға қажетті капитал көлемі ескерілмейді. Сондықтан реттеу органдары банк капиталына қосымша талаптар қоюға құқылы;

4) қадағалау органдары бастапқы кезеңдерде шаралар қолдану арқылы капиталдың ең төменгі деңгейден азайын кетпеуін қамтамасыз ету керек.

Бұндағы негізгі мәселе – банкке жүктелетін тәуекелдер мен меншікті капитал көлемінің сәйкес келуін қамтамасыз ету. Егер қадағалау органдары банк капиталын жеткіліктісіз деп табатын болса, онда банктерден капитал көлемін жоғарылатуды талап етеді.

«Базель II» реттеу органдарымен қадағалау мәселелеріне бірнеше өзгерістер енгізді. Капитал жеткіліктілігін бағалау мен бақылау банктердің өздеріне жүктелген. Қадағалау органдары банкте тәуекелдерді бағалаудың ішкі жүйелері қаншалықты тиімді ұйымдастырылғанын бақылайды.

Аталған бағыт келесі қағидаларға негізделген:

– банктік операциялардың тәуекелділігіне байланысты банктердің қолында капитал жеткіліктілігін бағалаудың жетілдірілген әдісінің болуы талап етіледі; резервтік капитал есептелмейтін салалар бойынша тәуекелдердің шоғырлануын тұрақты қадағалап тұру қажеттілігі талап етіледі;

– аталған үдеріс бекітілген критерийлерге сәйкес келмейтін аспектілер бойынша шаралар қолдануға құзыретті қадағалау органдарымен бағаланып тұрады;

– екінші деңгейдегі банктер операцияларды жүргізу барысында қолданатын капиталдарының көлемі резервтік капитал көлемінен төмен болмау керек;

– қадағалау органдарына банк операцияларының тәуекелдігіне қажетті капитал деңгейі төмендеген жағдайдың бастапқы кезеңдерінде шаралар қолдану міндеттері жүктеледі [140].

Сонымен екінші компоненттің қағидалары келесі мақсаттарды көздейді: екінші деңгейдегі банктерді барлық жиынтық тәуекелдерді басқару және бақылау техникасын дамытуға ынталандыру; қадағалау органдарына қажет болған жағдайларда кейбір банктерге меншікті капитал жеткіліктілігінің сандық және сапалық критерийлеріне байланысты бекітілген деңгейден жоғарылатуға немесе тәуекелдерін қысқартуды ұсыну.

«Базель 2» құжатының үшінші компоненті банктік ақпараттың ашықтығына, қол жетімдігіне ауқымды талаптар тізімін бекітеді. Банктік тәртіп пен тәуекелдерді жан-жақты басқаруға көп мән беріледі. Екінші деңгейдегі банктер өздерінің тәуекелдері, капиталы, тәуекелдерді басқару қағидалары мен процедуралары жайлы толық ақпаратты басылымға шығарып отыруға міндетті.

Сонымен қатар банктерге қосымша: әр портфель бойынша ішкі рейтингтер мен процедуралар жүйесін; несиелер бойынша шығындар жайлы тарихи мәліметтерді; тәуекелдер құнын есептеудің сандық көрсеткіштерін көрсету талаптары қойылады.

Капитал жеткіліктілігінің деңгейін анықтаудың кешендік механизмінің үшінші компоненті екінші деңгейдегі банктердің қадағалау органдарына тәуекелдер мен капитал құрылымы жайлы толық ақпарат беру арқылы нарықтық тәртіп тиімділігін жоғарылатуды қарастырады. Сонымен қатар несиелік және операцияндық тәуекелдерді бағалауға өздерінің ішкі көзқарастарын қолданатын банктер осы әдістемеліктер жайлы толық ақпаратты ашып көрсетулері керек.

Банктермен берілетін ақпарат келесі негізгі объектілер бойынша жіктеледі:

1. Ақпарат банктік топтардың құрамындағы барлық құрылымдар бойынша берілуге тиіс, яғни банктік консолидация үдерісін қамтиды.

2. Банк тәуекелдерінің құрылымы мен оларды бағалау әдістері жайлы ақпарат келесі параметрлер бойынша ашылу керек: а) несиелік тәуекел бойынша — тәуекелдердің мерзімдері бойынша бөлінуі, бұрын берілген несиелер бойынша төлемдер сомалары; б) нарықтық тәуекел бойынша — инвестициялық портфельдің тәуекелге бейім құрамдас бөліктерінің құны; банкте қолданылатын барлық ішкі әдістер мен бағалау және есептеу әдістемеліктері жайлы ақпарат; в) операцияндық тәуекел бойынша — әр түрлі операцияндық жүйелер қызметіндегі ақаулардың салдарынан болған шығындардың көлемі; г) проценттік тәуекел бойынша — капитал құнының проценттік ставкалардың динамикасының кенеттен өзгерулеріне байланысты өсуі немесе төмендеуі жайлы мәліметтері.

3. Банк капиталының құрылымындағы өзгерістер жайлы ақпарат; атап айтқанда, капиталдың жаңа қаржылық құралдарын қолданумен байланысты банктің реттеуіш капиталының құрамдас бөліктері жайлы мәліметтер.

4. Капитал жеткіліктілігі жайлы ақпарат; яғни несиелік, нарықтық және операцияндық тәуекелді жабуға талап етілетін капитал көлемі, сонымен қоса капиталға проценттік қатынастағы талаптар сомасының банк капиталының жалпы көлеміне қатынасы.

5. «Базель II» келісімінің негізгі маңызды артықшылықтарына екінші деңгейдегі банктердің активтер тәуекелдерін ішкі бағалау жүйесін қолдану тәжірибесін кеңейту ұсыныстары жатады. Ұтымды қолданылған жағдайда бұл көзқарас талап етілетін капиталдың ең төменгі нақты деңгейін банктің жеке ерекшеліктеріне сәйкес дұрыс анықтаудың әдісі болып табылатындығы анық. Банктік тәуекелдерді стандартты бағалау жүйесі бұндай ерекшеліктерді ескере алмайды. Сонымен қатар сыртқы несиелік рейтингтерді кеңінен қолдану ұсыныстарының да артықшылықтары бар. Базель комитетінің бұл баяндамасы екінші деңгейдегі банктер қызметтерін пруденциалдық қадағалау мәселелеріндегі жаңа әдіс-тәсілдер болып табылды.

Жүргізілген зерттеулер келесі қорытындылар жасауға мүкіндік береді.

Банктік қадағалаудың Базель комитетімен дамыған елдердегі банктік тәжірибе негізінде дайындалған әдістемеліктері мен ұсыныстарының отандық екінші деңгейдегі банктерді қаржылық тәуекелдерден қорғауға және жалпы банк жүйесінің тұрақтылығын нығайтуда маңызы зор деп айтуға болады. Әйтсе де, пруденциалдық бақылау саласындағы несиелік және инвестициялық портфельдерді ішкі банктік талдауды жетілдіруге, сонымен қатар әр банктің балансының ерекше құрылымын көрсетуге мүмкіндіктер беретін банктердің жеке әдістемеліктерін қолдануға бағытталған жалпы әлемдік тенденцияны ескерген жөн деп санаймыз.

Отандық бухгалтерлік заңнамаларда меншікті капитал жайлы ақпарат бойынша қаржылық есептілік құрудың белгілі әдістемелігі қалыптастырылған. Алайда, жүргізілген зерттеулер екінші деңгейдегі банктердің бухгалтерлік (қаржылық) есептілігінде капитал элементтерінің құрамы мен жылжуы жайлы ақпаратты қалыптастыру және көрсетудің ережелерін жетілдіру қажеттілігін көрсетіп отыр. Жекелеп айтатын болсақ, банктің резервтік капиталы және бөлінбеген пайдасын көрсетумен байланысты мәселелер.

Қолданыстағы нормативті актілермен ұсынылатын бухгалтерлік баланс үлгілері бухгалтерлік (қаржылық) есептілік қолданушыларына берілетін ақпарат сапасын жоғарылату мақсатында жақсартуды талап етеді.

Банктің меншікті капиталы жайлы ақпарат міндетті түрде бухгалтерлік есептілікте көрсетіледі. Ол есептілік қолданушыларының банктің қаржылық жағдайы туралы пікірлерін қалыптастыруға ықпал етеді. Қазіргі кезде банктің меншікті капиталы мен резервтеріне байланысты қалыптасатын бухгалтерлік (қаржылық) есептіліктің толықтығы, шынайылығы – көкейтесті мәселелердің бірі болып табылады.

Меншікті капитал жайлы деректер бухгалтерлік баланстың үшінші бөлімінде және капитал өзгерістері жайлы есепте беріледі.

Банктік тәжірибеде ҚР ҰБ Басқармасының 08.05.15ж. «Қазақстан Республикасының ЕДБ есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаттарын бекіту туралы» №76 Қаулысымен бекітілген бухгалтерлік (қаржылық) есептілік формалары қолданылады. Сыртқы қолданушыларға аталған формалар таңдаған банктері жайлы ақпараттың бірден-бір көзі болғандықтан, оларды екінші деңгейдегі банктердің қаржылық жағдайы және қызметінің тиімділігі жайлы ақпаратпен қамтамасыз ету қажет.

Бухгалтерлік баланстың үшінші бөлімінде меншікті капиталдың келесі элементтері көрсетіледі: жарғылық капитал, қосымша капитал, резервтік капитал және бөлінбеген пайда (өтелмеген залал).

Жарғылық капитал банктің құрылтайлық құжаттарында тіркелген көлемде көрсетіледі. Бұл жерде қатысушылардың ағымды мерзімде өз салымдарын толық толегендігі маңызды емес. Жарғылық капитал толық төленбеген жағдайда да, бухгалтерлік есептілік қолданушылар жарғылық капиталдың нақты көлемін көре алмайды. Себебі құрылтайшылардың жарғылық капиталға қарыздары бухгалтерлік баланстың «айналым

активтері» бөлімінде көрсетіледі. Құрылтайшылардың бұндай қарызы бөлек өз бетінше көрсетілмейді.

Сондықтан баланс пассивінің құрамына қосымша «Құрылтайшылардың жарғылық капиталға салымдары бойынша қарыздары» деген қосымша бап еңгізіп, бухгалтерлік баланс бөлімінде «минус» таңбасымен «Жарғылық капитал» бабынан кейін көрсетілгені жөн деп санаймыз.

Сонымен осындай әрекеттер нәтижесінде банктің меншікті капиталының көлемі *таза активтер* сомасына жақындайды, заңға сәйкес таза активтерді есептегенде құрылтайшылардың жарғылық капиталға салымдары шегерілетіне бізге белгілі.

Сонымен қатар «Құрылтайшылардың жарғылық капиталға салымдары бойынша қарыздары» атты арнайы бабы бухгалтерлік (қаржылық) есептілікті қолданушыларға акционерлермен төленбеген үлес жайлы қорытынды жасап, банктің қаржылық жағдайын талдауда ескеруге мүмкіндік береді. Қазақстанның Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылдың 8-ші мамырындағы №76 Қаулысына сәйкес баланстың бұрынғы формасын қаржылық талдауда қолданғанда бұл мүмкін болмайды.

Қосымша еңгізілген бап банктің есептілігінде жарияланған, сонымен қатар нақты салынған (төленген) капитал көлемін көрсетуге мүмкіндік береді, яғни бухгалтерлік (қаржылық) есептіліктегі ақпараттың толық ұсынылуын (ашылуын) жақсарту талаптары орындалалады.

Қолданыстағы бухгалтерлік құжаттар формаларына сәйкес «Жарғылық капитал» бабынан кейін бөлек жолмен баланс пассивінде акционерлерден сатып алынған жарғылық капиталдан шегерілетін банктің меншікті акцияларының құны көрсетіледі. Меншікті акциялар қайта сатылу, жойылу үшін кері сатып алынады, осының нәтижесінде банктің жарғылық капитал көлемі азайтылады.

Бухгалтерлік (қаржылық) есептілікте резервтік капитал бір жолмен беріледі. Бұндай әдіс екінші деңгейдегі банктердегі резервтік капитал қалыптастыру бойынша ақпаратты толық көрсетпейді. Сол себептен екінші деңгейдегі банктердің бухгалтерлік баланстарында көрсетілген ақпарат негізінде дұрыс шешімдер қабылдану үшін резервтік капиталды екі бапқа бөліп жазған жөн деп санаймыз, яғни келесідей:

- 1) «заңға сәйкес құрылған резервтік капитал»;
- 2) «құрылтайлық құжаттарға сәйкес құрылған резервтік капитал».

Банктің резервтік капиталын осындай баптарға бөлу балансты талдау деңгейін жоғарылатып, резервтік капитал қаражаттарының жылжуын бақылауды күшейте түсетіні сөзсіз болады.

Банктің бөлінбеген пайдасы да (жабылмаған залалы) бухгалтерлік баланста бір жолмен көрсетіледі. Ағымды жылдың соңындағы бөлінбеген пайда көрсеткіші «Бөлінбеген пайдасы (жабылмаған залал)» шотында

қалдық ретінде көрсетіледі. Бұл банктің қаржылық нәтижесінің толық сипаттамасын анықтауға мүмкіндік бермейді. Бөлінбеген пайда (жабылмаған залал) бір жолмен ғана көрсетілгенде оны қолданушылар қаржылық нәтижені толық анықтай алмайды, ал банк ағымды жылдағы залалды өткен жылдардағы бөлінбеген пайда есебінен жасырып қоюы мүмкін. Банк иелері де бөлінбеген пайда көрсеткіштерінің бухгалтерлік баланста толық көрсетілмеуіне байланысты залалды басқа қаражаттар есебінен жабу шешімдерін қабылдай алмайды. Сондықтан қаржылық нәтижелер бойынша ақпаратты толық көру үшін есептілікті қолданушылар бухгалтерлік есептіліктің басқа формаларын, мысалы, қаржылық нәтижелер және капитал өзгерістері жайлы есептерді де қолдануға мәжбүр болады.

Бухгалтерлік баланстың қолданыстағы формалары ағымды жылдың төленген дивидендтері жайлы инвесторлар үшін өте маңызды болып табылатын ақпаратты көрсетпейді. Осындай қателіктерді жою үшін баланстағы «Бөлінбеген пайда (жабылмаған залал)» бап келесі төрт бапқа бөлініп көрсетілген дұрыс:

- «өткен жылдардағы бөлінбеген пайда (жабылмаған залал)»;
- «ағымды жылдағы бөлінбеген пайда (жабылмаған залал)»;
- «ағымды жылдың пайдасынынан төленген дивидендтер»;
- «жарғылық капиталды көбейтуге жіберілген таза пайда».

Соңғы екі баптар «минус» таңбасымен «ағымды жылдағы бөлінбеген пайда (жабылмаған залал)» бабына контрпассивті болып табылады.

Банктің бөлінбеген пайдасы (жабылмаған залалы) осылай бөлу арқылы банк иелерін ағымды жылдың залалдарын жабу үшін меншікті қаражаттарды қолдануға дұрыс шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін ақпаратпен қамтамасыз етуге болады.

Жоғарыда айтылғандар негізінде бухгалтерлік баланстағы меншікті капитал баптары объективтілік және ашықтық талаптары бойынша түзетулерді талап ететіні анықталды. Екінші деңгейдегі банктердің бухгалтерлік баланстарындағы меншікті капитал элементтерінің объективті көрсетілуі бухгалтерлік ақпаратты қолданушылар үшін маңызды. Бухгалтерлік баланстың аталған түзетулерден кейінгі капитал жайлы бөлімі 30 - кестеде беріледі.

Кесте 30 – Банк балансында меншікті капитал жайлы ақпаратты көрсету

Нормативті актілерге сәйкес бухгалтерлік баланстың капитал жайлы бөлімінің құрылымы	Бухгалтерлік баланстың капитал жайлы бөлімінің автормен дайындалған құрылымы
1	2
Жарғылық капитал	Жарғылық капитал
Акционерлерден сатып алынған меншікті акциялар (-)	Құрылтайшылардың жарғылық капиталға салымдары бойынша қарыздары (-)

30-кестенің жалғасы

1	2
Айналыстан тыс активтерді қайта бағалау	Акционерлерден сатып алынған меншікті акциялар (-)
Қосымша капитал (қайта бағалаусыз)	Айналыстан тыс активтерді қайта бағалау
Резервтік капитал	Резервтік капитал, соның ішінде: Заңға сәйкес құрылған резервтік капитал; Құрылтайлық құжаттарға сәйкес құрылған резервтік капитал
Бөлінбеген пайда (жабылмаған залал)	Бөлінбеген пайда (жабылмаған залал), соның ішінде: – өткен жылдардағы бөлінбеген пайда (жабылмаған залал) – ағымды жылдағы бөлінбеген пайда (жабылмаған залал) – ағымды жылдың пайдасынынан төленген дивидендтер (-) – жарғылық капиталды көбейтуге жіберілген таза пайда (-)
Ескерту - нормативті құжаттар негізінде автормен дайындалды [75,89]	

Бухгалтерлік баланстың берілген формасын талдау арқылы келесілерді анықтауға болады :

- жарғылық капиталдың құрылтайшылармен толық төленгені;
- құрылған резервтік капиталдың заңға сәйкестігі;
- ағымды жылдағы банктің қаржылық нәтижесінің көлемі және оның дивидендтер төлеуге кеткен көлемі.

Осындай өзгерістерден кейін банктің бухгалтерлік (қаржылық) есептілігі объективті және қолданушыларға ағымды мерзімдегі банктің нақты қаржылық жағдайын анықтауға толық мүмкіндік береді. Есептілік жүргізу формаларының ақпараттылығын жоғарылату арқылы ұтымды шешімдер қабылдауға қажетті ақпараттың сапасын жоғарылату қамтамасыз етілді, яғни отандық есептілік құру ережелерінің қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары талаптарына жақындату мақсаты біртіндеп орындалуда деп айтуға болады.

Үшінші бөлім бойынша тұжырым

Банктің ішкі аудиті қаржылық бақылаудың негізгі қызметтері ретінде уақытылы түрде қаржылық ақпараттың шынайылығын, толықтығын, дұрыстығын, нақтылығын айқындап, отандық екінші деңгейдегі банктер операцияларының Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес орындалу деңгейін тәуелсіз бақылау арқылы қамтамасыз етеді деп қорытындыға болады.

Банктің меншікті капиталының аудиті оның жалпы мүлкін қалыптастырудың негізгі көздерінің бірі болып табылатындықтан қаржылық есептілік аудитінде маңызды орын алады.

Үшінші бөлімде банктің меншікті капиталын аудиторлық тексерудің кеңейтілген әдістемелігі ұсынылды.

Банктің меншікті капиталын аудиторлық тексерудің аталған кеңейтілген әдістемелігі арқылы банктің жарғылық капиталы мен резервтік капиталының және банктің бөлінбеген таза пайдасының (жабылмаған зиянының) қойылатын талаптарға сай қалыптастырылуы мен қолданылуын тексеруге болады деп санаймыз.

Меншікті капиталды талдауға дәстүрлі көзқарастарды зерттеу арқылы келесі қорытынды жасалды: екінші деңгейдегі банктердің қаржылық жағдайын талдаудың негізгі бағыты – меншікті капиталдың қалыптасуы мен қолдануын талдау. Банктің меншікті капиталының қызмет ету үдерісінің көрсеткіштерін талдау нәтижелері бойынша банктің қаржылық стратегиясы және саясатын жүзеге асыру тиімділігі бағаланады, сонымен қатар оны жетілдірудің негізгі жолдары анықталады.

Зерттеу нәтижелерінде автормен математикалық-статистикалық әдістермен меншікті капиталдың құрылымын талдау арқылы өзгерістеріне болжау жасау моделі дайындалды. Дайындалған авторлық модель екінші деңгейдегі банктердің меншікті капиталының табыстылығы қаншалықты және қандай факторлар ықпалынан өзгерістерге бейім болатынын көрсетеді. Сонымен қатар модель осы өзгерістерді болжауға мүмкіндік береді. Демек, екінші деңгейдегі банктердің қаржылық көрсеткіштерін жақсарту мақсатында қолдануға болады.

ЕДБ меншікі капиталының бухгалтерлік есебі мен бақылауын жетілдіру мақсатында негізгі мәселелердің бірі – жаңа стандартқа көшу нормативті капитал коэффициенттеріне қалай әсер ететінін анықтау. ҚЕХС (IFRS) 9 стандартын қолдану отандық ЕДБ үшін көптеген мүмкіндіктердің кеңеюіне әкелуі сөзсіз. Несиелік тәуекелдердің алдын алу және т.б. Бірақ теріс жақтары ретінде тәуекелдерді төмендету мақсатында құрылған резервтер банктің табыстылығына кері әсерін тигізеді деп күтілуде. Мамандардың айтуынша резервтер 50%-ке дейін өседі. Аталған стандартпен қызмет ететін банктердің табысы болмайды, қаражаттардың басым көпшілігі провизияларды кетеді. Сондықтан банктің баланстық капиталы өспейді, ал реттеуіш капиталы тіпті «теріс» мәнді болып шығуы мүмкін. Себебі капитал есептеуде провизиялар капиталдан шегеріледі.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жүргізілген диссертациялық зерттеу екінші деңгейдегі банктерде меншікті капитал есебі мен бақылауының теориялық-әдістемелік және тәжірибелік мәселелерінің есептік-талдау мәні маңызды екенін көрсетті. Осы мәселелердің шешілуі меншікті капиталды тиімді басқарудың алғышарттары болып табылады.

Диссертациялық зерттеуде қойылған міндеттер негізінде автормен келесі ғылыми қорытындылар мен әдістемелік ұсыныстар жасалды.

1. Зерттеулер барысында автор классикалық және арнайы әдебиеттердегі «капитал» категориясының мәніне ғылыми көзқарастарды зерттеп, жүйеледі (құқықтық, экономикалық, есептік-баланстық). Нәтижесінде бухгалтерлік есеп теориясы мен әдіснамасын жетілдіруде есептік-баланстық көзқарастың басымдылығы анықталды. «Капитал», «меншікті капитал», «жиынтық табыс», «таза активтер» категорияларын салыстыру негізінде аталған терминді бухгалтерлік есеп және есептілік жүйесінің түсініктеріне еңгізу қажеттілігі айқындалды.

